2023 – 2024 оқу жылындағы №3 Хромтау орта мектебінің *«Ынтымақ»* қоғамдастығының жетекшісі Коптенова Нұрсұлу Мұхтарқызының *жылдық* бойынша жүргізілген Lesson Study жұмыстардың рефлексивтік есебі

I жарты жылдықтағы есебі

Lesson Study — мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл болып табылады.
Мектебіміздегі Lesson study - дің мақсаты – оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлау және іске асыру. Lesson study –де топ жетекшілері өз тобының мүшелеріне бойынша зерттеу сабағын бірлесіп жоспарлау, бақылау, талқылау, сауалнама алу, сұхбаттасу, есеп жазып, мониторинг жұмыстарын үйретеді және жүргізеді. Мектепте фокус топ пен Lesson study бағытындағы жұмыстар білім алушылардың білім сапасын көтеруге бағытталған.
Мектебімізде былтырғы оқу жылында төрт Lesson Study зерттеу тобы болды. 3б, 5ә, 5б, 5в сыныптары алынды. Бұл сыныптар бойынша нәтижелі, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Білім сапасы көтерілді. Дегенмен, биылғы оқу жылында осы сыныптарда қайтадан жұмыстар жүргізілуде. Өткен оқу жылының соңында білім сапасы төмендеген сыныптар анықталды. Сондықтан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша биылғы оқу жылында 3в, 4б, 5ә, 6ә,б,в және 7а,б,в сыныптары Lesson Study-де зерттеу объектісі ретінде алынды.
LESSON STUDY жұмысы бойынша тоғыз зерттеу топтары бар. *Жалпы тақырыбы:* Білім мазмұнын жаңарту жағдайында әртүрлі әдіс - тәсілдер негізінде білім алушылардың білім сапасын арттыру. Әр топтың зерттеу тақырыптары бар. Зерттеу топтары осы тақырып негізінде жұмыстанады. Зерттеу топтарына Lesson Study тәсілін жоспарлау, оқыту, қадағалау және талдау бағытында отырыстар өткізіледі. Отырыста өткізілген сауалнамалар мен сабақтарға талдау жасалады. Бақылаудағы білім алушылардың іс – әрекеттері талқыланып, келесі сабақтарға жоспарлар құрылады. Оқу мен оқыту үдерісіндегі түрлі кедергілерді саралап, толықтырып, тиімді пайдалану жолдарын анықтайды.
Мектеп психологтары оқу мотивациясының динамикасының ерекшеліктерін анықтайды. Топ жетекшілері мен мүшелері бақылаудағы оқушылардың табыс критерийлерін, зерттеу сабақтарының іс – әрекеттері мен нәтижесін талқылайды.

Топ	Зерттеу объектісі	Зерттеу тақырыбы	Зерттеу тобының жетекшісі
1	5 «ә» сыныбы	Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру	Жумабаева К.Т. III (базалық)деңгей
2	6 «ә» сыныбы	Таңдалған пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру	Мутигуллина Н.С. Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы
3	6 «б» сыныбы	Интербелсенді әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	Баймуратова Г.А. III (базалық)деңгей
4	6 «в» сыныбы	Сын тұрғысынан ойлауды үйрету арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	Кайырмагамбетова Б.М. II (негізгі) деңгей
5	7 «а» сыныбы	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы білім сапасын көтеру	Казбаева Ш.К. III (базалық)деңгей
6	7 «б» сыныбы	Оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы арттыру	Иманов Н.К. Мектептегі мұғалім көшбасшылығы
7	7 «в» сыныбы	Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	Урунбаева Л.А. III (базалық)деңгей
8	4 «б» сыныбы	Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру	Жаппакова А.Ж. III (базалық)деңгей
9	3 «в» сыныбы	Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру	Бодыкова Ж.Т. III (базалық)деңгей

Мектебімізде Lesson study- дың зерттеу тақырыбына байланысты оқыту және бақылау дағдыларын дамыту мақсатында *"Lesson study - сабақты зерттеу әдісі"* тақырыбында жоспардан тыс отырыс өткізілді. Отырыста топ жетекшілеріне Lesson study үдерісінің қадамдары, зерттеу сабақтарын жоспарлау, бақылау, сабақтан кейінгі талқылау және Lesson

study туралы есеп жазу үлгісіне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, сабақты бірлесе жоспарлау, бақылау және талқылау кестесі түсіндірілді. Lesson study -ден кейінгі талқылау критерийлерінің ерекшеліктері көрсетілді. Жақсарту кажет болган сабақтың кезеңдеріне қандай өзгерістер енгізуге болатыны талқыланды.








Бақылаушылар арасындағы талқылау, оның мақсаты сабақтан алынған
ой-пікірді талқылау, сабақты жақсарту жөніндегі жаңа идеялармен алмасу жұмыстары жүргізіледі.

- Мұғалімнің мақсатын, оқушылардың білім алу жолын түсінуге тырысу;
- Мұғалімдердің көзқарасын түзету;
- Мұғалімнің бақылау дағдысын дамыту

Сұрақтар:

- Неліктен сіз осы сабақ үшін жұмыстың осы түрін таңдадыңыз?
- Неліктен сіз бұл оқушыны шақырдыңыз?
- Неліктен сіз оқушылардың сұрақтарына жауап бермедіңіз?

Lesson Study барысында мұғалімдер:

- ❖ Мұғалімдер тобы /кем дегенде 3 мұғалімнен/ қатысады;
- ❖ Сабақ жоспарларын бірлесе құрады;
- ❖ Үш деңгейдегі оқушыларды анықтайды;
- ❖ Зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесе жүргізеді.
- ❖ Оқушылармен сұхбат жүргізеді;
- ❖ Әріптестерімен бөліседі.

«Lesson study» зерттеу сабақтарын қадағалау және жазбаларын талдау» тақырыбындағы сыныптың өзгерісін талдау жасалады.

Lesson Study туралы есеп жазуда мына жағдайлар ескерілді:

- Lesson Study үшін туралы есеп жазу маңызды шарт болып табылады
- Lesson Study туралы есеп жазу, бұл сіздің дамуыңызды көрсетеді
- Мұғалім өз рефлексиясын жазу арқылы жаңа идеяларын әзірлейді

Lesson Study үшін зерттеу тақырыбын белгілеу, барлық мұғалімдер зерттеу сабақтарын өткізетіні, жоспар құру үшін оптық отырыстар және оқу жылының соңында Lesson Study туралы есеп дайындау керектігі айтылды. Пән мұғалімінің өз зерттеу сабағына және топ жетекшісінің жалпы зерттеу сабақтарына есеп жазу үлгісі түсіндіріліп, талқыланды.
Топ мүшелері сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашық болу, бақылаулар нәтижелерін қабылдау және сәтсіздіктерді ақтауға тырыспау керектігі, сабақтан кейінгі талқылауды бірлесіп оқыту әдісі ретінде бағалау, бақылау кестесінде немесе жоспарында нақты мақсаттар мен мәселелерді белгілеу және топ жетекшісі талқылауға позитивті бағыт беріп отыруы түсіндірілді.
2023 жылдың 14 желтоқсанында өткізілген ***«Lesson study: Қазақстан педагогтерінің тәжірибесі»*** тақырыбындағы VII өңірлік конференцияда зерттеушілік тәжірибемен бөліскені үшін *Коптенова Н.М. Мутигулина Н.С. Баймуратова Г.А. Жаппакова А.Ж. Ерназарқызы Н* педагогикалық шеберлік орталығы Ақтөбе облысының филиалынан **сертификат** *және* **алғыс хат** *берілді. Олар* ***«Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 6 сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту»*** тақырыбында постер ұсынды.
Семинар – практикум: «Lesson study әдісін сабақта қолданудың тиімділігі». ***Мақсаты****:* Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарлатуда, бірлесіп оқушыларды жан — жақты зерттеу арқылы жұмыс жасайтын педагогикалық тәсіл туралы білуге, тәжірибе алмасуға бағыттау.
Күтілетін нәтиже:
-Lesson Study тәсілімен танысады;
-Lesson Study тәсілін іске асыру барысымен танысады;
-Бұл тәсілдің мұғалімдер мен оқушыларға, оқу мен оқыту сапасын көтеруге мүмкіндік беретін тиімді жақтарымен танысады;
-Lesson Study тәсілін тәжірибеге енгізеді.
Түйінді идеялар: Визуалды және ауызша түрдегі негізгі ақпарат ұстаздардың тәуелсіз ойлауына және олардың ой қорыту, өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді. Топпен болашақта оқушыларды зерттеу сабағын жүргізудегі тиімді жолдарын қарастырады.

Ресурстар: Экран (интерактивтік тақта),презентация, үлестірмелі материалдар, А4, А3 қағаздары, маркерлер, бейнекөрініс, бағдаршам, стикерлер

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study , таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Олар арқылы мектеп ішінде *«Lesson Study» тәжірибені жақсартудың демократиялық жолы болып табылады. Зерттеу жүргізетін топ. Әдетте үш мұғалімнен тұрады, бұл тәжірибесі мен білімдері бір-біріне жайлы әсер ететін фактор болып есептеледі. Себебі, топ мұғалімдері бір мектепте жұмыс істегендіктен, тәжірибені жақсарту мақсатында бірлесе жұмыс істеу үшін тартылады. Зерттеу барысында барлық топ мүшелері толық көлемде және бірдей дәрежеде үдерісте тартылады. Тек бір ғана сабақ беретіндігіне қарамастан, зерттеу үшін бүкіл топ өзіне жауапкершілік алады және оқыту мен сабаққа берілген кез келген баға жеке мұғалімге емес, тұтастай барлық топтың жұмысына қатысты беріледі.* (МАН, 96 бет 2 деңгей)

Коучинг: «Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі».

Семинардың алғашқы бөлімінде ***«Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі»*** тақырыбында *коучинг* өткізілді. Коучингті әуелі тренингтен бастадық. ***Тренинг. «Менің мінезім»*** *Мақсаты:* Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.Әр бөлікке төмендегі жануар,аң, құс аттарын жазып шығады. Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық. Соңында үйде, жұмыста, жолдастарының арасында, өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады. Шаттық шеңберінде бір-біріне тілек тілек айтылып, психологиялық ахуал тудырылды. Нәтижесінде: кез келген адам бір-біріне жақсы лебіз сөздер тілеп, жақсы көңілмен жұмыс істеуге бағытталды. *«Мозайка»* әдісі арқылы қатысушылар сурет қиындыларынан композиция құрастыру арқылы 3 топқа бөлінді. ***Қызығушылығын ояту кезеңінде «Пікірлер себеті» әдісі арқылы*** коучингтің тақырыбы ашылды.







Топ мүшелері «Lesson Study» сөзіне ассоциация құрды. «Қошемет» әдісі арқылы бағаланды. Мұғалімдерге ***«Lesson Study»*** тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді. Мұғалімдер зейін қойып тыңдады, пікір алмасты, сұрақтар қойды.«Lesson Study» дегеніміз мұғалімнің кәсіби білімдерін оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеудің педагогикалық тәсілі. «Lesson Study» - де ең бастысы сабақты зерттеу немесе сабақты зерделеу үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында ынтымақтастағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтай мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. /МАН, 96 бет 2 деңгей/ ***Мағынаны тану кезеңінде*** **мұғалімдер *«Көкейде жатқан көрікті ой...»*** айдарымен әр топқа тапсырма берілді.

1-топ: Lesson Study-дің басты мақсаты қандай? 2-топ: Lesson Study сабақта қалай жүргізіледі? 3-топ: Бірінші *Lesson Study-ді* жоспарлау және «бақылаудағы» оқушыларды анықтау. Постерді салу және қорғау барысында әр топқа постердің критериалары ұсынылды. Бақылаушы постер салғанда топтардың қатысуларын қадағалап жүрді. Мұғалімдер тапсырмаларын ынтымақтастықпен зерттеп, зерделеп берілген тапсырмаларды топтарында бірлесіп орындады. Әр топтан шығып өздерінің жобаларын қорғады. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау жүргізілді.






Lesson Study туралы есеп жазуда мына жағдайлар ескерілді:

- Lesson Study үшін туралы есеп жазу маңызды шарт болып табылады
- Lesson Study туралы есеп жазу, бұл сіздің дамуыңызды көрсетеді
- Мұғалім өз рефлексиясын жазу арқылы жаңа идеяларын әзірлейді

Lesson Study үшін зерттеу тақырыбын белгілеу, барлық мұғалімдер зерттеу сабақтарын өткізетіні, жоспар құру үшін оптық отырыстар және оқу жылының соңында Lesson Study туралы есеп дайындау керектігі айтылды. Пән мұғалімінің өз зерттеу сабағына және топ жетекшісінің жалпы зерттеу сабақтарына есеп жазу үлгісі түсіндіріліп, талқыланды.

Топ мүшелері сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашық болу, бақылаулар нәтижелерін қабылдау және сәтсіздіктерді ақтауға тырыспау керектігі, сабақтан кейінгі талқылауды бірлесіп оқыту әдісі ретінде бағалау, бақылау кестесінде немесе жоспарында нақты мақсаттар мен мәселелерді белгілеу және топ жетекшісі талқылауға позитивті бағыт беріп отыруы түсіндірілді.

Ой толғау бөлімінде мұғалімдер *«О важности единства команды»* бейнекөріністі тамашалады. LS тиімділігі туралы ақпаратты тыңдады. Кәсіби дамудың тиімді тәсілі екендігін анықтадық. Әрине, бұл үшін LS үдерісі мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құруға ықпал етуі мүмкін. Әріптестер арасында берік байланыс орната алады. LS жай ғана сабақтарды оқуға жай ғана қатысу кәсіби оқу үшін қоғамдастық құру идеясының өзін қатысудың өзін кез келген мектеп үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру идеясын қабылдау үдерісін жеделдетуге көмектесе алады деген пікірлерді естіді. LS тиімділігін мұғалімдерге оқушылар қалай ойлайтынына көбірек назар аударуға көмектесетіндігінен көруге болады. Егер мұғалімдер оқушыларды тыңдауға, олардың не айтатынын құрметтеуге және сабақты жоспарлау кезінде бұнын құнды екендігін түсінуге үйрете алсақ, LS оқыту әдістемесіне қатты әсер ете алады деген ойлар айтылды.Мұғалімдер бейне көріністі зейін қойып көргеннен кейін өз ойларымен бөлісті.






Lesson Study туралы есеп жазуда мына жағдайлар ескерілді:

- Lesson Study үшін туралы есеп жазу маңызды шарт болып табылады
- Lesson Study туралы есеп жазу, бұл сіздің дамуыңызды көрсетеді
- Мұғалім өз рефлексиясын жазу арқылы жаңа идеяларын әзірлейді

Lesson Study үшін зерттеу тақырыбын белгілеу, барлық мұғалімдер зерттеу сабақтарын өткізетіні, жоспар құру үшін оптық отырыстар және оқу жылының соңында Lesson Study туралы есеп дайындау керектігі айтылды. Пән мұғалімінің өз зерттеу сабағына және топ жетекшісінің жалпы зерттеу сабақтарына есеп жазу үлгісі түсіндіріліп, талқыланды.

Топ мүшелері сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашық болу, бақылаулар нәтижелерін қабылдау және сәтсіздіктерді ақтауға тырыспау керектігі, сабақтан кейінгі талқылауды бірлесіп оқыту әдісі ретінде бағалау, бақылау кестесінде немесе жоспарында нақты мақсаттар мен мәселелерді белгілеу және топ жетекшісі талқылауға позитивті бағыт беріп отыруы түсіндірілді.

Ой толғау бөлімінде мұғалімдер *«О важности единства команды»* бейнекөріністі тамашалады. LS тиімділігі туралы ақпаратты тыңдады. Кәсіби дамудың тиімді тәсілі екендігін анықтадық. Әрине, бұл үшін LS үдерісі мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құруға ықпал етуі мүмкін. Әріптестер арасында берік байланыс орната алады. LS жай ғана сабақтарды оқуға жай ғана қатысу кәсіби оқу үшін қоғамдастық құру идеясының өзін қатысудың өзін кез келген мектеп үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру идеясын қабылдау үдерісін жеделдетуге көмектесе алады деген пікірлерді естіді. LS тиімділігін мұғалімдерге оқушылар қалай ойлайтынына көбірек назар аударуға көмектесетіндігінен көруге болады. Егер мұғалімдер оқушыларды тыңдауға, олардың не айтатынын құрметтеуге және сабақты жоспарлау кезінде бұнын құнды екендігін түсінуге үйрете алсақ, LS оқыту әдістемесіне қатты әсер ете алады деген ойлар айтылды.Мұғалімдер бейне көріністі зейін қойып көргеннен кейін өз ойларымен бөлісті. Сабақ басында 3 әріптесінің коучинг барысындағы іс-әрекетін зерттеуге белгіленген мұғалімдерге сөз берілді. Мұғалімдер әріптестерінің коучинг барысында байқаған іс – әрекеттері талқыланды. Басты мақсат – мұғалімнің бақылау дағдысын дамыту, бірақ бірін-бірі бақылаған кезде мұғалімдер үшін өте қызықты болды. Мұғалімдер өздерін бақылағаннан бір сергіп қалды. Топ мүшелеріне сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

1.Коучинг –сессия басталғанда біз қандай әрекет орындадық?
2.Осы әрекетті сынып қолдануға бола ма?Неге?
3.Топқа бөлу әдісі сіз қолданып көресіз бе? Неге?
4.Топ болып жұмыс жасаған ұнады ма? Неге?
5. Біз қандай тәсілмен таныстық?

«WhatsApp» кері байланысы жүргізілді. Whatsapp желілік технологияны қолданып, мұғалімдер кері байланысты жазбаша және ауызша түрде коучинг туралы ой-пікірлерін, тілектерін, ұсыныстарын білдірді. Бақылаушылар арасындағы талқылау, оның мақсаты сабақтан алынған ой-пікірді талқылау, сабақты жақсарту жөніндегі жаңа идеялармен алмасуы және мұғалімнің мақсатын, оқушылардың білім алу жолын түсінуге тырысу, мұғалімдердің көзқарасын түзету, мұғалімнің бақылау дағдысын дамыту түрлері айтылды.

Бірінші зерттеу тобының жетекшісі Жумабаева К.Т. *«Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру»*

Мектептің әдістемелік жұмысының жоспарына сай L.S. зерттеу жұмысын жүргізуде топ құрдық. Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 5 «Ә» сыныбын алдық. Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар кездеседі деп болжам жасалды. 4- сыныптағы білім сапасы - **61%**, 5- сыныпта **-65%.**

Зерттелетін пәндер тізімі мен білім сапасының көрсеткіштері

	Пән атауы	I тоқсан	II тоқсан	Динамика
1	Қазақ тілі	65	65	-
2	Орыс тілі мен әдебиеті	65	65	
3	Математика	55	60	+5
4	Қазақстан тарихы	65	65	

«Lesson study» зерттеу тобының құрамы

№	Мұғалім аты-жөні	Пәні	Санаты
1	Махмудова Айнур Амандыковна	қазақ тілі мен әдебиеті	педагог-сарапшы
2	Өтетілеу Фариза Қазиқызы	математика	педагог
3	Қуанышбаева Динара Сыргабековна	тарих	педагог-сарапшы
4	Жолтаева Асия Жиенеевна	орыс тілі мен әдебиеті	жоғары
5	Изгалиева Маншук Куптилеуовна	психология	педагог


Зерттеу жұмысының бірінші қадамы -осы сыныптағы проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта осы сыныпқа сабақ беретін негізгі пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Лессон Стади бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды. Ортақ негізгі проблеманы: «Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру"» деп алдық.

Зерттелетін пәндердің пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психолог маманмен бірігіп, бақыланатын оқушылырды анықтадық. Олар: А оқушысы /Талдықбаева А/ – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді. В оқушысы/ Табиғатов Р/ – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы/ Серикова Р/ – деңгейі орташа , сабаққа қызығушылығы да қалыпты емес оқушы.

Сынып жетекшісі Д.С.Қуанышбаева оқушылардың жалпы деңгейін анықтауда бастапқы сауалнама жүргізді. Сонымен қатар оқушы үнін ескеру мақсатында олардан сұхбат алынды.

Бастапқы сауалнама сұрақтары:

	Сұрақтар	иә	жоқ	кейде	Жауап беруге қиналамын
1	Жеке жұмыс жасауды ұнатасың ба?				
2	Сыныптастарыңа жаңа тақырып бойынша көмектесесің бе?				
3	Сыныптастарың саған жаңа тақырып бойынша көмектеседі ме?				
4	Берілген тапсырманы сыныптастарыңмен талқылауды ұнатасың ба?				
5	Топтық жұмысқа белсене қатысасың ба?				



Сауалнама нәтижесі анықталған соң, өткізілетін зерттеу сабақтарының кестесі жасалды.Кестеге сай әр сабақ топ мүшелерінің толық қатысуымен уақытылы өткізілді. Сабақтарда А,В,С деңгейлі оқушылар бақылауға алынып, іс әрекеттеріне талдау жасалынды.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Сабақтың тақырыбы	күні
1	Изгалиева Маншук Куптилеуовна	психология	Сыныпты зерттеу	02.10-06.10.2023 ж
2	Қуанышбаева Динара Сыргабековна	тарих	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері	13.10.2023 ж 4- сабақ
3	Жолтаева Асия Жиенеевна	орыс тілі мен әдебиеті	Что за прелесть эти сказки	18.10.2023 ж 3- сабақ

4	Өтетілеу Фариза Қазиқызы	математика	Жай бөлшектерді қосу және азайту	16.11.2023 ж 2-сабақ
5	Махмудова Айнур Амандыковна	қазақ тілі	Өсімдіктер әлемі	20.11.2023 ж 1-сабақ

Бақылаудағы А, В, С деңгейіндегі оқушылардың зерттеу сабақтарындағы іс- әрекеттері

	А	**В**	**С**
1-зерттеу сабағы Қазақстан тарихы	Сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлануы жоғары деңгейде болды. Көшбасшылық танытып, мысал келтіріп, дәлелдей отырып, өз ойын еркін салмақты жеткізді.	Топтық тапсырмаларда белсенділігі баяу болды. Сабақ барысында қанша жетелеп, тұрғызып сұрағанмен оқушының сабақтағы жауаптары мардымсыз болды. Сабаққа қатысуы төмен деңгейде болды.	Сабақта сұрақтарға жауап беріп, тақта алдында шығып сөйлегеннің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді
2-зерттеу сабағы Орыс тілі мен әдебиеті	Сабақ бойында белсенділік танытып отырды. Орыс тілінде еркін сөйлеп, өз ойын толық жеткізе алды. Топтың жауапкершілігін өз қолына алып, көшбасшылық танытты.	Топтық жұмыста белсенділік таныта алмады. Шамасы келгенше сұрақтарға жауап беріп отырды.Сабақ соңында қызығушылық пайда болып, белсенді бола бастады.	Алдыңғы сабаққа қарағанда бүгінгі сабақта белсендірек болды. Тақтамен жұмыста өзіне деген сенімділігі басым , қатемен болса да жауап беріп отырды.
3-зерттеу сабағы Математика	Сабақтың барлық кезеңдерінде белсенді отырды. Тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, көмектесіп, дұрыс жауап берге ықпал етті.	Білім алушының бойынан сабақтың барлық кезеңдерінде аса үлкен белсенділік көрінді. Ұжымдық жұмыстарда білім алушы бойынан көсбасшылық қасиеттері байқалды. Берілген әр тапсырманы өмірмен байланыстыра алды.	Ұжымдық тапсырма, жұппен жұмыс , сұрақ-жауап барысында оқушы бойынан өзіне деген сенімсіздік байқалды. Ойлау,қолдану деңгейіндегі тапсырмаларда мұғалім нұсқаулығы қажет екендігі көрінеді.
4-зерттеу сабағы Қазақ тілі	Сабақтың барлық кезеңінде белсенді болды. Лексика бөлімі бойынша тапсырмаларды жоғары деңгейде орындай алды. Өтілген тақырыпты жақсы игергендігін байқатты. Ал фонетикалық талдау барысында қателер жіберді.	Сабақтың орта, соңғы кезеңінде белсенді болды. Сабақта сұрақтарға жауап беріп, тақта алдында шығып сөйлегеннің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Тапсырмаларды қатесіз орындай алды.	Сабаққа қызығушылығы болмады, белсенді емес. Мұғалім жетелеуімен сабақ арасында қосылып отырды.








Орыс тілі сабағынан соң С оқушысымен жүргізілген сұхбат: Сабақ барысында оқушыға ұнағаны топқа бөліну, топтық жұмыс, өзін-өзі бағалау, топтық жұмыс арасында бірлесіп талқылау, өз ойын еркін жеткізу болса, үйренгені осыған дейін өз ойын толық жеткізе алмайтын, енді топтық жұмыс арқылы еркін сөйлеп өз ойларын жеткізе алатын болғандығы анықталды.

Қазақ тілі сабағынан соң В оқушысымен жүргізілген сұхбат: Оқушы әр сабақтағы белсенділігі бірқалыпты болмайтындығын айтты. Тіпті бір сабақтың өзінде тапсырмалардың деңгейіне сай белсенділігі өзгеріп отыратындығын атап көрсетті.

Математика сабағынан соң А оқушысымен жүргізілген сұхбат: Оқушыға зерттеудің барлық сабақтарының ұнайтындығы, сабақтың кез келген кезеңінде көшбасшылық таныта алатындығы байқалды. Сонымен қатар оқушы топтық жұмыстарда өзгелерге көмек көрсетуге әзір екендігін айтты.

Соңғы сауалнама сұрақтары:

	Сұрақтар	**иә**	**кейде**	**жоқ**
1	Ұстаз талабынан тыс білім алуға ұмтыласың ба ?	А	В, С	
2	Сыныптағы психологиялық ахуал ұнайды ма?	А,В	С	
3	Өзіңді және басқаларды бағалауды үйрендің бе?	А,В	С	
4	Ұстаздың сабақ барысындағы бағалауымен келісесің бе?	А,В,С		
5	Топтық жұмыста кері байланыс жасай аласың ба?	А	В,С	



LS. зерттеу сабағының нәтижесі мен қорытындысында сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістіккке жетуге болатынын түсіндік.

Зерттеудегі әрбір оқушы қандай жетістікке жетті , қандай нәтиже көрсетті деген сауал бойынша тоқталсақ,

А оқушысы -топ арасында өзін үнемі көшбасшы ретінде көрсете білді. Басқа оқушылар (топтағы) соған еліктеп көшбасшы болуға ұмтылды. Оқушы өз ойын тақырып бойынша толық білдіре алды. Ортақ бірлесуден гөрі бәсекелестікке, көшбасшылыққа бағытталды.

В оқушысы- Ой жүгірту арқылы өз ойын толық жеткізіп білуге тырысты. Өз идеясын жеткізуге ат салысты. Топқа өз үлесін қосып белсенді болуға тырысты.

С оқушысы- Топта бірлескен жұмыс барысында өзін толық көрсете алған жоқ. Өз-өзіне сенімсіз болды. Басқалары белсенді болды, соларға ілесіп кетуге жүрексінді. Тақырыпты қасындағылардың көмегімен меңгеруге тырысты, өзіне деген сенімділік сәл де болса байқалды.

"Лессон Стади оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы"

LS. зерттеу сабағын жүргізудің сәтті тұстары:

- мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады;
- мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады;
- мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады;
- оқушының білімге деген ынтасы жақсарады;
- сыни ойлау арқылы танымдық қызығушылықтары арттады.

LS. зерттеу сабағын жүргізудің сәтсіз тұстары:

- А деңгейлі оқушының тым сенімділікпен тапсырмаларды асығыс орындауы;
- В деңгейлі оқушы көбіне мұғалімнің қолдауымен жұмыстануы;
- С деңгейлі оқушы өз-өзіне сенімділік таныта алмауы

Ұсыныс:

- С деңгейлі оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы өз-өзіне сенімділігін арттыру;
- В деңгейлі оқушының өз бетінше жұмыстануына ықпал ету;
- сыныптың, әсіресе топтық жұмыс кезіндегі тәртібі мен белсенділігін реттеу;
- оқыту әдістерін жетілдіру және оқушылардың білім деңгейін арттыру.

Зерттеу тобының жетекшісі Жаппакова А.Ж. «Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру»

Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, Lesson study зерттеу сабағына 4 «Б»сынып алынды.Сынып жетекшісі Жолмағамбетова Н.М.Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуіне қиындықтар болдырмауға, сонымен қатар сыныптың білім сапасы төмен 50%.Зерттелетін пәндерді мұғалімдердің ұсынысы бойынша жоспарланды.

№	Тақырыбы	Пәні	Өткізетін мұғалімі	Уақыты
1	Пысықтау және қорытындылау	Математика	Жолмагамбетова Н.М.	13.10.2023ж.
2	Алдаркосе – народный герой	Орыс тілі	Бримова У.У.	14.11.2023ж.
3	*My holiday*	Ағылшын тілі	Исатаева П.Р	22.11.2023ж.
4	Оқыған жетер мұратқа	Әдебиеттік оқу	Аманбаева А.	15.12.2023ж.

Келесі қадам – Зерттеу тақырыбын анықтап алдық.«Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру».Осы мақсатта осы сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Lesson study бұрышына жазып,бірнеше проблема анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды.Негізгі ортақ проблема «Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру» деп алынды.Сыныпта 25 оқушы бар. Білім сапасы 50%

Зерттелетін пәндердің пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психолог мамандар бірігіп, бақыланатын оқушыларды анықтады. Мұнда А оқушысы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өздігінен ақпаратпен бөліспейді. В оқушы- сабақта үлгерімі ортадан жоғары,мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрақтарға ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы- деңгейі төмен, сабаққа қығушылығы жоқ, сылтау тауып сабаққа қатыспауға тырысып отырады.

Мектеп психологы Нурмаганбетова Айкенже Скаковнаның көмегімен сынып оқушыларының пәнге деген көзқарастарын тексеру.Мақсаты:оқушының өтіліп жатқан пәндерінің қабылдауы мен қызығушылығын анықтау.

Жалпы оқушы саны: 25 **Қатысқаны:** 2**Нұсқау:**«Тізімде көрсетілген оқу пәндеріне деген көзқарасыңызды келесі шкала бойынша бағалаңыз: 2 – маған жақын; 1 – сенімді емеспін; 0- мен үшін күрделі"

► **16- 14**- белсенді (Б);
►**13—10**баллов — жағымды көзқарас (ЖК);
►**9-8**баллов — немқұрайлық (Н); ►**7-5**баллов - жағысмыз (Ж);
►**4-0**баллов — мүлдем жағымсыз (МЖ).
► **16- 14**- белсенді (Б);- 12 оқушы
►**13—10**баллов — жағымды көзқарас (ЖК)- 11оқушы
►**9-8**баллов — немқұрайлық (Н);- 2 оқушы

Қорытынды: көрсеткіш барысында барлық пәнге жағымды көзқарас көрсеткен білім білім алушы 12оқушы жағымды көзқарас оқушылары 10 оқушы болды. Аталған Куц Т . Сақыпкереев Д немқұрайлық көрсеткіш көрсетті.

Ұсыныс. Сынып жетекшісіне және пән мұғалімдеріне анықтама көрсеткіші таныстырылып, кейбір пән мұғалімдеріне аталған оқушылар жайлы нұсқау көрсетілді.

Зерттелетін пәндердің пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психолог мамандар бірігіп, бақыланатын оқушылырды анықтады. Мұнда А оқушысы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді. В оқушысы – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы – деңгейі төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ, сылтау тауып сабақтан қатыспауға тырысып отыратын оқушы.

Математика пәнінен Жолмагамбетова Н.М.«Пысықтау және қорытындылау» тақырыбында бірінші зерттеу сабағын өткізді.Мақсаты шығарманың тақырыбын, бөліктерін табады;негізгі ойды анықтайды;шығарма бойынша өз ойын айта алады;достық туралы өз ойларын ортаға салып, постер қорғайды.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін **«Өзіңе тілегенді, өзгеге тіле»әдісін** қолдандым. Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді,бауырмалдығын оятады.Оқушыларға өзін-өзі бағалау парақтары таратылды («Қуаттағыш» әдісі). Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға ала отырып,оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады демекші –сабақтың басында оқушылардан **«Мен саған,сен маған» әдісі** арқылы үй тапсырмасы тексерілді. А,В,С деңгейіндегі оқушылар үй жұмысын қатесіз орындаған.Өткен сабақты пысықтау мақсатында **«Айналмалы бекет» әдісі** арқылы оқушыларға сұрақтар қойдым.
Оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** арқылы ынталандырып отырдым. Одан әрі **«Шыбынды ұру» әдісі** арқылы оқушылар шамалардың арасындағы тәуелділік формулаларын табу тапсырмасы болды. Оқушылар бұл тапсырманы аса қызығушылықпен орындады.
А деңгейіндегі оқушы тақтада орындады. Тапсырыманы орындау барысында қате жіберді. Одан әрі «Шыбынды ұру» әдісі арқылы оқушылар шамалардың арасындағы тәуелділік формулаларын табу тапсырмасы болды. Оқушыларбұлтапсырманы аса қызығушылықпенорындады.
В деңгейіндегі оқушылар белсенді болды. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болуы керек дегендей сабақта критерий арқылы өзін-өзі сабақ басталғанда таратылған бағалау парағына өздерін бағалады.Осы бағалау арқылы өзінің білім деңгейі қаншалықты екендігін білді. Сабақ соңында кері байланыс жасалып, ҚҚҚ әдісі арқылы сабақ жайында ойларын айтып өтті
С деңгейдегі оқушым – топтық жұмыста белсенділік танытпады ауызша жауап берді.«Сабақ ұнады, бірақ мен бұл сабақта өзімді көрсете алмадым.»- деген тұжырым жасады. Келесі сабақта белсендірек болатынын айтып өтті.
Осы ұсыныстарды ескеріп, қайта жоспарладық. Біз бұнда оқылым дағдысын қалыптастыруды басты назарда ұстадық. Сабақтан кейін, бақылаудағы оқушылардың сұхбаттарынын «Ыстық орындық» әдісінде қобалжып, өз ойларын білдіре алмағанын байқадық, келесі сабақта оқушыларды орнында отырып жауап беретіндей әдіс таңдау қажеттігін білдік. Сөйтіп, «Интервью» әдісін қолдануды жоспарладық.






Екінші зерттеу сабағы орыс тілі пәні болды. Сабақтың тақырыбы:«Алдаркосе – народный герой».Бримова У.У. өткізді.Оқу мақсаты:4.3.3.1 определять тексты разных жанров (загадка) 4.5.1.7 согласовывать слова, обозначающие признаки предметов,со словами-предметами. Ұйымдастыру бөлімінде топқа бөлінді.1 группа – «Пословица» 2 группа – «Загадки».Оқушыларға осындай жақсы көңіл – күйлері сабақтың соңына дейін сақталып қана қоймай, одан әрі жақсаруына тілек білдірдім. Осылай сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырдым. Оқушыларға жаңа тақырып түсіндіріліп, тақырыпқа байланысты көрнекіліктер көрсетіліп, мәтінмен жұмыс жасалып, тапсырмалар орындатылды.


Сабақта алған білімдерін жеке жұмыстар жасап, одан әрі бекітті. Жеке жұмыста оқушыларға жұмбақ жасырылып, жұмбақтың жауабына сөйлем құрастырылу тапсырылды. Оқушылар тапсырманы жеткілікті деңгейде орындады.

Жаңа тақырыпқа байланысты оқушыларға аудиожазба тыңдау ұсынылды. Тыңдалымнан кейін оқушыларға аудиожазбаға байланысты тапсырмалар берілді.Тапсырманы орыңдап болған соң оқушыларды сергіту мақсатында, «Ручей» ойыны ойнатылды.

Зерттеу барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істеді. Оларда ортақ проблема болды, бірлескен түсінік қалыптасты. Бірге ойланды. Талқылау кезінде «мүмкін», «егер», «бәлкім» сөздері қолданылды. Әр оқушының идеясы пайдалы ретінде бағаланып, мұқият бағалау жүргізілді. Оқушылар өзара топтар арасында бір - біріне сұрақ қойды және өз айтқандарын дәлелдей білді. Топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысты. Топ жұмысы «екі жұлдыз бір тілек» арқылы бағаланды.Оқушыларға осы сабақтан алған әсерлерін параққа өз қолдарының суретін салып және әр саусақбір ұстаным екенін түсіндірдім: бас бармақ – маңызды болғаны... балаң үйрек – қызықты... ортаңғы терек - – қиын болғаны, кішкене бөбек - жаңа ақпарат, шылдыр шүмек – ненің жетіспегенін. Осылайша балалармен бірлесе отырып алға қойған мақсатқа жеттік. Кестені толтырды..«Бағытталған оқу» әдісі арқылы А оқушысы шапшаң оқып, сұрақтарға жауап берді.В оқушысы мәнерлеп оқып,толық жауап бере алмай қалды оқушылар көмектесті.С оқушы шығарманы оқыды,бірақ мазмұнын түсінбеді.Сұрақтарға бірнеше оқушылар жауап бергеннен кейін оқушы түсініп қолын көтерді.






А оқушысы – сабақ басында қолын көтеріп белсенділік танытып отырды. Дәптермен жұмыс жасады.Қолданылған әдіс – тәсілдер оқушыға тиімді болды.Жұппен, топпен бірлесіп жұмыс жасады. Мәтінді түсініп оқып жауап қайтарды.Кері байланыс беріп, өз деңгейінде жауап берді, ал В оқушысы – түсінгенін тек берілген мәліметтерді оқумен шектелді.Ойын арқылы сұраққа жауап берді. С оқушысы – сыныптастарының жауабын қайталаумен шектелді. Сабақтан кейін, бақылаудағы оқушылардың сұхбаттарынын қобалжып, өз ойларын білдіре алмағанын байқадық. Сөйтіп, «Пирамида» әдісін қолдануды жоспарладық.

Lesson Study үшінші зерттеу сабағын ағылшын пәнінен Исатаева П.И. өткізді. Сабақтың тақырыбы: «*My holiday* ». Оқу мақсаты: 4.L3 understand the main points of short, supported talk on an increasing range of general and some curricular topics .4.R3 recognise basic opinions in short, simple texts on an increasing range of general and some curricular topics.4.W4 write with support a sequence short sentences in a paragraph to give basic personal information

Сабақ мақсаты:talk about seven natural wonders of the world with support; express basic likes and dislikes; present their presentation work to the class 1-20 аралығындағы сандарды қайталау мақсатында «кім шапшаң» әдісі қолданылды. Оқушылар 2 топқа бөлініп, ойыншық балғамен шапшаң мұғалім айтқан санды ұру керек. Осылай оқушылар сергіп, өткен сабаққа қайталау болды. 1-әдіс барысында А оқушы сандарды шапшаң тауып, В, С оқушы сәл ойланып сандарды табатындығы анықталды. Оқушылардың барлығы сандарды біледі тек ойлау шапшаңдығында айырмашылық бар екендігі анықталды.

Сабақтың тақырыбы, яғни апта күндері презентация арқылы таныстырылды. Презентация басында сабақтың мақсаты хабарланды. 2-ші «сәйкестендір» әдісінде оқушылар 3 топқа бөлініп, күнделікті жасайтын іс-әрекеттерін әр апта күніне сәйкестендірді. Орындарына отырып, осы тапсырманы жеке орындады. Топта жұмыс жасағанда 3 деңгейдегі оқушының да қызығушылықпен ат салысқаны байқалады, А деңгейдегі оқушы өз тобына көмектесіп, В, С деңгейіндегі оқушылар бірге ақылдасып орындап жатты. Жеке орындағанда А,В,С деңгейлі оқушыларда қате болмады. Оқушылар өз күн тәртіптері жайлы сөйлем құрады. Сабақтың келесі бөлігінде оқушылар өткен сабақтағы және бүгін танысқан сөздерімен сөйлем құрау керек болды. А деңгейіндегі оқушы қол көтеріп, бірнеше сөйлемдер құрады. Ал В деңгейіндегі оқушы 3 сөйлем құраса, С деңгейіндегі оқушы 2 сөйлем құрады. Құраған сөйлемдерінде қателер мұғаліммен бірге дұрысталды.



Оқушылар бақыланды. Сабақ басында оқушылар сәл қобалжығанымен, әрі қарай қызығушылықпен қатыса бастады. А деңгейлі оқушы мұғалімнің ағылшынша сөздерін түсініп, тапсырмаға бірден кіріссе, В,С деңгелйі оқушыларыға 2 рет немесе іс-қимылмен түсіндірілді. Дегенмен С деңгейлі оқушының ағылшын тіліне басқа сабақтарға қарағанда қабілеті бар екені анықталды, В деңгейлі оқушыдан кем түспеді. Бірақ әлі де зейіндерін арттырып, шапшаң ойлауға жұмыс жасау керек. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік.



Төртінші зерттеу сабағын әдебиеттік оқу пәнінен Аманбаева А.А. «Оқыған жетер мұратқа» тақырыбында өткізді.Оқу мақсаты: 3.2.4.1.шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу. Сабақ мақсаты: Шығарманың тақырыбын және негізгі ойды анықтайды.Автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдейді.«Санау» әдісі арқылы топқа бөлді Ынтымақтастық ортаны қалыптастыру мақсатында психологиялық ахуал орнатылды.Бір – біріне сұрақтар қою арқылы өткен тақырыпқа шолу жасады.Сабақтың тақырыбы «Бұрыш» әдісі арқылы ілінген әріптерді тауып, түсіне қарай берілген сөз құрастырып жаңа тақырыпты ашты.

Ендеше бүгінгі сабағымыз «Оқыған жетер мұратқа» тақырыбында екені хабарланды..«Ашық микрофон» әдісі арқылы дәптермен жұмыс жүргізілді.Саралаудың «Дереккөз» тәсілі жүзеге асты..Ойлан, жұптас, талқыла « әдісі арқылы тапсырмалар орындап, постер қорғады.»Қол сағат» әдісі арқылы өз-өздерін бағалап отырды.Кері байланыс «Үш қадамдық сұхбат» әдісі арқылы өтті.Мұғалім оқушылардың жауабын талдап, өз қалыптастырушы бағасын берді.Сабақта түйінді ой –пікірлер айтылды.А оқушысы шапшаң оқып, сұрақтарға жауап берді.В оқушысы мәнерлеп оқып,толық жауап бере алмай қалды оқушылар көмектесті.С оқушы шығарманы оқыды,бірақ мазмұнын түсінбеді.Сұрақтарға бірнеше оқушылар жауап бергеннен кейін оқушы түсініп қолын көтерді.



Оқушылар бақыланды. Жоспарлағанымыздай оқушылар орнында отырып жауап бергендіктен, оқушыларды қобалжу болмады «Сен қалай ойлайсың, шығармада не туралы айтып тұр?» немесе «Шығарма нені әңгімелеп тұр? деген сияқты сұрақтар қойды. Сабақта оқушылар бірін-бірі тыңдап, қызығушылықпен жұмыс жасады. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасағанда «Бағытталған» әдісінің тиімділігін байқадық. А оқушысы – топпен ынтымақтаса жұмыс жасаса, бес жолды өлең құрастырды,постер қорғады.В оқушысында белсенділік пайда болып, қолын көтеріп сабаққа қызыға қатыса бастағанын байқадық.оқысаң мұратқа жетесің деген сөзді қалай түсінетінін айтты.






Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстарына кей оқушылардың (деңгейлері әртүрлі) деңгейі жоғары оқушы көшбасшылықты өз қолына алып кеткені, шығарманың мазмұнын айтуда С оқушысы ойын жеткізе алмағанын айтуға болады. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік. Жалпы, осы төрт сабақты қорытындыласақ, сабақтардан байқағанымыз оқушыға жай ғана мәтінді оқу тапсырмасын беріп қана қоймай, оқылым дағдысын қалыптастыратын әдістерді таңдай білу қажеттігін түсіндік. Әр баланың жүрегінен орын таба отырып, шәкіртінің бойына білім нәрін сусындатып, ақылын айтып, қателерін түзеп, оны кешіре білу қажет.Оқушы үніне құлақ түрілді.Оқушылармен сұхбаттастық. А деңгейлі: Менің сабаққа қызығушылығым артты, ізденуге, оқуға талаптандырды, көп нәрсе үйренді.В деңгейлі: Бағалаудың неше түрін үйрендік, смайликпен, фишкамен өз - өзімізді, бір - бірімізді бағалауға, қызықты ойындар арқылы, «Білемін, Білдім, Білгім келеді» кестесі арқылы қорытындылауды үйрендік С деңгейлі: Постер, семантикалық карта жасап қорғау, жұппен жұмыстағы үлестірмелі суреттер,т. б. ұнады. Сонымен қатар тақтадағы жұмыстардың азайғандығы, жеке жұмыстар арқылы, бірлесіп істейтін жұмыстың көп болғаны, ынтымақтастықта, бірлесе отырып бір бірімізді оқытқанымыз, үйреткеніміз қызық болды деп жауап берді.Оқушылардан қорытынды графикалық диктант алынды.Мақсаты: Оқушының қабылдауын дамыту. **Қорытынды:** Сынып оқушылары үлкендердің берілген тапсырмалар орташа жақсы. Кейбір оқушылар берілген өрнекті көшіруде орташа деңгейде. Атап айтар болсам: Маратова С.Төлеухан Н. Куц Т.Құдабаев Н.Қобыланова А.Айкен А. Қайырбек Н.Әдебиет А және тапсырма бойынша дербес әрекет етулері орташа.


Үлкендердің нұсқауларын орындай білуі және тиімді қарым-қатынасқа машықтандыру.Өз бетімен жұмыс жасауға дағдылану. Өз күшіне сенуді қалыптастыру

Lesson Studyмұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екенін білдім. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін , сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістіккке жетуге болатынын түсіндік.Демек, оқушылардың мәтінді оқу дағдысының қалыптасуына зерттеу жұмысының ықпал еткендігін көрдік.Сонымен қатар, L.S. зерттеу сабағының тиімді және тиімсіз жақтарында байқадық.

- Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- Оқушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- Пәнге деген қызығушылық артады;
- Жаңа әдіс –тәсілдер арқылы өз-өзіне сенімділік пайда болады; .
- Білімді өздігінен іздейді;

Оқушылардың пән бойынша білім сапасы

Пәндер	**2022/2023о.ж.**	**2023/2024о.ж.** **I тоқсан**	**2023/2024о.ж.** **II тоқсан**
Математика	50	52	52
Әдебиеттік оқу	50	52	52
Ағылшын	50	52	52
Орыс тілі	50	52	52



Қорыта келе айтарым, әр сабақ соңында назарға алынған А,В,С оқушылардан интервью алынып, сабақтың ұтымды тұстары, жетілдіруді қажет ететін тұстары «оқушы үнімен» айқындалып отырды. Анықталған мәселелер келесі айналым сабақтарында негізге алынып, жетілдіру бағытындағы жұмыстар жоспарға енгізіліп отырды. Ұстаздар арасында тығыз байланыс пен ынтымақтастықта жұмыс жасау жемісін берді. Дегенмен, орын алған кемшіліктер де болды. 4 б класында 25 оқушы, оның 4-еуі оқу озаттары, ал 9- ы оқу екпіндісі. I тоқсанда білім сапасы 52% болды, ал II тоқсанда 52% аяқтадық. Оқушылардың бір - бірімен ынтымақтастық жағдайда жұмыс жасай алатынына, бірін - бірі әділ бағалап, ізденіп, білгенін көрсете білетініне, білмегенін мұғалімнен, сыныптастарынан сұрап өзін ынталандыра алатынына, көшбасшы сынып қатарында болатындығына сенімдіміз.Алдағы уақытта зерттеу жұмысы өз жалғасын табады.

Ұсыныс:

- Уақытында көмек көрсету мақсатымен, оқушылардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы толық мағлұмат жинап отыру;
- Сынып оқушыларының сабаққа қатысуын қадағалау;
- Оқушылардың денсаулығы және психикалық жағдайы туралы мағлұмат алып отыру**;**

Зерттеу тобының жетекшісі Бодыкова Ж.Т. «Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру».

Биылғы оқу жылында құрылған «Фокус топ» құрамындағы мұғалімдермен бірелесе жұмыс жасау барысында, «Lesson Study дегеніміз не?» «Lesson study сабақтары даму мен ілгерілеудің формуласы» тақырыптарында кәсіби әңгіме жүргізілді.Ондағы мақсат топ құрамындағы зерттеуші мұғалімдерге Оны қалай ұйымдастыруға болады? Ол үшін неден бастау керек? деген сияқты сауалдарға жауап беріліп түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,жұмыс жоспарымен таныстырылды.Зерттеуге бастауыш буындағы 3 «в» сыныбы алынды Сыныптағы оқушылардың оқу үлгеріміне қарай, білім сапасының төмендеуіне байланысты зерттеу тақырыбы анықталды.Зерттеу тақырыбы: «Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру». Сыныптағы оқушылардың жалпы хал-ахуалын зерттеуді мектеп психологы Айкенже Скаковнаға жүктелді. Сыныптан алғашқы сынамалар алынып,әрі қарай оқушыларды зерттеу жұмысы басталып кетті.Арнайы жоспар құрылып, А,В,С деңгейлі оқушыларды сынып жетекшісі Маденова Дамехан Базарбаевнамен және топ мүшелерімен отырыс барысында ақылдасып таңдалды. Зерттеу тақырыбын басшылыққа ала отырып, белгіленген жоспар бойынша пән мұғалімдері сыныпқа зерттеу сабақтарын жүйелі түрде уақытылы жүргізіліп отырды.

Бастапқы сауалнама қорытындысы:

ӘДІСТЕМЕ: Пәнге деген көзқарас**.** Балабкина әдістемесі

МАҚСАТЫ: оқушының өтіліп жатқан пәндерінің қабылдауы мен қызығушылығын анықтау.

Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	
Орыс тілі	0	2	1	2	1	2	2	2	2	1	1	1	1	2	2	1	1	2	1	1	
әдебиет	1	1	2	2	1	2	1	1	2	2	1	2	1	2	1	1	1	2	1	2	
математика	2	2	2	2	1	2	2	1	2	2	0	0	1	2	0	1	0	2	2	2	

Жалпы оқушы саны: 20 **Қатысқаны:** 20

Нұсқау: «Тізімде көрсетілген оқу пәндеріне деген көзқарасыңызды келесі шкала бойынша бағалаңыз: 2 – маған жақын; 1 – сенімді емеспін; 0- мен үшін күрделі"

► **16- 14** - белсенді (Б);

►**13—10** баллов — жағымды көзқарас (ЖК);

►**9-8** баллов — немқұрайлық (Н); ►**7-5** баллов - жағысмыз (Ж);

►**4-0** баллов — мүлдем жағымсыз (МЖ).

► **16- 14** - белсенді (Б);- 10 оқушы

►**13—10** баллов — жағымды көзқарас (ЖК)- 9оқушы

►**9-8** баллов — немқұрайлық (Н);- 1 оқушы

Қорытынды: көрсеткіш барысында барлық пәнге жағымды көзқарас көрсеткен білім білім алушы 10оқушы жағымды көзқарас оқушылары 9 оқушы болды. Аталған Тлеумағамбет Ә немқұрайлық көрсеткіш көрсетті.

Ұсыныс. Сынып жетекшісіне және пән мұғалімдеріне анықтама көрсеткіші таныстырылып, кейбір пән мұғалімдеріне аталған оқушылар жайлы нұсқау көрсетілді.

Алғашқы зерттеу сабағын 17.10.23ж. күні, уақыты: 14.45-те сынып жетекшісі Маденова Дәмехан Базарбаевна қазақ тілі пәнінен « Ф дыбысы» тақырыбында өткізді. Кластағы 20 оқушы сабаққа түгел қатысты. Бақылауға алынған А деңгейлі оқушы- Серік Нұрсаят, В деңгейлі оқушы-Аймурза Нұрсәуле, С деңгейлі оқушы- Істілеу Серікбол анықталды..Сыныпты зерттеуге Г.К.Умарова, Ж.Т.Бодыкова, А.С.Нұрмағанбетова, Көптлеуова А. қатысты. Сабақ өз деңгейінде жақсы өтті.Пән мұғалімі тақырыпқа қатысты барлық әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін қолданды. Бақылаушы мұғалімдер А,В,С деңгейлі оқушылардың іс-әрекетін зерттеп,оң жақтарымен жақсартуы керек тұстарын жазып отырды.Сабақ соңында отырып талданды, пән мұғалімі өзінің сабағының мақсатын және қандай олқылықтар мен жетістіктер барын талдап берді.

№3 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Маденова Дамехан Базарбаевнаның «Lesson study» зерттеу бойынша 3 «в» сыныбының өткізген 1-зерттеу сабағының есебі .

Осы аптада 17 қазан 2023 жылы 3 «в» сыныбында қазақ тілінен сабақ өткізілді.Сабақ өткізудің мақсаты қазақ тілін оқытуда шығармашылық қабілетін арттыру, ақыл-ойын, сөздік қорын, тілін дамыту міндеті қойылған. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады.Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жаңартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Сондай-ақ, озат педагогикалық технологияларды қолдану, тәжірибесі мол әдіскер ғалымдардың еңбектерінен үлгі алу сабақтың мәнін жоғарылатады.

Сабақ жоспарын құруда «неге үйретуге болады?», «неге қол жеткізуге болады?» деген болжам жасалынды.

Сабағымды психологиялық ақуалмен бастадым. Ынтымықтастық ортаны қалыптастыру мақсатында «Ғажайып жылулық шынжыры» тренингін өткізіп балалар бір-біріне жымиып күлу арқылы ,жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына тоқталды.

Жұмыс ережесімен келісу жүргізілді.

Алдыңғы білімді еске түсіру мақсатында әзіл сұрақтарғажауап берді. Жауаптардың дұрыстығын дәлелдеп, өз ойларымен бөлісті.

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында сабақты ары қарай «Футбол» ойыны әдісімен жалғастырдым. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздері сабақтың тақырыбын тауып, көңілдерін сол тақырыпқа дайындады. Жаңа сабақтың тақырыбы ашылып, сабақтың тақырыбы хабарланып, мақсаты таныстырылды.

«Ф» қатаң дауыссыз дыбыс. Ол сөздің барлық буынында келетіндігі түсіндірілді.

Әрі қарай оқулықпен жұмыс жүргізілді. Мәтінді оқып, мазмұнына талдау жүргізілді. Мәтінге ат қойды.Оқулықта берілген «Доп ойнаймын деп...» мәтінін өз беттерінше оқып, нәтижесін топта, содан соң ортаға салып талқылады, талдады. Дәптермен жұмыс Өлең жатқа жазылып, ф дыбысы бар сөздердің мағынасы түсіндірілді, әр оқушы түсініктері бойынша талдады. Кейбір оқушылар сыни тұрғысынан ойлауларын жетік білдіріп, жан-жақты ойларын жеткізсе, өз ойларын жинақтап, толық жеткізе алмай жатқан оқушыларда болды.Жұппен жұмыс ұйымдастырылды. Оқушылар бірін бірі бағалауда кейбір оқушылар белсенділік танытты. Топтық жұмысты жасау арқылы оқушылар шығармашылықтарын әр түрлі бағытта дамытты. «Ойын» технологиясы арқылы оқушыларға әрі қарай «Телефон» ойыны ойнатылды. Бұл ойында оқушылардың ойлау дағдылары жинақталып, көңілдері серігіп қалды. Топтық тапсырмаларын қорғау кезінде кейбір оқушылардың тіл байлықтарының, сөздік қорларының аздығынан өз ойларын толық жеткізе алмайтындығы байқалып жатты.





Ойын ойнау кезінде оқушылар қызығушылықпен ойнап, қызықты өткізді.Шығармашылық жұмыс 5 жолды өлең құрастыруда оқушылар белсенділік танытып, кейбір оқушыларрға қиындықтар туғызды. (А) деңгейіндегі оқушы Серік Нұрсаят сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлауы жоғары деңгейде болды. Көшбасшылық танытып, сөйлемдер құрастырып, дәлелдей отырып, өз ойын еркін салмақты жеткізді. Тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, көмектесіп, дұрыс жауап беруге ықпал етті. (В) деңгейіндегі оқушы Аймурза Нурсауле шығармашылық тапсырма орындау барысында, сыни тұрғысынан терең ойлана отырып, нақты жауап беріп отырды. Ауызекі сөйлеу тілінің біршама төселіп қалғандығы байқалды. Топтық, жұптық тапсырмаларда ойлау қабілетінің біршама жоғарылағанын , ұжымдық әрекетте, яғни өзге топқа түсіндіргенде өзінің түсінігін өзгелерге жақсы жеткізе білгенін байқауға болады. (С) деңгейіндегі оқушы Істлеу Серікбол топтық жұмыс орындау барысында берілген сөздермен сөйлем құастырып жазуда қателіктер жібермеуге тырысты. Бүгінгі сабақтарда қосымша сұрақтарға жауап беріп, тақта алдына шығып сөйлегенінің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Бүгінгі сабақта аса қызығушылықпен белсенділік танытқаны байқалды

Қорыта айтсам, оқушылар бір шешімге келуді, дарындылықты анықтауды, сыни тұрғыдан ойлауды да, шығармашылықпен айналысуды да тереңінен түсінуге бағыт алды. Топтасып жұмыс жасауда ойларын еркін айта алуын, дәлелдемелер арқылы постер қорғап, білімдерін кеңейтетінін ұқты. Бағалауда мұғалімге тәуелді болмайтынын, өз білімдерін өздері бағалауға болатынын көрді.

«Ой тастау.Ойланту.Ойлау» технологиясын ықпалдастырып сабақ өткізудің нәтижелі болатынына көз жеткіздім.

L.S. екінші зерттеу сабағы 17.11.23ж күні 3 «в» сыныбына сағ.14.00-де әдебиеттік оқу пәнінен М.Дулатовтың «Күз» тақырыбында Л.М.Алмағанбетова өткізді. Балалар ауызша сабаққа да өте белсенді қатысып, қол көтеріп жауап айтып өздерін еркін ұстай білді.Пән мұғалімі топтық,жеке жұмыс түрлерін жасап,АКТ қолданып тақырыпты ашып түсіндірді. А,В,С деңгейлі оқушыларды тақтаға шығарып жұмыс жасалды.

№3 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Л.М. Алмагамбетованың 3 «в» сыныбында өткізген Lesson Study зерттеу сабағының есебі . Зерттеу сабағы әдебиеттік оқу пәні болды. Сабақтың тақырыбы: «Күз» *Міржақып Дулатов*. Оқу мақсаты: 3.1.4.1 – сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербальды емес тілдік құралдарды қолдану Сабақ мақсаты: сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді қолданады. Күз өлеңімен танысады.

Ынтымақтастық ортаны қалыптастыру мақсатында оқушылар бір-біріне жақсы тілек сөздер айтып сабақ басталды.

Өткен тақырыпты пысықтау . Үй тапсырмасын тексеру жұмыстары жүргізілді. «Ой қозғау» әдісі арқылы жұмбақ жасырылып жаңа тақырыпты ашып, сабақтың мақсаты айтылды. «Топтастыру» әдісі бойынша Күз тақырыбында не білетіндерін ортаға салып , өз ойларын жеткізді. Мұғалім оқушылардың жауаптары қорытындыланды.

«Түртіп алу» әдісі бойынша автор туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

М.Дулатов туралы аудиожазба тыңдалды. Автор туралы не түсінгендерін сұрап, мұғалім оқушылардың жауаптары қорытындылады.





Міржақып Дулатовтың «Күз» туындысын түсініп оқу тапсырмасы берілді. Әр оқушы өз бетінше оқыды.

А оқушы сабақтың бастапқы кезеңдерінде толық жауап бермей /мұғалімді жатырқады/ , кейін белсенділік танытып, барлық тапсырмаларды өте жақсы орындады. Өз ойын толық айтып, күздің ерекшелітерін түсініп, сұрақтарға толық жауап берді. Мәтінмен жұмыс ұйымдастыру кезіңінде В оқушысы күзгі адам еңбегі туралы өз ойын айтуға тырысты, бірақ өлең мен суретті салыстыра отырып ұқсастығы мен айырмашылыған айтуда қателіктер жіберді.

С оқушысы көпшілік алдында өз ойын айтуда қысылып және тіл байлығының аздығына байланысты өз пікірін ашық айта алмағаны байқалды. Дегенмен жұптық жұмысты қатесіз орындап , қызығушылық танытты. Сұрақтарға бірнеше оқушылар жауап бергеннен кейін оқушы түсініп қолын көтерді.





Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасағанда Жұптық әдісінің тиімділігін байқадық. А оқушысы – ынтымақтаса жұмыс жасады , қорғады.В оқушысында белсенділік пайда болып, үнемі сабаққа қызыға қатысып отырғанын байқадық. Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстарына шығарманың мазмұндауда қиналғаны, сөздік қорының аздығынан өз ойын жеткізе алмағаны. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік. Оқушылар бақыланды. Жоспарлағанымыздай оқушылар орнында отырып жауап бергендіктен, оқушыларды қобалжу болмады «Сен қалай ойлайсың, шығармада не туралы айтып тұр?» немесе «Шығарма нені әңгімелеп тұр? деген сияқты сұрақтар қойды. Сабақта оқушылар бірін-бірі тыңдап, қызығушылықпен жұмыс жасады. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасағанда «Бағытталған» әдісінің тиімділігін байқадық. А оқушысы – топпен ынтымақтаса жұмыс жасаса, бес жолды өлең құрастырды,постер қорғады.В оқушысында белсенділік пайда болып, қолын көтеріп сабаққа қызыға қатыса бастағанын байқадық.Дос деген сөзді қалай түсінетінін айтты.

Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстарына кей оқушылардың (деңгейлері әртүрлі) деңгейі жоғары оқушы көшбасшылықты өз қолына алып кеткені, шығарманың мазмұнын айтуда С оқушысы ойын жеткізе алмағанын айтуға болады. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік. **L.S. үшінші зерттеу сабағы 20.11.23ж күні** 3 «в» сыныбына сағ.15.45-те математика пәнінен Г.К.Умарова «Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептер шығару» тақырыбында зерттеу сабағын өткізді. Бұл сабақта оқушылар басқа мұғалімді жатырқамай сабақта еркін отырды.Берілген

тапсырмаларды А деңгейлі оқушы өте белсенді орындады.В деңгейлі оқушы жұптық тапсырма орындау барысында сәл қате жіберді, бірақ орнында отырып тапсырмаларды тез орындап ,қол көтеріп жауап беріп отырды.С.деңгейлі оқушы Серікбол топтық,жеке жұмыстарда үлесті табуда белсенділік танытты.Сабақ соңында оқушылардан интервью алынып сұрақтар қойылды.Бақылаушы мұғалімдердің пайымдауынша А,В,С деңгейлі оқушылар сабақ сайын ашылып келе жатқандығын,және сабақ барысында еркін әрі тапсырмаларды орындауда белсенділік танытып отырғанын алға тартты. Сабақты қорытындылау барысында: «Екі жақты күнделік» стратегиясы қолданылды. «Мен қоныс аударғым келеді. Бірақ, ауылға немесе қалаға көшуді шеше алмай отырмын. Сендер мені қайда көшуге үгіттер едіңдер? Оған қандай дәлелдерің бар?». Бұл тапсырмада оқушылар ауыл мен қаланың айырмашылығын ажырата отырып, қызыға жауап жазды.

Қорыта айтсам, оқушылар бір шешімге келуді, дарындылықты анықтауды, сыни тұрғыдан ойлауды да, шығармашылықпен айналысуды да тереңінен түсінуге бағыт алды. Топтасып жұмыс жасауда ойларын еркін айта алуын, дәлелдемелер арқылы постер қорғап, білімдерін кеңейтетінін ұқты. Бағалауда мұғалімге тәуелді болмайтынын, өз білімдерін өздері бағалауға болатынын көрді.






Зерттеу сабағындағы айырмашылықтар: бірінші жарты жылдықтағы «Lesson Study» іс-әрекетті зерттеу жұмысының қорытындылай келе жалпы 3 «в» сыныптың деңгейі жаман емес.Соның ішінде зерттеуге алынған оқушылар сабақ сайын ашылып сөйлеп, белсенділік танытты.Зерттеуді өткізген төрт сабақта оқушылар тарапынан (үнсіздік,жауап бере алмау,тапсырма орындай алмау,түсінбеу т.б) кедергілер байқалмады.Әр пән мұғалімінің сөйлеуіне,сабақты түсіндіру барысын жатырқамай тез үйреніп тақырыпты игеріп отырды.Әдетте бастауыш сыныптарда негізгі пәндерден бір ғана мұғалім сабақ беретін болғандықтан, зерттеу барысында әр түрлі мұғалім сабақ бергенде іс-әрекеттері қалай болар екен деп оны да бақылап отырдық? Дегенмен, нәтиже біз ойлағаннан да жақсы деңгейді көрсетті.

Соңғы сауалнама қорытындысы: Тақырыбы: «**Графикалық тест**» Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалауы

Жүргізілу барысы: мына төмендегі 8 шенбердің біреуін тандап ішін бояныз немесе белгі қойыңыз.


жоғары адекватты немесе дәл төмен

Интерпритациясы:

• Алғашқы екі шенбердің біреуін тандаған бала өзін жоғары бағалайды.
• Ең сонғы екі шеңбердің біреуін тандаған бала өзін төмен бағалайды.
• Ортасындағы төртеуінін біреуін тандаған бала өзін адекватты немесе дәл бағалайды.




Жоғары бағалау-36% Төмен бағалау-44% Нақты бағалау-12%

Ұсыныс: Өздерін төмен бағаланған оқушылармен жеке жұмыс жалғасын табу.

Нәтижесі: Зерттеу нәтижесінде қуантарлық жағдай, кластың екінші тоқсандағы білім сапасы өсімді көрсетіп тұр.Сыныптағы А,В,С деңгейлі оқушылардың сабақтағы іс-әрекетін зерттеу барысында білім сапасы 55% дан 60 % көтерілді. Сапаның айырмасы +5 % артты.

1-тоқсан. Пәндер / %	**2-тоқсан. %**
Қазақ тілі 55	65
Әдебиеттік оқу 70	70
Математика 65	65
Жаратылыстану 60	60

Орыс тілі	55	60
Ағылшын	55	60
Білім сапасы: 55%		**Білім сапасы: 60%**

Зерттеу қорытындысы: Зерттеуді қортындылай келе кластағы С деңгейлі оқушы Серікбол зерттеу нәтижесінде сабағы жақсарып,оқушы ашылып,барлық сабақтардан оң нәтиже көрсетті. Жалпы зерттеу барысында кластың атмосферасы жақсы.Оқушылар сабақтарда белсенді отырады.Мектеп психологының алған бастапқы және соңғы сауалнамалар қорытындысы бойынша ұсыныстар білдірді.Әрі қарай кластағы ашылмай отырған оқушылармен жұмыс жалғасын табады.

Lesson study жүргізудің сәтті тұстары: Командамамен жұмыс жасау барысында маған аса бір қиындықтар болған жоқ. Зерттеудің мән -жайын түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,отырыстар өткізіп тұрдым.Сабақтарға график құрылған бойда,мұғалімдер жоспар бойынша сабақтарды уақытылы өткізді. Сабаққа дайындықтары,әдіс-тәсілдері, оқушымен жұмыс жасауы бәрі орынды болды.Керекті материалдарды,есептерді белгіленген уақытында тапсырып отырды.

Lesson study жүргізудің сәтті тұстары: Сабақ соңында сәл уақыттың жетпей қалуы болды. Әсіресе, оқушылардан сабақ соңында сұқбат алып болып қалғанда, қоңырау ішке соғылады.

Ұсыныс: Алдағы уақытта сынып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен жұмыс жасай отырып,сыныптың білім сапасының түсіп кетпеуін қадағалауға алып,әрі қарай сапаның өсуіне жұмыстану қажет.

Зерттеу тобының жетекшісі Казбаева Ш.Қ. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы білім сапасын көтеру»

Тақырыбы:"Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, білім сапасын көтеру "Мақсаты: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын көтеру"Lesson Study" дегеніміз не? тақырыбында кәсіби әңгіме өткізілді.






Кәсіби әңгіме барысында топ мүшелеріне Лессон Стади туралы түсінік берілді. Фокус топтың жұмыс жоспарымен және **"Lesson Study"** зерттеу тобының жұмыс жоспарымен таныстырылды.Топ мүшелеріне зерттеу жұмыстарын қалай жасау керектігі туралы талқыланып ой бөлістік. Зерттеуге 7а сыныбы алынды.Сыныпта барлығы-22 оқушы.Зерттеуге сынып жетекшісі және топ мүшелері ақылдаса отырып А- Бексары Мирас , В-Нағи Данияр ,С-Искакова Айымды алдық . Сыныптан **Б.Басстың «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» әдістемесі тақырыбында бастапқы с**сауалнама алынды. **Сауалнамаға 18 оқушы қатысты.Саулнама нәтижесі бойынша**

1.Өзіне бағыттылық (М) – атқарылған жұмыстың бәрін өзіне аудару, мәртебеге таласу, билік құмар болу, бақталасу, тынышсыздану.

2.Қарым-қатынасқа бағыттылық (Қ) - барлық жағдайда адамдармен қарым-қатынасты сақтай білу, ортақ жұмыс істеуге бейімділігін көрсету, адамдарға шынайы көмек көрсетуге талпыну;

Мұғалімнің аты-жөні	Күні	Сабақтың тақырыбы
1. Казиева М.З	09.10.23ж	Г.Скребицкий «Четыре художника»
2. Имекешва Қ.М	18.10.23ж	"Денсаулық кепілі"
3.Орынбасар А	22.11.23ж	«Signing up for an activity»
4.Казбаева.Ш.К	08.12.23 ж	«1836-1838жылы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі»

3.Іске бағыттылық (І) – іскерлік мәселелерді шешуде, жұмысты нәтижелі орындауға ұмтылу, ортақ мақсатқа жету үшін пайдалы пікірді жақтау.



Негізгі пәндер бойынша сабақ кестесі құрылды. Теория бойынша, сабағыны оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл екенімен танысқаннан кейін, рефлексивтік-практик ретінде осы зерттеу сабағын тәжірибеге енгізуде 7а класында зерттеу сабақтар өткізілді .

Қазан айының 9 күні Казиева Махаббат Зайноллаевна7 а класында: Г. СКРЕБИЦКИЙ «ЧЕТЫРЕ ХУДОЖНИКА» тақырыбында сабақ өткізді.Сабақтың мақсаты: « Г А Сребицкийдің өмірі мен творчествасын талдай отырып,көркем өнерін салыстыру» Оқушыларды суреттер арқылы топұа бөлді.Сабақты бастамас бұрын Аудио кітап қосып Г. СКРЕБИЦКИЙдің «Четыре художника»ертегісі туралы оқушыларға көрсетті.






Сабақ кезеңдерінде оқушылармен топтық,жұптық жұмыстар жасалды.Топтық жұмыс кезінде әр топқа сенквэйн әдісі арқылы тпсырмалар берілді.Тарихи карта сызығын сызды.





Сабақты бекіту кезеңінді Цифрлы диктан ойынын қолданды.Сабақ соңында «Ашық микрафон»әдісін қолданып,оқушылардан кері байланыс алынды. Адеңгейдегі оқушы-- Бексары Мирас сабақ барысында өзін салмақты ұстады,сабақ айтуға көп талпынбады,бірақ топтық жұмыста оқушыларға бағыт бағдар беріп отырды.Вдеңгейдегі оқушы-Наги Данияр - топтық жұмыста постер қорғады, жазбаша жұмысты өз деңгейінде орындады, тақтаға шығып жұмыс жасады.Сдеңгейдегі оқушы-Искакова Айым- өте тұйық, тапсырмаға жауап беруге ұмтылмады.

2023 жылы 18 қазан күні 7А –сыныбында Имекешова Құралай Мардановна қазақ тілнен «Денсаулық кепілі» тақырыбына «Lesson stady» сабағын өткізді. Оқушылар теориялық тақырыпқа байланысты «Нүкте», «Үтір» және «Сызықша» топтарына бөлінді.Ұйымдастыру сәтінен кейін сабақтың тақырыбын болжауға байланысты «Денсаулықты сақтау» тақырыбында видеоматериал көрсетілді.Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтады.Сабақтың мақсаты айтылып,сол мақсаттарға бағытталғын тапсырмалар берілді.Бірінші тапсырма : топтарға постерлер таратылып, үш топқа үш түрлі тапсырма берілді.1-топқа денсаулыққа байланысты азық-түлік суреттері беріліп, дұрыс, бұрыс бағандарына жабыстырылу керек. Оқушылар тапсырманы ерекше қызығушылықпен орындады. 2-топқа спорт түрлеріне байланысты суреттер берілді. Олар соны постерге жабыстырып, сол бойынша өз ойларын ортаға салып қорғау керек. Екінші топ оқушылары да тапсырманы жақсы орындады. 3-топқа денсаулықты сақтау үшін ереже нұсқаулығын жазу тапсырылды.






Екінші тапсырма теориялық тақырыпқа байланысты берілді. Әр топ өзінің атауларына байланысты сөйлем құрау керек . Яғни, «Нүкте» тобының құрамындағы әр оқушы бір сөйлемнен жазғанда бір мәтін құрастырылып шығу керек. Бұл тапсырманы да оқушылар ерекше қызығушылықпен орындады. Сабақ соңында оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, жеміс ағашына жапсырды. Сабақ өз мақсатына жетті. А,В,С деңгей оқушылары тапсырмаларды өз деңгейлерінде орындап шықты.Оқушыларға үй тапсырмасын тексеруде көршіңмен бөліс әдісі бойынша тексерілді. Топтық жұмыс,ұжымдық жұмыс,жеке жұмыстар орындалды.Адеңгейдегі оқушы жақсы белсенділік таныtты.Вдеңгейдегі оқушы есеп шығаруда формулаларды тиімді қолдана алды.тақтаға шығып, тапсырмаларды орындады.Сдеңгейдегі оқушы сұраққа қинала жауап берді,тақтада тапсырманы жетелеп көмек арқылы орындады.

Қараша айының 22 күні Орынбасар Асылнүр « Signing up for an activity »тақырыбына «Lesson stady» сабағын өткізді.Алдымен, ағылшын тілінде оқушылардың қал жағдайын сұрап, амандастық. Сонан соң, бірден түстер арқылы оқушыларды топқа бөліп алдым. Сабақтың тақырыбына өту үшін «миға шабуыыл» тәсіл арқылы тапсырма бердім. Тақырыптың бір сөзін алып әрбір әріпке ағылшынша сөздер жазды. Оңай тапсырма болғандықтан барлық оқушы белсене қатысып, жоғары деңгейдегі ерекше сөздер жазып таң қалдырды. С деңгейіндегі оқушы да аралсып отырды, оның ағылшын тілінде біраз сөз білетіні анықталды, бірақ жазылуларында қате бар.




Activity - іс шара Signing up – тіркелу.Шыққан сөздің мағынасын талқылап, синонимдерін бердім. Келесі функционалдық сауаттылықарын дамыту мақсатында Ақтөбе қаласында болатын іс-шаралардың жарнамасын көрсеттім. Олар қазақ тіліндегі жарнаманы ағылшын тіліне аударды. Нұрқадір, Данияр әлеуметтік желіде көрген сөздерін пайдаланып, жылдам орындап шықты. Интерактивті тақта арқылы видео көрсетіліп, жаңа сөздер таныстырылды. Келесі, кітаптағы диалогты толықтыру тапсырмасын да сәтті орындап шықты. Керекті тірек сөздерге тоқталып аударып, сөздікке жазып алды. В деңгейіндегі оқушы тапсырманы жылдам және қатесіз орындап шықты.





Соңғы тапсырма күрделі тапсырма болды, яғни оқушылар тірек сөздерді пайдалынп, іс-шараға тіркелу үшін өз диалогын құрастырды. Оқушылар жұппен жұмыс жасады, әр жұп ортаға шығып құрған диалогты айтып береді. Бір оқушылар жатқа айтып берсе, бір оқушылар оқып айтты. А, В, С деңгейіндегі оқушылар оқып айтты. Яғни оларға бірден жаңа сөздермен ауызекі сөйлеу қиынға соқты. Айымның жұбы Алина диалог жасау барысында сөздерді аударып, тапсырманы орындауына ықпал етіп отырды.Қорытындылай келе, С деңгейіндегі оқушы оңай, сөздерді аудару, жаттап алу секілді тапсырмаларды орындауға қабілетті. В, А деңгейіндегі оқушы сөйлемдер құрауға, ауызша сұрақтарға жауап беруге қабілетті екені айқындалды.

Желтоқсан айының 8 күніКазбаева Шахиризада Калауовна Қазақстан тарихы пәнінен «1836-1838жылы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі »тақырыбында«Lesson stady» сабағын өткізді.**Сабақтың мақсаты**: 1836-38жж Бөкей Ордасындағы отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басталуы, барысы мен нәтижесі туралы зерттеу **Қызығушылықты ояту. Менің көңіл-күйім тренингі жүргізілді.**«Кім көп біледі?»«Миға шабуыл»Оқушыларға «Махамбет Өтемісұлы»бейнематериалынан үзінді көрсетілді.






Бейнематериалды тыңдата отырып, келесі тапсырмаларды орындатыңыз. Оқушыларға кемінде маңызды деген 4 мағлұматты дәптерге жаздыртып, сол мәліметтер арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтатуға әрекет жасаңыз. Бір- екі оқушының жазған маңызды ақпаратымен тақырыпты анықтатыңыз.Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстырылады. Сабақ барысында топтық,жұптық,жеке жұмыстар жүргізілді.А деңгейдегі оқушы- тапсырманы орындауда шапшаң, проблемалық сұрақтар қоя білді. В деңгейдегі оқушы- берілген тапсырманы орындауға тырысып, білім алуда аса көп ізденеді,оқулық пен тақырып көлемінде жақсы жауаптар айтты. С деңгейдегі оқушы- тек мұғалімнің көмегіне сүйенеді немесе тапсырмаларды шешілмеген жауаптармен көшіріп тапсырады. Әр сабақты топ мүшелерімен бірігіп жоспарладық және сабақ аяқталғанда талқыладық







Әр сабақ өткізілгеннен кейін оқушылармен сұхбаттар жүргізілді

Оқу жылы басында кластың білім сапасы -50%. 1тоқсан бойынша бойынша білім сапасы -52% 2-тоқсан бойынша-54%

пәндер	1-тоқсан	2-тоқсан	айырым
Қазақ тілі	77%	72%	-5
Орыс тілі	77%	77%	
Ағылшын тілі	58%	58%	
Қазақстан тарихы	59%	68%	+9

Сәтті тұстары

- ✓ Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- ✓ Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- ✓ Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- ✓ Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- ✓ Оқушының оқуы жақсарады.
- ✓ Функционалдық сауаттылығы дамиды.

Сәтсіз тұстары

- ✓ Оқушылардың сабақтарды зейін қойып тыңдамауы;
- ✓ Кейбір сабақтарда тапсырмаларды дұрыс орындай алмауы;
- ✓ Тапсырмаға берілген уақытты тиімді пайдалана алмауы;
- ✓ Тапсырма орындау барысында дескрипторларды дұрыс қолдана алмауы.
- ✓

Қорытынды: Түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану нәтижесінде оқушылардың дүниетанымдық құзіреттіліктерін жетілдіру үшін білім дайын күйінде беріле салмай, мұғалім **шеберлігі арқылы оқушының алдына мақсат қойып, соны іске асыруына жол көрсету арқылы берілсе, оқушылардың өмірге бейімделуіне оң ықпал етеді.**

Ұсыныс

- ✓ Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар, тәжірибие алмасу болды. Осыған байланысты, пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасалды:
- ✓ - Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- ✓ - Тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- ✓ - Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек;
- ✓ - Оқушылардың берген жауабын мұқият тыңдап, қатесін түзетіп отыру;
- ✓ - Өткізілген зерттеу бойынша педгогикалық отырыста мектеп ұжымымен бөлісу.

Зерттеу тобының жетекшісі Мутигулина Н.С. ***«Таңдалған пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру».***

Сагимбаева Анар Тұрарқызы 6 «Ә» сынып оқушыларымен «Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану» тақырыбындағы lesson study сабағын өткізді.

Өтілген сабақтың нәтижесінде оқушылардың «Рационал сандарға амалдар қолдану» туралы түсініктерін жетілдіру және рационал сандарды қосу, азайту, бөлу және көбейтуді жіктеуді білуге дағдыландыру, есептер шығаруда рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындауда оқушылардың математика сабағында функционалдық сауаттылығын дамыту жайлы білімдерінің ұшқырлана түсуі күтілді. Сабақта түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін сынып оқушыларының білік деңгейлерін ескере отырып, тапсырмаларды солардың деңгейіне сай жоспарлаған. Сабақтың әр кезеңі оқушылардың ортасынан ойып орын алу үшін маңызды

болып табылды. «Көршіңді сына» әдісі арқылы алған білімдерін тексеру және сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты әдеттегідей психологиялық ахуал орнатудан бастады. Сиқырлы қорапшадан түрлі кәмпиттер алу арқылы «Қосу» «Азайту» «Бөлу» тобы болып бөлінді. Әрбір оқушы өз жұптарын тауып, жылдам есептеуде шапшаңдық танытты. Үй тапсырмасын «+», «-» әдісі арқылы тексеріп, 10 балдық жүйемен бағалады. Сабақтың тақырыбын аша түсу үшін оқушыларға сұрақтар беру арқылы «Ойлан – Жұптас – Бөліс» әдісі бойынша топтық жұмыс берілді, оның ішінде арифметикалық амалдардың ретін берілген тапсырмаларды шығара білді. Оқушылар топ болып есепті талқылап , шығарып постер де қорғады және ортаға өз ойларын салып, талдап, шешім қабылдап, дәлелдемелерді бағалау, нәтижелерді өз бетінше түсіндіру көзделді. «Көңілді балық аулау» әдісімен оқушылар алған есептерін жұппен шығарды. Оның ішінде рационал сандармен арифметикалық амалдарды қолданып есептерді шығаруы керек.

№1. Амалдарды орындаңдар:

$$а)-\frac{4}{15}+5\frac{5}{12};\ б)\frac{5}{14}+\left(\frac{-11}{21}\right);\ в)\frac{5}{26}\cdot\left(-1\frac{11}{15}\right);\ г)\left(\frac{-4}{23}\right):\left(\frac{-3}{46}\right).$$

№2. Өрнектің мәнін табыңдар:

$$2{,}2\cdot 13{,}1-(-4{,}7)\cdot 2{,}2.$$

Оқушылар дескриптор бойынша тапсырмаларды орындай алды.

-арифметикалық амалдардың ретін біледі.

-есептің шешімін табады







Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдап, сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді. «Кім жылдам» жеке жұмыстарын шығарды. «Дәл мәнін есепте» стратегиясын қолдана отырып, оқушылар өз беттерінше карточкадағы берілген тапсырмаларды орындауды үш топқа бөлінді. Есепті топта үнсіз оқып, ортаға салды, жұптасып, топтасып талдады.

«Рационал амалдарды қолданып есепте: $\left(-3{,}8+2\frac{1}{3}\right)\cdot\left(-1\frac{7}{8}\right)+4\frac{1}{6}\div\left(-1\frac{2}{3}\right)$ » деген тапсырманы (А) Нұрила өте терең ойлана отырып, сыни тұрғысынан ойын нақты жеткізе білді. Тобындағы оқушылардың жіберген қателіктерін ескере отырып, оларға көмектесіп тобын алға жетелеп, көшбасшылық таныта білді. «Амалдарды орындаңыз: $(9{,}51+5{,}12)\div 4{,}18+60{,}86\div 8{,}5$ » есепті шығаруда (В) Мансұр өз ойын жеткізе білді. «Амалды орында: $(32-40)\cdot 3{,}5$ » (С) оқушы Дильназға бағыттап едім, сәл кідіріс білдірді, өйткені ол шатасып жауап берді. Сергіту жаттығуы «Ойлана шығар» әдісі арқылы логикалық жаттығу, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру шапшаңдыққа , тапқырлыққа, оқу мақсаттарын анықтауға жетелейді. Бұл ойында (А) Нұрила санның бөлгіштеріне нақты жауап берді. (В) Мансұр санды көбейткіштерге жіктеп бөлу кезінде мұғалім көмегін қажет етті. (С) Дильназ сұраққа өз ойын шашыраңқы жеткізді.







(А, В) оқушылары өте жақсы жауап берді. (С) Дильназ өте қысқа жауап берді, тапсырманы орындай отырып, азайту мен көбейтуді шығара білді. (В) Мансұр сабақты қорытындылап жаза білді, топтық таныстырылым кезінде өзінің ойын жинақтап жақсы жауап беріп, сабаққа белсене қатыса білді. 8- тезиске сай қолайлы оқу үшін өзара топтар бір-бірінің таныстырылымдарын «Бас бармақ, смайлик , мадақтау, шапалақ» арқылы бағалап, қолдау, мадақтау айтып бақылау дағдылары артты. Тапсырманы орындау барысында оқушылар берілген уақытта таныстырылымдарын жасады, тапсырмаларын жақсы қорғап шықты. Бұл оқушылардың дәлелдерінің деңгейі мен маңыздылығын, балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды жұмсалуының қалыптасқаны. Әр оқушы өз білім алуына жауапкершілікпен қарауға, топта және жұпта пікір алмасып, өз ойларын еркін жеткізе білуге, қорытынды жасап, шешім қабылдауға, зерттеуге, ізденуге талпына білді. Сабақта алған білімдерін жинақтауда «Кері байланыс» стратегиясын пайдаландым. Негізгі мақсат- бұл

жерде оқушылардың сабақ барысында түйген ойларын, алған білімдерін бір арнада тоғыстыра білулерін қадағалау еді. Қорытынды: жоғары деңгейге жету тек төменгі деңгейдегі қажеттіліктер орындалған жағдайда ғана мүмкін болады. Жалпы сабақтың нәтижесіне келер болсақ, алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жету жолындағы ұстанымы іс-әрекет арқылы өз деңгейіне жетті.

Иманбаева Дина Еркінқызы 6«ә» сынып оқушыларымен «Қыпшақ хандығы» » тақырыбындағы lesson study-іс-әрекетті зерттеу сабағын өткізді. Мектеп ішінде *Lesson Study тәжірибені жақсарту жолында* 6 «ә» сыныбында Қазақстан тарихы пәнінен «Қыпшақ хандығы» тақырыбында зерттеу сабағы өтті . Зерттеудің мақсаты – функционалдық сауаттылығын дамытуға тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың білім сапасын дамыту. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін бірінші зерттеу сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты : Көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау.





Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында экранда «Вордволл» әдісімен көрсетілген сұрақтарға жауап берді.

Бірінші кезең ұжымдық жұмыс кезінде әр қатарға сұрақтар беріледі.Әр қатардан 1 оқушы шығып тақтаға есепті шығарды. (А) деңгейіндегі оқушы Алмасова Нұрила берілген сұраққа еш қиналмастан жауап беріп,белсенділік танытып отырды (В) Кудабаев Мансур тапсырмаларды толық көлемде меңгеріп,қызығушылықпен қатысты.(С) Махатова Дильназ тапсырманы айтарда қиналмады және де оқушының бойында өзіне деген сенімділік пайда болды.

Екінші кезеңде жеке жұмыс орын алды. Бұл тұста оқушылар Қыпшақ тайпаларын картаға түсірді. (А) Нұрила оқушы картамен жұмыста белсенділік танытты,(В) Мансур тапсырманы бірінші аяқтап,көшбасшы ретінде таныта білді (С) Дильназ топтан қалып кетпеуді ойлап,барынша ат салысуға тырысты.

Үшінші кезең Қыпшақ хандығы туралы бейнеролик көрсетіліп,талқылау сұрақтары арқылы Қыпшақ хандығының ішкі,сыртқы саясаты нәтижесінің қандай болғанына жауап берді. (А) Нұрила ерекше белсенділік танытып,нақты жауап берді, (В) Мансур мен (С) Дильназ тапсырмаға сенімді түрде жауап беріп,топта сенімділіктерін көрсете білді.





Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдап, сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді. Осылайша диалогтік оқыту жүзеге асты, өз беттерінше жаңалық ашуға, жаңа ақпаратты өз бетімен игеруге үйрене бастады, өзара қолдаушы болып, қате жауаптары үшін қорықпай, бір-біріне өзара түсіністікке жетулеріне көмектесе білді. өте терең ойлана отырып, сыни тұрғысынан ойын нақты жеткізуге тырысты. Жұптаса орындалған тапсырмады (В) Мансурмен (С) Дильназ оқушыларыма бағыттап едім, Дильназ сәл кідіріс білдірді, өйткені ол шатасып жауап берді және дауыс ырғағы жай болды. Ал, (А)Нұрила лезде тез жауап берді, өз ойын жеткізе білді. Қолайлы оқу ортасы үшін өзара бір-бірінің таныстырылымдарын оқушылар «Баскетбол әдісі» арқылы бағалап, қолдау, мадақтау айтып бақылау дағдылары артты. Тапсырманы орындау барысында оқушылар берілген уақытта таныстырылымдарын жасады, тапсырмаларын жақсы қорғап шықты. Бұл оқушылардың дәлелдерінің деңгейі мен маңыздылығын, балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды жұмсалуын мойындап, қалыптасып келе жатқаны деп түсінеміз. Әр оқушы өз білім алуына жауапкершілікпен қарауға, ұжымда және жұпта пікір алмасып, өз ойларын еркін жеткізе білуге, қорытынды жасап, шешім қабылдауға, зерттеуге, ізденуге талпына білді. Сабақта алған білімдерін жинақтауда «Колесо фортуна» стратегиясын, «Додекаэдр» әдісін пайдаланды. Негізгі мақсат - оқушылардың сабақ барысында түйген ойларын, алған білімдерін бір арнада тоғыстыра білулерін қадағалау. Кері байланыс (А)Нұрила жақсы,қысқа-нұсқа жауап берсе ,(В) Мансур сабақта алған өзінің оң әсерімен бөлісті .Ал (С) Дильназ сабақтың ұнаған тұсын айтып ,келесіде көбірек жұптық жұмыстардың болуын ұсынды. «Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Осы сабақ бойынша алған білімдерінің деңгейін анықтау, не нәрсеге көңіл бөлу керек екенін білу мақсатында кері байланыс кезеңінде оқушылар сабақтан алған әсерлерін жаза және айта отырып, өз білімдерінің деңгейін «Үш шапалақ» бағалау арқылы көрсете білді. (А) Нұрила оқушының бойында ерекше белсенділік байқалып, көшбасшы қабілетін байқатты.(В) оқушы Мансур ұжымдағы іс-әрекеттерді өз ойымен бөлісе алады. (С)оқушы Дильназ сыныпта болып жатқан процесті бақылап отырады, жеке және жұптық жұмыстарда жақсы нәтиже көрсетеді.






Исмагулова Жазира Сакеновна 6«ә» сынып оқушыларымен «Абайдың 7-қарасөзі» » тақырыбындағы lesson study-іс-әрекетті зерттеу сабағын өткізді.

Сабақтың мақсаты - әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру. Жетінші қарасөздің мазмұны бойынша тән құмары мен жан құмарының не екенін білу, ажырату, мәтіннің бөлімдерін анықтау, өзіне үлгі-өнеге, сабақ алу, қорытынды жасау.

Сабақ басында оқушылар видеоролик арқылы «Абайдың 7-қарасөзін» мұқият тыңдады. Тыңдалым дағдысынан кейін оқулықтағы кестені пайдаланып, тән құмары мен жан құмары деген не екенін анықтау мақсатында тапсырманы класс боп орындады. «Көршіңді тексер» әдісімен оқушылар бір-бірінің жұмысын тексерді, қателіктермен жұмыс жасады. А деңгейлі оқушы Нурила тапсырманы жоғары деңгейде өте жақсы орындады, жауап беру кезінде мүдірмей, жүйелі сөйлейді, ойлау қабілеті, байланыстырып сөйлеу дағдысы өте жақсы. В деңгейлі оқушы да тапсырманы дұрыс орындады, ойын нақты жеткізе алды. С деңгейлі оқушы Дильназ да тырысып, тапсырманы дұрыс орындауға талпынды, өзіне сенімді жауап береді. 2-тапсырма Қарасөз құрылымын кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлім бойынша сәйкестендіру болса, 3-тапсырма Қарасөзде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені шығармадан үзінді келтіре отырып, дәлелдеу болды. Әр тапсырмадан соң оқушылар бір-бірін дескриптор бойынша және «Өзіңді тексер» әдісімен өз жұмыстарын бағалап отырды. Сабақ бойынша оушылардың тақырыпты меңгергенін білу үшін критериалды бағалау көмектесті. Әр тапсырмадан кейін кері байланыс орнатылды. Сабақ соңында мақсатқа жеткенін білу үшін бекіту тапсырмасы орындалды. А, В деңгейлі оқушылар тапсырманы өз деңгейлерінде дұрыс орындады, 2, 3-тапсырманы орындау барысында С деңгейлі оқушы мұғалім, кейде оқушылар көмегіне жүгінді, себебі тапсырмалар күрделірек болды, толық тиянақты жауапты талап етті.






Оқушылар осы сабақта толығымен мақсаттарына жетті. Тапсырмалар жеңілден қиынға барды. Бүгінгі сабақ бойынша Абайдың «Жетінші сөзінің» мазмұнын білді. Ең бастысы – қарасөздің идеясына жетіп, анықтап, өмірмен байланыстырды. Өздері үшін үлгі-өнеге алды.

Сабақтың сәтті өткен тұстары - Қарасөздің құрылымын, үзіндісін сәйкестендіру өте тиімді болды. Оқу мақсатына сүйене отырып, оқушылармен бірге сабақ мақсатына жетті.

Осы сабақ барысында болашақта мәтінмен жұмысқа аса мән беру керектігін, оқушылардың өз ойын жеткізуге көбірек жеке тапсырма дайындау керектігі байқалды.

Сабақ соңында бақылаушы мұғалімдер сабақтың ұтымды және сәтсіз тұстарын талдады, сабақ бойынша өз ойларын, байқағандарын ортаға салды.



6 «Ә» класында 19/10, озаттар: 2, екпінділер: 12, 2022-2023 о.ж. жалпы білім сапасы -70 %, 2023-2024 о.ж. 1, 2-тоқсан бойынша – 74 %

Пәндер- 5 «ә» кл	Мұғалімі	2022-2023о.ж.	Пәндер-6 «ә»	Мұғалімі	2023-2024 о.ж. 1-тоқсан	%	2-тоқсан
Математика	Сасимбаева А.Т.	62 %	Математика	Сасимбаева А.Т.	74 %		74
Қазақ тілі	Жумабаева К.Т.	67 %	Қазақ тілі	Мақсутова А.А.	74 %		74%
Жаратылыстану	Жубанказарова Г.Е.	71 %	Жаратылыстану			+3	74 %
Қ. тарих	Имамбаева Д.Е.	68 %	Қ.тарихы	Имамбаева Д.Е.	68 %	-3	65 %

Қорытынды:
А деңгейлі оқушы барлық пәннен де – яғни есеп шығару кезінде де, картамен жұмыс барысында да, мәтінмен жұмыста да өз деңгейінде дұрыс, ойын тиянақты, дәлелмен, жүйелі жауап береді, барлық жұмыс түрлерінде белсенді, ойы, байланыстырып сөйлеу дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, сөз байлығы мол. Көшбасшылық қабілеті де жоғары, айналасындағы кластастарына үнемі көмектесіп отырды. Өз бетінше жұмыс жасау дағдысы жақсы қалыптасқан.
В деңгейдегі оқушы да мұғалім сұрағына жақсы, дұрыс жауап береді, топта, жұптық, жеке жұмыста белсенді, өз бетінше жұмыс жасай алады, өз ойын, пікірін анық жеткізеді. Жауаптары толық, нақты айтады, сөздік қоры бай, ойы анық. Барлық тапсырманы дер кезінде тиянақты орындап отырады.
С дейгейдегі оқушы тырысады, талпынады, көбірек білуге ұмтылады, ойын дұрыс жеткізеді, бірақ күрделі сұрақтарға жауап беруге, күрделірек тапсырмаларды орындауда қиналады, мәтінмен жұмыс барысында мазмұнын өз бетінше меңгере алмады, қасындағы оқушылар ой-пікірін қайталады, мәтіндегі кейбір терминдер мәнін өз бетінше түсіну қиын болды.
Ұсыныс: А, В деңгейдегі оқушылармен күрделі тапсырмалар түрлерімен жұмыстануды тоқтатпай, үнемі жүргізіп отыру керек. С деңгейлі оқушымен мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау, мәтін мазмұнын түсініп оқу дағдысын дамыту керек, мәтінмен әр түрлі жұмыс түрлерін жиі жүргізу керек, сөздік жұмыстарын дағдылы өткізу керек.


II жарты жылдықтағы есебі

Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді әдісі екендігі барлық мұғалімдерге таныс. Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі туралы мектеп мұғалімдері өз түсініктерін кеңейтуде және оның ерекшеліктерімен танысуда. Бүгінде сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда деректерді қолданып, сабақты жақсартуға ат салысуда. Lesson Study жүргізу алдында зерттеуші топ мүшелерін анықтап, бірлесіп жоспарланды. Жоспар мектеп әкімшілігімен келісіліп, бекітілді. II жарты жылдықта Lesson Study зерттеу топтары құрылды. Әр топтың жетекшілері, зерттеуші мұғалімдер және пән мұғалімдері анықталып, бектілді. Lesson study зерттеу тобының *«Білім мазмұнын жаңарту жағдайында әртүрлі әдіс - тәсілдер негізінде білім алушылардың білім сапасын арттыру»* тақырыбы мен сыныптары таңдалды.

1.Зерттеу тобының жетекшісі Жумабаева К.Т. *«Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру»*
2.Зерттеу тобының жетекшісі Мутигулина Н.С. *«Таңдалған пәндер бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру»*.
3.Зерттеу тобының жетекшісі Баймуратова Г.А. «Интербелсенді әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру»
4.Зерттеу тобының жетекшісі Қайырмағамбетова Б.М. «Сын тұрғысынан ойлауды үйрету арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру»
5.Зерттеу тобының жетекшісі Казбаева Ш.Қ. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы білім сапасын көтеру»
6.Зерттеу тобының жетекшісі Иманов Н.Қ. «Оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы арттыру»
7.Зерттеу тобының жетекшісі Урунбаева Л.А. «Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру»
8.Зерттеу тобының жетекшісі Жаппакова А.Ж. «Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру»
9.Зерттеу тобының жетекшісі Бодыкова Ж.Т. «Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру»

Сыныптағы үш білім алушыны анықтап, олардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу тапсырылды. Білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп, сабақты жоспарлау керектігі айтылды. Қаңтар айында мектеп психологтары мен топ жетекшілері бақыланатын үш білім алушыларды анықтады. Әр топ жетекшілері ай сайын отырыстар ұйымдастырды. Lesson Study тобының мақсаты мен зерттеу сұрағын және күтілетін нәтиже анықталды. Бақыланатын сыныптардан сауалнамалар алынды.сыныптардың зерттеу материалдары жинақталды. Әр топта Lesson Study зерттеу сабақтары өткізіліп, зерттеу сабақтары топ болып, талқыланып, келесі сабақтарға уақытында жоспар құрылды. Топ жетекшілері бақыланған білім алушылармен әңгімелесіп, сұхбаттасып, кері байланыс алды.

Зерттеу сыныптарының білім сапа көрсеткіші:



Бірінші топ жетекшісі: Жумабаева Кенжеш Тағыбергенқызының жүргізген Lesson study зерттеу сабақтары

Мектептің әдістемелік жұмысының жоспарына сай қыркүйек айында L.S зерттеу жұмысын жүргізуде топ құрылды. Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 5 «Ә» сыныбын алдық. Себебі, ол сыныпта бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар кездеседі деп болжам жасадық. Сыныпта оқу жылы басында барлығы -17 оқушы , оның ішінде оқу озаты- 5 , екпінділер саны -6 болса,

III тоқсан аяғындағы барлығы-19 оқушы, оның ішінде оқу озаты-5, екпінділер-8, білім сапасы - **68%** көрсетті.Динамика **+3%**

Зерттелетін пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіштері

	Пән атауы	**I тоқсан**	**II тоқсан**	**III тоқсан**
1	Қазақ тілі	65	65	68
2	Орыс тілі мен әдебиеті	65	65	68
3	Математика	65	65	68
4	Қазақстан тарихы	65	65	68

«Lesson study» зерттеу тобының құрамы

№	**Мұғалім аты-жөні**	**Пәні**	**Санаты**
1	Махмудова Айнур Амандыковна	қазақ тілі мен әдебиеті	педагог-сарапшы
2	Өтетілеу Фариза Қазиқызы	математика	педагог
3	Қуанышбаева Динара Сыргабековна	тарих	педагог-сарапшы
4	Жолтаева Асия Жиенеевна	орыс тілі мен әдебиеті	жоғары
5	Изгалиева Маншук Куптилеуовна	психология	педагог

Зерттеу жұмысының бірінші қадамы бойынша ***«Сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру"»*** тақырыбындағы зерттеу сұрағы II жартыжылдықта жалғасын тапты, тек бақыланатын оқушылырды ауыстыруды жөн көрдік.

А оқушысы /Сағидолла М/ – жан-жақты, барлық сабақтардан үлгерімі жоғары оқушы. Танымдық қабілеті тұрақты, оқу ынтасы жоғары.

В оқушысы/ Уразмурзин Арсен/ –үлгерімі орташа, тапсырманы ешкіммен талқыламай, өзі орындағанды ұнатады. Сабақта үлгерімі көңіл күйіне сай өзгеріп отыратын, мінезі тұйықтау, көбіне белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы.

С оқушысы/ Сарсенбай Е/ – деңгейі орташадан жоғарылау , сабаққа қызығушылығы жаман емес , топтық жұмысқа тарту арқылы оқуға деген ынтасын арттыруды қажет ететін оқушы. Сынып жетекшісі Д.С.Қуанышбаева оқушылардың жалпы деңгейін анықтауда ашық және жабық сұрақтардан тұратын бастапқы сауалнама жүргізді.

Бастапқы сауалнама сұрақтары:

1. Сабаққа қандай көңіл- күймен келесің?

а)Көтеріңкі күймен, себебі..... ә)Орташа күйде, себебі .... б)Көңіл күйім тұрақты емес, себебі ....

2.Сабақтың қалай ұйымдастырылғанын қалайсың?

а)Топпен..... ә)Жеке..... б)Жұппен.....

3. Сабаққа белсенді қатысасың ба?

а)Жоғары деңгейде, себебі..... ә)Орташа деңгейде, себебі .... б)Төменгі деңгейде, себебі ....

4. Сабақ үстінде өз ойынды қаншалықты жеткізе аласың?

а)Жоғары деңгейде, себебі..... ә)Орташа деңгейде, себебі .... б)Төменгі деңгейде, себебі ....

5. Топпен жұмыста кіммен бірге болғың келеді? *Топта.....*

	Сұрақтар	**А**	**Ә**	**Б**	
1	Сабаққа қандай көңіл- күймен келесің?	10	5	2	
2	Сабақтың қалай ұйымдастырылғанын қалайсың?	9	4	4	
3	Сабаққа белсенді қатысасың ба?	11	5	1	
4	Сабақ үстінде өз ойынды қаншалықты жеткізе аласың?	8	5	4	
5	Топпен жұмыста кіммен бірге болғың келеді?	**Мадина, Айсұлу, Алина, Арсен Қ**			

Сауалнама нәтижесі анықталған соң, өткізілетін зерттеу сабақтарының кестесі жасалды, кестеге сай әр пән мұғалімі тізбектелген үш сабақ бойынша зерттеу жүргізді.

№	**Мұғалімнің аты-жөні**	**Пәні**	**Сабақтың тақырыбы**	**күні**
1	Изгалиева Маншук Куптилеуовна	психология	Сыныпты зерттеу сауалнама	08-15.01.2024 ж

2	Куанышбаева Динара Сыргабековна	тарих	«Берел қорғандары»	19.01. 2024 ж
		тарих	«Тасмола археологиялық мәдениеті»	22.01. 2024 ж
		тарих	«Тасмола археологиялық мәдениеті»	26.01. 2024 ж
3	Жолтаева Асия Жиенеевна	орыс тілі мен әдебиеті	“Посол страны детства”	30.01. 2024 ж
		орыс тілі мен әдебиеті	Сказки о художниках	31.01. 2024 ж
		орыс тілі мен әдебиеті	Первый народный художник Казахстана	01.02. 2024 ж
4	Өтетілеу Фариза Қазиқызы	математика	Ондық бөлшектерді қосу және азайту	05.02.2024 ж
		математика	Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту	07.02.2024 ж
		математика	Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту	09.02.2024 ж
5	Махмудова Айнур Амандыковна	қазақ тілі	Көлік түрлері	12.02.2024 ж
		қазақ тілі	Жол ережесін сақтаймыз!	14.02. 2024 ж
		қазақ тілі	Жол ережесін сақтаймыз!	16.02 .2024 ж

Кестеге сай әр сабақ топ мүшелерінің толық қатысуымен уақытылы өткізілді. Сабақтарда А, В, С деңгейлі оқушылар бақылауға алынып, іс әрекеттеріне талдау жасалынды. Өткізілген әрбір сабақтан соң топ мүшелері бірлесе отырып, сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын талқылап, пікірталас картасы толтырылып отырды. Сонымен қатар келесі сабақта қандай әдістерді пайдалану керек немесе нені жақсарту керек екендігі жоспарланды.

Бақылаудағы А, В, С деңгейіндегі оқушылардың зерттеу сабақтарындағы іс- әрекеттері

Пәні: Қазақстан тарихы **Мұғалімі:** Қуанышбаева Д.С.

	А	**В**	**С**
1-зерттеу сабағы	Оқушы сабаққа белсенді қатысып, пәнді жақсы қызығушылығы мол. Тақырыптарды жетік меңгерген.	Оқушы сабақ барысында тапсырмаларды баяу орындайды. Мұғалімнің жетелеуімен сұрақтарға жауап берді.	Оқушының талпыныс бар. Жауап берп, тапсырмаларды орындап отырды.
2-зерттеу сабағы	Оқушы белсенді, жүйелі, нақты, дәл жауаптар береді. Талдау жасай алды.	Оқушының белсенділігі төмен. Сыныптағы лидер оқушылардың көмегімен тапсырмаларды орындап отырды.	Оқушының пәнге қызғушылығы бар. Тапсырмаларды өз деңгейіне сай орындады.
3-зерттеу сабағы	Оқушы белсенді, пәнге қызығушылығы зор. Лидер, сыныптың оқушыларын жетелеп отырды. Мұғалімнің әр сұрағына нақты жауап берді.	Оқушыны мұғалім ылғи жетелеп, тұрғызып сұрап отырды. Оқушының жауаптары бір сөзбен болды.	Оқушы белсенді, тапсырмаларады орындап, сұрақтарға жауап беруге тырысады






Пәні: Орыс тілі мен әдебиеті **Мұғалімі:** Жолтаева А.Ж.

	А	**В**	**С**
1-зерттеу сабағы	Берілген тапсырмаларды орындайды, теориялық білімін практикада қолданады, талдайды,	Топтық тапсырмаларда белсенділігі баяу болды. Сабақ барысында қанша жетелеп, тұрғызып	Берілген тапсырмаларды орындайды,түсінеді, бірақ теоориялық білімін практикада орташа

	бағалайды.	сұрағанмен оқушының сабақтағы жауаптары мардымсыз болды. Сабаққа қатысуы төмен деңгейде болды.	қолданады
2-зерттеу сабағы	Сабақ бойында белсенділік танытып отырды. Орыс тілінде еркін сөйлей алмаса да , өз ойын жеткізе алды. Топтың жауапкершілігін өз қолына алып, көшбасшылық танытты.	Берілген тапсырмаларды орындады. Бірақ шығармашылық тапсырмаларды орындай алмады.	Алдыңғы сабаққа қарағанда бүгінгі сабақта белсендірек болды. Тақтамен жұмыста өзіне деген сенімділігі басым , қатемен болса да жауап беріп отырды.
3-зерттеу сабағы	Тақырыпқа шығып, сабақтың мақсатын анықтай алды, топтық, жұптық тапсырмалардың шартын тез түсініп орындады.Көрсетілген видео бойынша сұрақтарға жауап берді, жаңа сөздерді меңгеріп, орынды қолдана алды.	Жетелеуді қажет етеді, көшбасшылыққа ұмтылмайды Қабылдау қабілеті жақсы, бірақ өз-өзіне сенімсіз. Сабақта жұмыс жасау үшін мұғалімнің назарын талап етеді	Белсенді, терең ойланбай сұрақтарға тез жауап береді, білімі жеткіліксіз, қабылдауы жақсы
Сабақтан соңғы А оқушысымен сухбат			
1)Сабақ барысында саған не көп ұнады? 2)Сен неге үйрендің? 3)Бұрын білмегеніңнен қазір не істей аласың? 4)Өте жақсы не істей аласың? 5)Сабақтың қай тұсы тиімді болды?		Топ басшысы болу, топтағылардың сабаққа қатысымын бағалау ұнайды. Өзімді және сыныптастарымды кретерий бойынша бағалауды үйрендім. Бағалау бойынша өз ойымды сыни тұрғыдан білдіруді үйрендім. Сабақтың әр кезеңі мен үшін тиімді деп санаймын.	





Пәні: Математика **Мұғалімі:** Өтетілеу Ф.Қ.

	A	**B**	**C**
1-зерттеу сабағы	Оқушы сабақ барысында аз белсенділік көрсетті ,бірақ тақырыпы толық түсінді. Тақырыпты толық түсінгені жеке жұмыс барысында көрініп отырды.	Әуелі топтық жұмыста қасындағы оқушыларды тыңдап отырды. Ойын кезінде екі сұраққа дұрыс жауап берді. Өз ойын айтуға тырысты, бірақ нақты емес.	Сабақтың ортасынан бастап, белсенділік көрсетті.Топтық жұмыс кезінде белсенділігі төмен болды.Оқушы тақырыпты түсініп, өз түсінгенін ортада қол көтеріп жауап берді.
2-зерттеу сабағы	Сабақтың барлық кезеңдерінде белсенді отырды.. Тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, көмектесіп, дұрыс жауап берге ықпал етті.	Білім алушының бойынан сабақтың барлық кезеңдерінде аса үлкен белсенділік көрінді. Тапсырмаларды алдын ала орындап,мұғалім мен дер кезінде кері байланыс алып отырды.	Оқушы сабақтарда үлкен белсенділікпен қатысып отырды. Миға шабуыл кезінде де, ұжымдық жұмыста да, жеке жұмыс кезінде жоғары балл алып көш бастап отырды.
3-зерттеу сабағы	Өз тобында көшбас шылық көрсетіп, тапсырмаларды тобын дағы оқушыларға бөліп беріп отырды. Барлық сұраққа жауап беріп, топ ты жетеледі. Белсенді, жақсы көшбасшы, тапсыр маны уақытында және дұрыс орындады. Тапсырмаларды орындауда еш кідірмес тен жауап берді.	Оқушы жеке және топтық тапсырмаларды жақсы орындады. Өз пікірін ойланып айтады. Белсенділігі аз , бірақ сабақты түсінді. Жұмысқа жауапкершілікпен қарады.	Әуелі ұжымдық жұмыста есептерді толық шығарды. Кейін топтық жұмыста көшбасшылық қасиеті ашылып топты жетелеп ,нәтижеге жеткізді . Сабақтың басынан бастап белсенділік көрсетті.Сабақты өте жақсы деңгейде түсінді.

Сабақтан соңғы В оқушысымен сухбат	
1)Сабақ барысында саған не көп ұнады? 2)Сен неге үйрендің? 3)Бұрын білмегеніңнен қазір не істей аласың? 4)Өте жақсы не істей аласың? 5)Сабақтың қай тұсы тиімді болды?	-Сабақтағы интерактивті әдістер, логикалық тапсырмалар ұнады. Тобымдағылардың пікірін тыңдау арқылы білмегенімді солардан үйрендім. Сабақтың басындағы ойындар ұнады.





Пәні: Қазақ тілі **Мұғалімі:** Махмудова А.А.

	A	**B**	**C**
1-зерттеу сабағы	Сабақтың әр кезеңі бойынша тапсырмаларды жоғары деңгейде орындай алды. Өтілген тақырыпты жақсы игергендігін байқатты.	Бақылау нәтижесі бойынша оқушы тапсырмаларды орташа деңгейде орындай алды. Сабақ басында қызығушылық танытқанымен, жұппен жұмыстану кезінде тапсырманы ықылассыз орындады.	Оқушы сабақ басынан белсенді жұмыстанды,білім меңгертудің әр түрлі кезеңінде қызығушылық танытты. Барынша тапсырманы орындауға талпынды.
2-зерттеу сабағы	Оқушы сабақта әдеттегідей белсенді болды. Нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратты.Берілген екі тапсырманы да мұқият, жауапкершілікпен орындады.	Мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп ала алды; іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жаза алды. Нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату барысында сұрақтарға жауап бермеді, сабаққа зауқы соқпады.	Нұсқаулық құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату барысында сұрақтарға жауап бере алды, қол көтеріп, сабақта белсенді болды. Жазылым кезеңінде мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп ала алды; іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жаза алды.
3-зерттеу сабағы	Оқушы сабақтың әр кезеңінде өте белсенді болды, бар зейні сабақта болып, үнемі мұғаліммен қарым-қатынаста болды. Берілген барлық тапсырмаларды мұқият, жауапкершілікпен орындады. Топтық, жұптық, жеке тапсырмалар орындауда жақсы белсенділік танытып отырды.	Оқушы бұл сабақта қызығушылық танытты.«Суретті тап» әдісі барысында топ атынан ортаға шықты. Дегенмен жест, сөз арқылы суреттегі бейнені табу кезінде қиналды. Фотосуреттер желісі бойынша әңгіме құрастыру кезінде қиналды. Білім алушыдан қысылып-қымтырылу, ұялу байқалып тұрды.	Оқушы шама-шарқынша тапсырмаларды орындай алды. Сабақ басынан белсенді жұмыстанды,білім меңгертудің әр түрлі кезеңінде қызығушылық танытты. Ауызша берілген тапсырмаларды орташа деңгейде орындайды, жазбаша тапсырмаларды орындауда көмек қажет етеді.
Сабақтан соңғы С оқушысымен сухбат			

1)Сабақ барысында саған не көп ұнады? 2)Сен неге үйрендің? 3)Бұрын білмегеніңнен қазір не істей аласың? 4)Өте жақсы не істей аласың? 5)Сабақтың қай тұсы тиімді болды?	Топқа бөліну, топтық жұмыс, өзін-өзі бағалау, топтық жұмыс арасында бірлесіп талқылау, өз ойын еркін жеткізу. Мен бұрын өз ойымды толық жеткізе алмайтынмын, енді топтық жұмыс арқылы еркін сөйлеп өз ойларымды жеткізе алатын болдым.



Барлық зерттеу сабақтарының нәтижесін талдай келе А,В,С оқушыларының іс әрекеттері бойынша тұжырым

	A	**B**	**C**
Қорытынды	Оқушы зерттеу сабақтарында өз деңгейінде жұмыстана алды. Сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырады. Сыни тұрғыдан ойлануы жоғары деңгейде болды. Көшбасшылық танытып, өз ойын еркін салмақты жеткізеді.	Оқушы топтық тапсырмаларда белсенділігі баяу болады. Сабақ барысы қанша жетелеп, тұрғызып сұрағанымен оқушының сабақтағы жауаптары мардымсыз болды. Сабаққа қатысуы төмен деңгейде болды. Оқушы өз деңгейінде көріне қоймады.	Оқушының көбіне сабақта сұрақтарға жауап беріп, тақта алдында шығып сөйлегеннің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдіреді. Зерттеу барысында аса қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып отырды. Оқушы шама-шарқынша тапсырмаларды орындай алады, жазба жұмысына қарағанда, ауызша тапсырмаларды орындауға бейім.
Нәтиже	Өзіндік ойы бар,тапсырмаларды тез дәлелмен орындайды. Басқаларға көмек қолын ұсынады. Күрделі тапсырмаларды жеке талдайды және топ мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, ортақ шешім, қорытынды жасай алады;	Топтағы жүргізілген іс-әрекеттерді өз ойымен, толық жеткізе алады және өзіндік бағалаудың объективті болу керектігін түсінеді.	Іс әрекеттерді бақылайды, топ мүшелерімен бірлескен кезде ой білдіреді, кейбір тапсырмаларды сыныптастары көмегімен орындайды, қиындықтарды көтере алады және өз мүмкіншіліктерін біледі.
Ұсыныс	Оқушыға шығармашылығын дамытатын қосымша тапсырмалар әзірлеу.	Оқушылармен бірге жұмыстана алу қабілетін жетілдіру; топ басшысы етіп сайлау арқылы сабаққа ынталандыру, белсенділігін арттыра тын тапсырмалар орындату керек.	Оқушы сабақта үнемі мұғалім назарында болу керек, жазба жұмыстарына көбірек көңіл бөлу керек. - Ынтымақтастықта жұмыс оған оқуға мотивация береді

Осының нәтижесінде зерттеудегі А, В, С оқушыларының өзін-өзі реттеу, қалыптастыру, өз бетінше білім алу және жекелеген зерттеу пәндері бойынша білімдерін дамыту қабілеттерінің өсуін байқадық. Зерттеу тобындағы мұғалімдердің жүргізген бақылауларына талдау жасай отырып, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерінің артқанын, сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, бір-бірімен диалог жүргізу арқылы өз ойларын негіздей алатындығын байқадық





Нені жақсартуды қажет етеді?	Қорытынды	Ұсыныс
Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақ материалдарын ,әртүрлі тапсырмаларды жедел слайд немесе интерактивті тақталар,платформалармен ұштастыра отырып беру қажет,яғни түрлі әдіс–тәсілдерді көп қолдану. Сыныптағы ерекше білімді қажет ететін оқушыны жалпы ұжымдық тапсырмаларға тарту.	Сабақтарда топтық, жұптық жұмыс кезінде оқушылардың арасында жүргізілетін диалог олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді; Lesson Study зерттеу жобасында, мұғалімдер оқушыларды бақылау дағдысын дамытты; Бұл зерттеу материалдары сабақ беретін мұғалімдер үшін маңызды болды. Оқушылардың зертеу сабақтарының нәтижесінде сыни ойлау арқылы танымдық қызығушылығы артты ,яғни зерттеу сұрағының мақсатына жеттік.	-Жалпы сыныпқа берілген мінездемеге байланысты сыныптағы жүргізілетін әрбір сабақтарға түрлі әдіс–тәсілдерді ,жаңа технологияларды кеңінен қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру: -С деңгейлі оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы нақты ақпаратпен жұмыстануға арттыру; -В деңгейлі оқушының өз бетінше жұмыстанып, көңіл күйінің бір қалыпты болуын қадағалау; -А деңгейлі оқушыға жеке шығармашылық жұмыстар беру арқылы іс әрекетін қадағалау; -сыныптың, әсіресе топтық жұмыс кезіндегі тәртібі мен белсенділігін реттеу;

LS зерттеу сабағын жүргізудің сәтті тұстары:

Оқушылар үшін: Оқушылар топқа бөлініп, жұптасып - топтасып жұмыс жасау арқылы өзгерді, ынтымақтастықтары артты. Сабақ айтулары өзгерді. Сабақ айтқанда, тек оқулықтағымен шектелмей, сабақты өмірмен байланыстырып, сыни тұрғыдан пікір айтуға машықтана білді. Тапсырмаларды орындау барысында, жұптық - топтық жұмыстың мағынасын түсінді.Бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға, ортақ бір шешімге келуге үйренді. Топтасып - жұптасып жұмыс жасауда ешкім оқшауланып қалмайтынын, толық бір кісідей қатысу керектігін білді.

Мұғалімдер үшін: Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытты.Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударып, туындаған кез келген мәселені бірлесе отырып, шешуге үйренді. Идеяларымен, әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, зерттеу нәтиже беретініне көздері жетті.

Нәтижесінде бірлесіп қол жеткізген әріптес-әріптес, әріптес-оқушы, оқушы-оқушы ынтымақтастығы құрылды.

LS зерттеу сабағын жүргізудің сәтсіз тұстары:

- А деңгейлі оқушының тым сенімділікпен тапсырмаларды көбіне өзі орындап, топтық жұмыс барысында басқалардың пікірлерімен санаспауы;
- В деңгейлі оқушы көбіне мұғалімнің қолдауымен жұмыстанып, тапсырмаларды көңіл күйіне қарай орындауы;
- С деңгейлі оқушы өз-өзіне сенімділік танытқанмен, жұмыс барысында нақтылықтың аздығы

Екінші топ жетекшісі: Мутигулина Нүргүл Сағынтайқызының жүргізген Lesson study зерттеу сабақтары

«Қазақстан тарихы» пәнінен 6 «ә» сыныбында Иманбаева Д.Е. тізбектелген үш сабағын өткізді.

Сабақ тақырыбы: Моғолстан,Әбілхайыр хандығы

Оқу мақсаты: 6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XY ғ мемлекеттердің саяси үдерісін түсіндіру

Қазақстан тарихы пәнінен 6 «Ә» сыныпта Иманбаева Д.Е. тізбектелген сабақтар берді. 1-сабақ «Ақ Орда мемелекеті», 2-сабақ «Моғолстан,Әбілхайыр хандығы», 3-сабақ «XIII-XY ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті» тақырыбында өтті. Бірінші сабақтың ұйымдастыру кезеңінде сыныпта ынтымақтастыру атмосферасын құрып, бейнекөрініс көрсетілді. Бейнекөріністен ой шақыруға арналған сұрақтар қойылып, оқушылар жаңа тақырыппен және сабақ мақсатымен таныстырылды. Оқушылар өз ойларын, бейнекөріністен түсінген мәліметтерді, деректерді еркін айта алды. Оқушыларға келесі тапсырма мәтін беріліп, мәтіннен алған деректерге қарап, алдарына берілген артефактілерді Қазақстанның тақтада

ілінген картасына орналастыру болды. Оқушылар бір-бірден келіп, артефактілерді алып, мағынасын ашып, картаға ілді. Келісі тапсырма оқушыларға қолдарына тақырыпқа байланысты кілтсөздер берілді. Оқушылар кілт сөздерді сипаттап, артефактілерге талдау жасады. Оқушылар белсенді қатысты.
Оқушыларға «Тарихи диктант» жеке тапсырма берілді. Тапсырманы оқушылар жарыса, аса белсенділікпен орындады. Кері байланыс кезінде «Қызық-Құнды-Қиын»кестесі арқылы оқушыларға бүгінгі сабақтағы ой-пікірлері жазылды. Үйге тапсырма беріліп, сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланды.






Екінші сабақ тақырыбы: «Моғолстан,Әбілхайыр хандығы». Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында экранда «Стикердегі диалог» әдісімен үй тапсырмасы сұралды. Сабақтың тақырыбын ашу үшін бейнекөрініс көрсетіліп, ой қозғау сұрақтары қойылып, сабақ тақырыбы мен мақсаты таныстырылды. «Моғолстан,Әбілхайыр хандығы» туралы бейнеролик көрсетіліп,талқылау сұрақтары арқылы Әбілхайыр хандығының ішкі-сыртқы саясаты нәтижесінің қандай болғанына жауап берді.Оқушылар картамен жұмыс жасады,ақиқат – жалған, семантикалық карта, басқатырғыш тапсырмаларын орындады.Оқушыларға функционалдық сауаттылықты дамытуға қатысты тапсырмалар берілді.





Келесі тапсырма топтық жұмыс «Пазл» құру болды. Әр қатарға тақырыпқа байланысты мәлімет беріліп, сол мәліметке сәйкес пазлдарды жинақтап құрды. Оқушыларға жеке жұмыс «Керекті сөздер» тапсырмасы берілді. Әр оқушы жеке орындап, өз деңгейлеріне сәйкес жауаптар берді. Бұл тақырыпты оқушылар жақсы меңгергенін көрсете алды. «СМС» әдісі бойынша оқушылар кері байланыс жасады. Үйге тапсырма беріліп, сабаққа белсенді қатысқан оқушылар бағаланды. Сабаққа белсенді қатысқан оқушылар арасында сәттілік билеті ойнатылды, оқушыларға сабақ ұнады. Үшінші сабақ «XIII-XY ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті» тақырыбы. Сабақта көңілді атмосфера жағдайын жасау мақсатында сергіту сәті ұйымдастырылды. Сабақ тақырыбы мен мақсаты таныстырылды. Бағалау үшін тапсырма орындалған соң оқушылар «ватсап мессенжері» парағы арқылы бағаланып отырды. Тапсырма барысында қалыптастырушы бағалау кері байланыс ретінде мадақтап, мақтап, смайликпен бағалап отырды. Сыныпқа жасырылған сұрақтарды оқушылар іздеп тауып, жауап берді. «Шыбын» әдісі арқылы жұптық тапсырма орындалды. 2 оқушыдан шығып, сұрақтарға жауап беріп шапалақ арқылы шыбынды аулады. Оқушылар қызыға белсенді орындады. Сабақтың басында «Бір қадам-бір дәйек» әдісі арқылы оқушылар жұптасып, тақтада орындады.
Оқушылар әдіс арқылы танымдық қызығушылығын арттырды. «Ия-Жоқ» әдісі тапсырмасы берілді. Бұл топтық тапсырманы оқушылар топтаса отырып, белсенді орындады. «Венн диаграммасы» бойынша сақ тайпасының 2 мәдениетін салыстырды, бұл эстафеталық тапсырма болды. Оқушылар жылдамдыққа, дәлдікке жұмыс жасады. Кері байланыс «Вордвлл» әдісі арқылы алынды. Тапсырманы оқушылар жақсы орындап шықты.Үйге тапсырма беріліп, оқушылар бағаланды.

	А оқушы (Алмасова Нұрила)	В оқушы (Құдабаев Мансур)	С Оқушы (Махатова Дильназ)
1-сабақ	Оқушы сабаққа белсенді қатысып, пәнді жақсы қызығушылығы мол. Тақырыптарды жетік меңгерген	Оқушы сабақ барысында тапсырмаларды баяу орындайды. Мұғалімнің жетелеуімен сұрақтарға жауап береді.	Оқушының талпыныс бар. Жауап берп, тапсырмаларды орындап отырды.
2-сабақ	Оқушы белсенді, жүйелі, нақты, дәл жауаптар береді. Талдау жасай алады.	Оқушының белсенділігі төмен. Сыныптағы лидер оқушылардың көмегімен тапсырмаларды орындап отырды.	Оқушының пәнге қызығушылығы бар. Тапсырмаларды өз деңгейіне сай орындады.
3-сабақ	Оқушы белсенді, пәнге қызығушылығы зор. Лидер, сыныптың оқушыларын жетелеп отырады. Мұғалімнің әр сұрағына нақты жауап береді.	Оқушыны мұғалім ылғи жетелеп, тұрғызып сұрап отырды. Оқушының жауаптары бір сөзбен болды.	Оқушы белсенді, тапсырларады орындап, сұрақтарға жауап беруге тырысады





Зерттеу сұрағы: сыни ойлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру**.** Зерттеу сұрағына сәйкес сынып оқушыларына шыбын әдісі, артефактілерді картаға топтастыру, венн диаграммасы әдістері және бір қадам-бір дәйек тапсырмасы арқылы жүзеге асырылды. Ақиқат жалған тапсырмаларды оқушылар ынтамен жақсы орындап шықты

Алмасова Нұрила, Құдабаев Мансур,Махатова Дильназ, Жаныбекова Амина, Мұратова Аякөз, Сабитов Мұқағали,Қалдыбек Саяна т.б.оқушылар сабақта белсенділік танытып отырды. Тлеуқара Ақтілек,Урынбасаров Саламат сынды оқушылар берілген тапсырмаларды топтың қолдауымен орындап отырды.

(А)Нұрила сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлануы жоғары деңгейде болғандықтан, көшбасшылық танытып, мысал келтіріп, дәлелдей отырып, өз ойын еркін салмақты жеткізді.

(В) Мансур топтық тапсырмаларда белсенділігі баяу болды. Сабақ барысы қанша жетелеп, тұрғызып сұрағанымен, оқушының сабақтағы жауаптары мардымсыз болды. Сабаққа қатысуы төмен деңгейде болды.

(С) Дильназ бүгінгі сабақта сұрақтарға жауап беріп, тақта алдында шығып сөйлегеннің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Үш сабақта да аса қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып отырды. Бүгінгі сабақта аса қызығушылықпен белсенділік танытқаны байқалды.

Оқушылар қалыптастырушы бағалау әрекетін орындауда дескрипторға сүйене отырып өз беттерінше жүргізе алды.

Сабаққа қатысқан әр оқушы оқу мақсатына жете алды. Әр тапсырманы қызыға орындап, белсенділік танытты. Берілген сұрақтарға жауаптары толық болды, оқушы көзқарастары бағаланды, алға ұмтылушылық, белсенділік көрінді. Тапсырмалар, жоспарланған саралау дұрыс іске асты.

Сабақ мақсатына сәйкес жоғары деңгейдегі оқушылар археологиялық ескерткіштерді, ежелгі тайпалардың дүниетанымын, ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттай алады, орта деңгей ескерткіштерді сипаттап, орналасқан аймағын, қай тайпа қалдырғандығын айта алады, төмен деңгей оқушылары ескерткіштерді атай алады.

Қорытынды: оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, жаңа әдіс-тәсілдер қолдану.

Оқушыларды қызық тапсырмалар арқылы жетістікке жетелеу.

Ұсыныс: оқушылардың тәртібін қадағалау, сабаққа қызығушылығын арттыру.

Сагимбаева Анар Тураровна 6 «Ә» сыныбында математикадан «Параллель түзулер», «Перпендикуляр түзулер», «Кесінділер» тақырыбында 3 тізбектелген сабағын өткізді. Негізі сабақтың нәтижесінде оқушылардың «Параллель түзулер», «Перпендикуляр түзулер», «Кесінділер» туралы түсініктерін жетілдіру және математика сабағына деген қызығушылығын дамыту, функционалдық сауаттылығын арттыра түсуі күтілді. Аталған мақсат пен күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін сабақта бағдарлама модульдерін қолданудың әдіс-тәсілдерін ойластыра келе, сынып оқушыларының жасы аралықтарын ескере отырып, тапсырмаларды солардың жас ерекшеліктерінің деңгейіне сай жоспарлаған.

1-ші сабақ Параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату мақсатында өтілді. Сабақтың әр кезеңі оқушылар үшін маңызды болып табылды. Сабақ әдеттегідей психологиялық ахуал орнатудан басталды. Әр оқушы өз есімінің әріптеріне лайық адами құндылықтарын атап шығуда бір-бірін қайталамауға тырысып бақты, әсіресе, ер балалар шапшаңдық танытты. Содан кейін «Параллель», «Перпендикуляр», «Кесінді» болып үш қатарға бөлінді. Сабақтың тұсау кесер бөлімі бойынша үй тапсырмасын «Ортадағы қаламсап» стратегиясы арқылы қорытындылатып, жаңа сабақтың тақырыбын аша түсу үшін «Ойлан және жауап бер» деген сұрақ орайында ортаға өз ойларын салып, талдап, шешім қабылдап, дәлелдемелерді бағалау, нәтижелерді өз бетінше түсіндіру көзделді. Сабақта түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін сынып оқушыларының білім деңгейлерін ескере отырып, тапсырмаларды солардың деңгейіне сай жоспарланды.






Сабақтың әр кезеңінде «Кім жүйрік?»“Ойлан, бөліс», “Қазынаны тап”, «Көршіңмен сырлас» , «Борды беріп жібер», «Бағдаршам», «Жеке-жұп-топ», "Көңіл-күй смайлигі" әдістері қолданылды. Әрбір оқушы өз жұптарын тауып, жылдам есептеуде оқушылар шапшаңдық танытты. Содан кейін Үй тапсырмасын «+», «-» әдісі арқылы тексеріліп, 10 баллдық

жүйемен бағалады. Сабақтың тақырыбын аша түсу үшін оқушыларға сұрақтар беру арқылы «Ойлан – Жұптас – Бөліс» әдісі бойынша топтық жұмыс берілді, оның ішінде параллел және перпендикуляр түзулерді табу, оларды ажырата білу тапсырмаларын шығара білді. Оқушылар топ болып есепті талқылап шығарып есептерін қорғады, нәтижелерді өз бетінше түсіндіру көзделген болатын. «Көңілді балық аулау» әдісімен оқулылар алған есептерін жұппен шығарды.
Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдап, сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді. Осылайша диалогтік оқыту жүзеге асты, өз беттерінше жұмыс жасай біледі, өзара қолдаушы болып, қате жауаптары үшін қорықпай, бір-біріне өзара түсіністікке жетулеріне көмектесе білді. «Өзіңді тексер» стратегиясын қолдана отырып, оқушылар өз беттерінше оқулықта берілген «торкөзі бар және торкөзі жоқ парақтарда параллель және перпендикуляр түзулерді сала алды және сызбалар мен қоршаған ортадан параллель және перпендикуляр түзулерді таба алды» Берілген тапсырмаларды топта үнсіз оқып, ортаға салды. Жұптасып, топасып талдады. «Үшбұрышты сызғышты немесе транспортирді пайдаланып перпендикуляр түзулерді жүргіз» деген сұраққа






(А) Нұрила өте терең ойлана отырып, сыни тұрғысынан ойын нақты жеткізе білді. Тобындағы оқушылардың жіберген қателіктерін ескере отырып, оларға көмектесіп тобын алға жетелеп, көшбасшылық таныта білді. «Қазынаны тап» тапсырмасын орындау (С) оқушы Дильназға бағытталды, Дильназ таңбаларын ажыратуда жақсы жауап берді. Ал, (В) Мансұр өз ойын толық айтты. Параллель және перпендикуляр түзулерді салуды біледі. Оқулықта берілген есептерді (А) Нұрила сызбаларды салуды және транспортирді қолдануды жүзеге асырады, нақты жауап берді. (В) Мансұр параллель және перпендикуляр түзулерді өмірмен байланыстыра білді. (С) Дильназ қоршаған ортамен байланысқан түзулерді ата деген сұраққа өз ойын жинақтай алмай, шашыраңқы жауап берді. Дәптермен жұмыс жасау кезінде оқушыларға «сызғыш қолданып аталған түзулерді салу және белгіленуін көрсет» деген тапсырма берілді.







Екінші өткізілген сабақта (А, В) оқушыларым өте жақсы жауап жаза білді. (С) Дильназ өте қысқа жазды. Оқушылардың бойын сергіту үшін «Математиктер биі» қимылын орындалды, сергіту сәтін оқушылар көңілді өткізді. Топттық тапсырма кезінде 1-қатар: «Сурет бойынша түзу жүргізу, А және В нүктелерін белгілеу, параллель және перпендикуляр түзулерді табу», (А) Нұрила топтық таныстырылымды өте жақсы орындады, оқушыларға да өз ойын нақты жеткізуге жағдай жасап, алға ұмтылып отырды. 2-қатар: «Борды беріп жібер» әдісі бойынша (В) Мансұр тапсырманы жақсы орындады, 3-қатар: «қиылысқан түзулер» арқылы (С) Дильназ сурет бойынша бұрыштарды көрсете отырып, тапсырманы орындады.







Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар берілген уақытта тапсырмаларды аяқтай алмағандықтан, қосымша 2 минут уақыт берілді. Бұл оқушылардың дәлелдерінің деңгейі мен маңыздылығын, балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды жұмсалуын мойындап, қалыптасып келе жатқанының дәлелі.







Әр оқушы өз білім алуына жауапкершілікпен қарауға, топта және жұпта пікір алмасып, өз ойларын еркін жеткізе білуге, қорытынды жасап, шешім қабылдауға, зерттеуге, ізденуге талпына білді. Осылай оқушыларды топ ішінде топтастырып жатқанда ортада ЖАДА қалыптастыруға түрткі болып, ынтымақтастық атмосфера қалыптасты. Сабақта алған білімдерін жинақтауда «Кері байланыс» стратегиясын пайдаланылды. Негізгі мақсат - оқушылардың сабақ барысында түйген ойларын, алған білімдерін бір арнада тоғыстыра білулерін қадағалау еді.

Сабақ бойынша рефлексия жасалынды, әр оқушы өзінің сабақтағы көңіл-күйіне сәйкес смайликтерді таңдай отырып, сабақ бойынша кері байланыс берді. Сабақ дәл уақытында аяқталды, жоспарланған тапсырмалар түгел орындалды, сабақ мақсатына жетті.

Қорытынды: **А, В** деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығы, өз бетінше логикалық ойлау қабілеттері жоғары, есеп шығару дағдылары қалыптасқан, білім деңгейлері жақсы, берілген кез келген практикалық тапсырмаларды өз деңгейлерінде дұрыс орындайды, сабақта белсенді;
С деңгейлі оқушы күрделі есептерді шығаруда қиналады, мұғалімнің, оқушылардың көмегіне жиі жүгінеді, оңай есептерді өз бетінше шығаруға тырысады, белсенділік танытады.
Ұсыныс: А,В деңгейлі оқушылардың білімін, пәнге қызығушылығын әрі қарай арттыру мақсатында сабақта жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді үнемі қолдану, қызықты тапсырмалар арқылы жетістікке жетелеу. С деңгейлі оқушымен тығыз байланыста болу, пән бойынша білім деңгейін арттыру үшін әлде де қосымша көбірек жеке тапсырмалар беріп, жұмыстану, әр ісіне, жетістігіне қолдау көрсету, оқушылардың тәртібін қадағалау.

Жубаназарова Гульдана Ермекбаевнаның 6 «ә» сынып оқушыларымен «Тірі ағзалардың қоректену типтері», «Тірі ағзалардың қоректенуі»,«Жасуша әлеміне саяхат. Ағзаның көбеюі және өсуі», тақырыптарында тізбектелген сабақтар өткізді. 1-сабақтың мақсаты- оқушылар ағзалардың автотрофты, гетеротрофты екендігін талдап, ағзалардың қоректену типіндегі ұқсастық пен айырмашылықтарды, ағзалардың қоректену типтерін ажырату. Аталған мақсат пен күтілетін нақты нәтижеге қол жеткізу үшін сабақта бағдарлама модульдерін қолданудың әдіс-тәсілдерін ойластыра келе, сынып оқушыларының жасы аралықтарын ескере отырып, тапсырмаларды солардың жас ерекшеліктерінің деңгейіне сай жоспарладым. Сабақтың әр кезеңі мен үшін оқушылардың ортасынан ойып орын алу үшін маңызды болып табылды. «Тірі ағзалардың қоректену типтері» деп аталатын сабағымды «Жаңғақ әдісі» арқылы оқушыларды 3 топқа бөліп бастадым. Сабақтың «Тірі ағзаларға тән үдерістер» тақырыбы бойынша үй тапсырмасын «Wordwall» бағдарламасы бойынша сәйкестендіру, «ақиқат немесе жалған» тапсырмалары арқылы қорытындылатып, жаңа сабаққа көпір салдым. Жаңа сабақтың мағынасын «Теледидар» әдісі арқылы ашып, АКТ арқылы жаңа сабақты түсіндірдім. Оқушылар берілген мәтінді қаншалықты түсінгенін білу мақсатында «Фишбоун әдісі» арқылы топтық жұмыс қорғалды (постер арқылы) және «Wordwall» бағдарламасы арқылы сөйлемді ретке келтіру тапсырмалары берілді. (А) Нұрила тапсырманы өте жақсы орындап, сыни тұрғысынан ойын нақты жеткізе білді. Тобындағы оқушылардың жіберген қателіктерін ескере отырып, оларға көмектесіп тобын алға жетелеп, көшбасшылық таныта білді. (С) Дильназ да жақсы жауап берді, сабаққа белсенді қатысып отырды. Ал, (В) Мансұр тапсырманы толық орындап отырды. Негізгі мақсатым бұл жерде оқушылардың сабақ барысында түйген ойларын, алған білімдерін бір арнада тоғыстыра білулерін қадағалау еді. «Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Осы сабақ бойынша алған білімдерінің деңгейін анықтау, не нәрсеге көңіл бөлу керек екенін білу мақсатында кері байланыс кезеңінде оқушылар сабақтан алған әсерлерін жаза отырып, өз білімдерінің деңгейін «Бәйге» қалыптастырушы бағалау арқылы әр топ өздерін бағалап отырды. Сабақтың соңында үйге параграф 35. «Тірі ағзалардың қоректену типтері» тақырыбында қызықты деректер тауып, хабарлама жасау, «Тірі ағзалардың қоректену типтері» тақырыбында сұрақтар дайындап келу тапсырмасы берілді және оқушылардан кері байланыс алынды.

Жалпы сабақтың нәтижесіне келер болсам, алға қойған мақсаттарым мен міндеттерге жету жолындағы ұстанымым іс-әрекет арқылы өз деңгейіне жетті деп ойлаймын.



2-ші «Тірі ағзалардың қоректенуі» тақырыбы сабағында берілген тақырып бойынша балалар үйден сұрақтар дайындап келу тапсырмасы берілген болатын, «Жұбыңмен бөліс» әдісімен балалар құрастырған сұрақтарын өз жұбына қойып, дұрыс жауабын талап етті. Мұғалім әрі қарай тақырыпты тереңдету мақсатында түрлі белсенді әдіс-тәсілдер пайдалана отырып, АКТ арқылы сабақты түсіндірді, жаңа мәліметті меңгеруде «Инсерт» әдісі қолданылды.Тақырыпты пысықтау мақсатында «Құмырсқа илеуі» әдісі пайдаланылды. «Тик ток» әдісі арқылы кері байланыс жасады. Жеке, жұптық және топтық жұмыстар түрлері жүргізілді. 3-сабақ «Жасуша әлеміне саяхат. Ағзаның көбеюі және өсуі» тақырыбын да интернет ресурстарын пайдалана отырып түсіндірді. «Мен зерттеушімін» әдісі бойынша балаларға жаңа мәліметті өз бетінше табуға, мұғалім көмегінсіз білім алуға қолайлы жағдай туғызды. Алмасова Нұрила (А), Құдабаев Мансур (В), Жаныбекова Амина, Мұратова Аякөз, Сабитов Мұқағали,Қалдыбек Саяна сабақта тапсырмаларды дұрыс орындап, белсенділік танытып отырды. Махатова Дильназ (С), Тлеуқара Ақтілек,Урынбасаров Саламат, Орынбаев Нариман сынды оқушылар берілген тапсырмаларды топтың қолдауымен орындап отырды. (А)Нұрила сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлануы жоғары деңгейде болғандықтан, көшбасшылық танытып, мысал келтіріп, дәлелдей отырып, өз ойын еркін салмақты жеткізді. (В) Мансур топтық тапсырмаларда белсенді болды. Сабақ барысында жұптық, топтық жұмыстарда топты алға жетелеп отырды, оқушының жауаптары нақты, дәлелді. (С) Дильназ сұрақтарға жауап беріп, тақтаға шығып сөйлегенінің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Үш сабақта да аса қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып отырды. «3 сәтті-3 сәтсіз» әдісі бойынша класпен кері байланыс жасалды, әр оқушы сабақтың 3 сәтті/3 сәтсіз тұстарын айтып кері байланыс жасады. «10 ұпай» кестесі арқылы бағаланды



Қорытынды: А, В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығы, өз бетінше ойлау қабілеттері жоғары, жұмыс жасау дағдылары қалыптасқан, білім деңгейлері жақсы, берілген кез келген практикалық тапсырмаларды өз деңгейлерінде дұрыс орындайды, сабақта белсенді;

С деңгейлі оқушы өз бетінше жұмыста қиналады, мұғалімнің, оқушылардың көмегіне жүгінеді, жеңіл тапсырмаларды өз бетінше орындайды, пәнге икемі бар, сабақта белсенділік танытады.

Ұсыныс: А,В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді үнемі қолдану, қызықты тапсырмалар арқылы жетістікке жетелеу. С деңгейлі оқушымен тығыз байланыста болу, өз ойын еркін айтып,өзін еркін ұстап үйренуге жетелеу, білім деңгейін арттыру үшін қосымша жеке тапсырмалар беріп, жұмыстану, әр ісіне, жетістігіне қолдау көрсету.

Исмагулова Жазира Сакеновнаның 6 «Ә» сыныбында өткізген Абайдың «Жетінші қарасөзі», «1-қарасөзі», және Қ. Әбдіқадыров «Қажымұқан» әңгімесі тақырыбында өтілген сабақтар топтамасы

Сабақ мақсаты 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.

Сабақ алдыңғы сабақты еске түсіруден басталды:Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демек. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, беті не басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

1-тапсырма. Төмендегі кестені пайдаланып, тән құмары мен жан құмары деген не екенін анықтайық.



Дескрипторы:

- тән құмары мен жан құмарының не екенін анықтайды;
- бір-бірінен ажырата алады;

2-тапсырма: Сәйкестендіру

Қарасөз кіріспесі		Дүние көрінген сырын түгендеп, білмесе де, орны болмайды. ....Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді.
Негізгі бөлім		Қайта, бала күнімізде, жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз.
Қорытынды		Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады

Дескрипторы:

- мәтін мазмұнын толық түсінеді;
- қарасөз құрылымы бойынша дұрыс сәйкестендіреді.

3-тапсырма

Қарасөзде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе	Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?
Жанның тәннен артықшылығы	...«бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есіміздің шығып кететұғын құмарлық...
Жан құмарлығын тән құмарлығына айырбастау	Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз.
Осы күнде хайуаннан да жаманбыз	Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

Дескрипторы: әлеуметтік-қоғамдық мәселені біледі; үзінді келтіру арқылы идеясын түсінеді.



Сабақ барысында (А) Нұрила толық жауап берді. Жазбаша да өте дұрыс сәйкестендіріп жауабын таба білді. (В) Мансур да тапсырмаларды жақсы орындады, ойын жеткізуге тырысты. (С)Дильназ шамалы ойланыңқырап, мұғалім көмегімен жауап берді.

Оқушылар осы сабақта толығымен мақсаттарына жетті. Тапсырмалар жеңілден қиынға барды. Бүгінгі сабақ бойынша Абайдың «Жетінші сөзінің» мазмұнын білді. Ең бастысы – қарасөздің идеясына жетіп, анықтап, өмірмен байланыстырды. Өздері үшін үлгі-өнеге алды.

Қарасөздің құрылымын, үзіндісін сәйкестендіружұмыстары өте тиімді болды. Оқу мақсатына сүйене отырып, оқушылармен бірге сабақтың мақсатына жетуге тырысты. Шығарма *идеясын ашқан кезде жұппен жұмысты қолданғанда, тиімдірек болар еді. Оқулықтан тыс мәтінге байланысты қосымша тапсырмалар болғанда жақсы болар еді.*

Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?

Осы сабақ барысында болашақта мәтінмен жұмысқа аса мән беру керектігін, оқушылардың өз ойын жеткізуге көбірек жеке тапсырма дайындау.

Абайдың «1-қарасөзі», және Қ. Әбдіқадыров «Қажымұқан» әңгімесі тақырыбында

Қорытынды: А, В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығы, пайымдау қабілеттері жоғары, жұмыс жасау дағдылары қалыптасқан, білім деңгейлері жақсы, берілген кез келген практикалық тапсырмаларды өз деңгейлерінде дұрыс орындайды, сабақта белсенді;

С деңгейлі оқушы ауызша жауап беруге тырысады, жазбаша тапсырмаларды да өз деңгейінде орындап отырды, пәнге икемі бар, сабақта белсенділік танытады.

Ұсыныс: А,В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді үнемі қолдану, қызықты тапсырмалар арқылы жетістікке жетелеу. С деңгейлі оқушымен тығыз байланыста болу, өз ойын еркін айтып,өзін еркін ұстап үйренуге жетелеу, мәтінмен жұмысқа көбірек көңіл бөлу, сөздік қорын, сөз байлығын арттыру мақсатындағы тапсырмаларды көбірек орындату, білім деңгейін арттыру үшін қосымша жеке тапсырмалар беріп, жұмыстану, әр ісіне, жетістігіне қолдау көрсету.

6 «Ә» класында 20 оқушы, 2 оқу озат: Нурали Г, Алмасова Н, 13 екпінді, білім сапасы 75%

Пәндер	Мұғалімі	1-тоқс	2-тоқс	3-тоқс	4-тоқс
Қазақ тілі	Махмудова А.А.	74%	74%	75%	
Тарих	Иманбаева Д.Е.	68	65	75%	
Математика	Сагимбаева А.Т.	74%	74%	75%	
Жаратылыстану	Жубаназарова Г.Е.		47%		

Қорытынды: А, В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығы, сөз саптауы, пайымдау қабілеттері, өз ойларын еркін жеткізулері өте жақсы, оқулықпен, мәтінмен жұмыс жасау дағдылары жақсы қалыптасқан, білім деңгейлері жоғары, берілген кез келген практикалық тапсырмаларды өз деңгейлерінде дұрыс орындайды, сабақта белсенді, көшбасшылық қабілеттері басым;

С деңгейлі оқушы ауызша жауап беруге тырысады, жазбаша тапсырмаларды да өз деңгейінде орындап отырды, жаратылыстану, тарих, қазақ тілі пәндеріне икемі жақсы, аталған пәндерге қызығушылығының артқаны байқалады, сабақта белсенділік танытады. Математика пәнінен қиналады.

Ұсыныс: А, В деңгейлі оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді үнемі қолдану, қызықты тапсырмалар арқылы жетістікке жетелеу. С деңгейлі оқушымен тығыз байланыста болу, өз ойын еркін айтып,өзін еркін ұстап үйренуге жетелеу,оқулықпен, мәтінмен жұмысқа көбірек көңіл бөлу, сөздік қорын, сөз байлығын арттыру мақсатындағы тапсырмаларды көбірек орындату, математикадан білім деңгейін, білік-дағдыларын арттыру үшін әлі де қосымша жеке тапсырмалар беріп, жұмыстану, есеп шығарып үйренуіне аса көңіл бөлінуі керек. Әр ісіне мән беріп, әр жетістігіне қолдау көрсетілу қажет.

Үшінші топ жетекшісі: Қазбаева Шайзада Қалауқызының жүргізген Lesson study зерттеу сабақтары

Тақырыбы:"Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, білім сапасын көтеру "Мақсаты: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын көтеру"Lesson Study" дегеніміз не? тақырыбында кәсіби әңгіме өткізілді.






Кәсіби әңгіме барысында топ мүшелеріне Лессон Стади туралы түсінік берілді. Фокус топтың жұмыс жоспарымен және **"Lesson Study"** зерттеу тобының жұмыс жоспарымен таныстырылды.Топ мүшелеріне зерттеу жұмыстарын қалай жасау керектігі туралы талқыланып ой бөлістік. Зерттеуге 7а сыныбы алынды. Сыныпта барлығы-22 оқушы.Зерттеуге сынып жетекшісі және топ мүшелері ақылдаса отырып А- Бексары Мирас , В-Наги Данияр ,С-Искакова Айымды алдық .

Сыныптан **Б.Басстың «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» әдістемесі тақырыбында бастапқы с**сауалнама алынды. **Сауалнамаға 18 оқушы қатысты.Саулнама нәтижесі бойынша** **1.Өзіне бағыттылық (М)** – атқарылған жұмыстың бәрін өзіне аудару, мәртебеге таласу, билік құмар болу, бақталасу, тынышсыздану.

2.Қарым-қатынасқа бағыттылық (Қ) - барлық жағдайда адамдармен қарым-қатынасты сақтай білу, ортақ жұмыс істеуге бейімділігін көрсету, адамдарға шынайы көмек көрсетуге талпыну; **3.Іске бағыттылық (І)** – іскерлік мәселелерді шешуде, жұмысты нәтижелі орындауға ұмтылу, ортақ мақсатқа жету үшін пайдалы пікірді жақтау.



Мұғалімнің аты-жөні	Күні	Сабақтың тақырыбы
1. Казиева М.З	09.10.23ж	Г.Скребицкий «Четыре художника»
2. Имекешва Қ.М	18.10.23ж	“Денсаулық кепілі”
3.Орынбасар А	22.11.23ж	«Signing up for an activity»
4.Казбаева.Ш.К	08.12.23 ж	«1836-1838жылы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі»

Негізгі пәндер бойынша сабақ кестесі құрылды. Теория бойынша, сабағыны оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл екенімен танысқаннан кейін, рефлексивтік-практик ретінде осы зерттеу сабағын тәжірибеге енгізуде 7а класында зерттеу сабақтар өткізілді .

Қазан айының 9 күні Казиева Махаббат Зайноллаевна7 а класында: Г. СКРЕБИЦКИЙ «ЧЕТЫРЕ ХУДОЖНИКА» тақырыбында сабақ өткізді.Сабақтың мақсаты: « Г А Сребицкийдің өмірі мен творчествасын талдай отырып,көркем өнерін салыстыру» Оқушыларды суреттер арқылы топұа бөлді.Сабақты бастамас бұрын Аудио кітап қосып Г. СКРЕБИЦКИЙдің «Четыре художника»ертегісі туралы оқушыларға көрсетті.






Сабақ кезеңдерінде оқушылармен топтық,жұптық жұмыстар жасалды.Топтық жұмыс кезінде әр топқа сенквэйн әдісі арқылы тпсырмалар берілді.Тарихи карта сызығын сызды.





Сабақты бекіту кезеңінді Цифрлы диктан ойынын қолданды.Сабақ соңында «Ашық микрафон»әдісін қолданып,оқушылардан кері байланыс алынды. Адеңгейдегі оқушы-- Бексары Мирас сабақ барысында өзін салмақты ұстады,сабақ айтуға көп талпынбады,бірақ топтық жұмыста оқушыларға бағыт бағдар беріп отырды.Вдеңгейдегі оқушы-Наги Данияр - топтық жұмыста постер қорғады, жазбаша жұмысты өз деңгейінде орындады, тақтаға шығып жұмыс жа
сады.Сдеңгейдегі оқушы-Искакова Айым- өте тұйық, тапсырмаға жауап беруге ұмтылмады.

2023 жылы 18 қазан күні 7А –сыныбында Имекешова Құралай Мардановна қазақ тілнен «Денсаулық кепілі» тақырыбына «Lesson stady» сабағын өткізді. Оқушылар теориялық тақырыпқа байланысты «Нүкте», «Үтір» және «Сызықша» топтарына бөлінді.Ұйымдастыру сәтінен кейін сабақтың тақырыбын болжауға байланысты «Денсаулықты сақтау» тақырыбында видеоматериал көрсетілді.Оқушылар сабақтың тақырыбын анықтады.Сабақтың мақсаты айтылып,сол мақсаттарға бағытталғын тапсырмалар берілді.Бірінші тапсырма : топтарға постерлер таратылып, үш топқа үш түрлі тапсырма берілді.1-топқа денсаулыққа байланысты азық-түлік суреттері беріліп, дұрыс, бұрыс бағандарына жабыстырылу керек. Оқушылар тапсырманы ерекше қызығушылықпен орындады. 2-топқа спорт түрлеріне байланысты суреттер берілді. Олар соны постерге жабыстырып, сол бойынша өз ойларын ортаға салып қорғау керек. Екінші топ оқушылары да тапсырманы жақсы орындады. 3-топқа денсаулықты сақтау үшін ереже нұсқаулығын жазу тапсырылды.






Екінші тапсырма теориялық тақырыпқа байланысты берілді. Әр топ өзінің атауларына байланысты сөйлем құрау керек . Яғни, «Нүкте» тобының құрамындағы әр оқушы бір сөйлемнен жазғанда бір мәтін құрастырылып шығу керек. Бұл тапсырманы да оқушылар ерекше қызығушылықпен орындады. Сабақ соңында оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, жеміс ағашына жапсырды. Сабақ өз мақсатына жетті. А,В,С деңгей оқушылары тапсырмаларды өз деңгейлерінде орындап шықты.Оқушыларға үй тапсырмасын тексеруде көршіңмен бөліс әдісі бойынша тексерілді. Топтық жұмыс,ұжымдық жұмыс,жеке жұмыстар орындалды.Адеңгейдегі оқушы жақсы белсенділік танытты.Вдеңгейдегі оқушы есеп шығаруда формулаларды тиімді қолдана алды.тақтаға шығып, тапсырмаларды орындады.Сдеңгейдегі оқушы сұраққа қинала жауап берді,тақтада тапсырманы жетелеп көмек арқылы орындады.

Қараша айының 22 күні Орынбасар Асылнұр « Signing up for an activity »тақырыбына «Lesson stady» сабағын өткізді.Алдымен, ағылшын тілінде оқушылардың қал жағдайын сұрап, амандастық. Сонан соң, бірден түстер арқылы оқушыларды топқа бөліп алдым. Сабақтың тақырыбына өту үшін «миға шабуыыл» тәсіл арқылы тапсырма бердім. Тақырыптың бір сөзін алып әрбір әріпке ағылшынша сөздер жазды. Оңай тапсырма болғандықтан барлық оқушы белсене қатысып, жоғары деңгейдегі ерекше сөздер жазып таң қалдырды. С деңгейіндегі оқушы да аралсып отырды, оның ағылшын тілінде біраз сөз білетіні анықталды, бірақ жазылуларында қате бар.




Activity - іс шара Signing up – тіркелу.Шыққан сөздің мағынасын талқылап, синонимдерін бердім. Келесі функционалдық сауаттылықарын дамыту мақсатында Ақтөбе қаласында болатын іс-шаралардың жарнамасын көрсеттім. Олар қазақ тіліндегі жарнаманы ағылшын тіліне аударды. Нұрқадір, Данияр әлеуметтік желіде көрген сөздерін пайдаланып, жылдам орындап шықты. Интерактивті тақта арқылы видео көрсетіліп, жаңа сөздер таныстырылды. Келесі, кітаптағы диалогты толықтыру тапсырмасын да сәтті орындап шықты. Керекті тірек сөздерге тоқталып аударып, сөздікке жазып алды. В деңгейіндегі оқушы тапсырманы жылдам және қатесіз орындап шықты.





Соңғы тапсырма күрделі тапсырма болды, яғни оқушылар тірек сөздерді пайдалынп, іс-шараға тіркелу үшін өз диалогын құрастырды. Оқушылар жұппен жұмыс жасады, әр жұп ортаға шығып құрған диалогты айтып береді. Бір оқушылар жатқа айтып берсе, бір оқушылар оқып айтты. А, В, С деңгейіндегі оқушылар оқып айтты. Яғни оларға бірден жаңа сөздермен ауызекі сөйлеу қиынға соқты. Айымның жұбы Алина диалог жасау барысында сөздерді аударып, тапсырманы орындауына ықпал етіп отырды.Қорытындылай келе, С деңгейіндегі оқушы оңай, сөздерді аудару, жаттап алу секілді тапсырмаларды орындауға қабілетті. В, А деңгейіндегі оқушы сөйлемдер құрауға, ауызша сұрақтарға жауап беруге қабілетті екені айқындалды.

Желтоқсан айының 8 күніКазбаева Шахиризада Калауовна Қазақстан тарихы пәнінен «1836-1838жылы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі »тақырыбында«Lesson stady» сабағын өткізді.**Сабақтың мақсаты**: 1836-38жж Бөкей Ордасындағы отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басталуы, барысы мен нәтижесі туралы зерттеу **Қызығушылықты ояту. Менің көңіл-күйім тренингі жүргізілді.**«Кім көп біледі?»«Миға шабуыл»Оқушыларға «Махамбет Өтемісұлы»бейнематериалынан үзінді көрсетілді.






Бейнематериалды тыңдата отырып, келесі тапсырмаларды орындатыңыз. Оқушыларға кемінде маңызды деген 4 мағлұматты дәптерге жаздыртып, сол мәліметтер арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтатуға әрекет жасаңыз. Бір- екі оқушының жазған маңызды ақпаратымен тақырыпты анықтатыңыз.Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстырылады. Сабақ барысында топтық,жұптық,жеке жұмыстар жүргізілді.А деңгейдегі оқушы- тапсырманы орындауда шапшаң, проблемалық сұрақтар қоя білді. В деңгейдегі оқушы- берілген тапсырманы орындауға тырысып, білім алуда аса көп ізденеді,оқулық пен тақырып көлемінде жақсы жауаптар айтты. С деңгейдегі оқушы- тек мұғалімнің көмегіне сүйенеді немесе тапсырмаларды шешілмеген жауаптармен көшіріп тапсырады. Әр сабақты топ мүшелерімен бірігіп жоспарладық және сабақ аяқталғанда талқыладық. Әр сабақ өткізілгеннен кейін оқушылармен сұхбаттар жүргізілді








Сабақ кезеңдерінде оқушылармен топтық,жұптық жұмыстар жасалды.Топтық жұмыс кезінде әр топқа сенквэйн әдісі арқылы тпсырмалар берілді.Тарихи карта сызығын сызды.





Сабақты бекіту кезеңінді Цифрлы диктан ойынын қолданды.Сабақ соңында «Ашық микрафон»әдісін қолданып,оқушылардан кері байланыс алынды. Адеңгейдегі оқушы-- Бексары Мирас сабақ барысында өзін салмақты ұстады,сабақ айтуға көп талпынбады,бірақ топтық жұмыста оқушыларға бағыт бағдар беріп отырды.Вдеңгейдегі оқушы-Наги Данияр - топтық жұмыста постер қорғады, жазбаша жұмысты өз деңгейінде орындады, тақтаға шығып жұмыс жасады.Сдеңгейдегі оқушы-Искакова Айым- өте тұйық, тапсырмаға жауап

Екінші сабақтың тақырыбы «Ер есімі-ел есінде» .Тыңдалым дағдысы бойынша «Ер есімі-ел есінде» видеоматериалы көрсетілді.Оқушылар үш топқа бөлініп,қазақтың батыр қыздарына постер жасап, қорғады, берілген ақпараттардағы негізгі ойды анықтады.Сергіту сәтіне «Кім жылдам?» ойыны ойнатылды.Ондағы тапсырмалар оқушылардың дұрыс сөйлеп, тез ойлауына байланысты құрылған. Шығармашылық тапсырма тілдік бағдар бойынша берілді. Онда оқушылар оқшай сөз түрлеріне постер жасап ,қорғады. Сабақ «Сөздер сөйлейді» әдісімен қорытындыланды. А,В,С деігейіндегі оқушылар өз дәрежесінде тапсырмаларды орындап шықты.




Үшінші сабақ «Ер есімі-ел есінде» тақырыбының 2-сағатына арналған.Сабақ барысында оқушылар үш топқа бөлініп, ҰОС қатысушы батырларына постер қорғады.Сергіту сәтіне «шартты орында» ойыны ойнатылды. Онда оқушылар қағазға жазылған тапсырмаларды орындау керек. Ол тапсырмалар оқушылардың тез ойлап, дұрыс сөйлеуіне бағытталған.А,В,С топтағы оқушылар өз деңгейінде тапсырмаларды орындап шықты.




22.04.24жАкмурзаева А.Б «Таңдауды ұйымдастыру»тақырыбында 7а класымен зерттеу сабағын өткізді.Зерттеу сабағында оқушыларды топқа бөлді.Бейнежазба көрсетті. Жаңа сабақ тақырыбын айтты.Оқушылармен интерактивті тақтамен жұмыс жасалды.А,В,С топтағы оқушылар өз деңгейінде тапсырмаларды орындап шықты.





29.04.24ж «Python программалау тілінде тармақталған алгаритмдерді жазу» 7а класымен зерттеу сабағын өткізді.Сабақ барысында Адасқан әріптер арқылы жаңа тақырып анықталды,оқушыларға сабақ тақырыбы,мақсаты айтылды. Сабақта оқушыларды топқа бөлді.Тақырыпқа байланысты бейнежазба көрсетілді.Сабақта топтық,жеке ,жұптық жұмыстар жүргізілді.Сабақта А.В.С деңгейдегі оқушылар тапсырманы өз деңгейлерінде орындады.





06.05.24ж “Мәселені қалыптастыру”тақырыбында 7 а класс оқушыларымен зерттеу сабағы өткізілді.Тақырыптық бейнежазба көрсетіліп,оқушыларға сұрақтар қойылып,ойлары тыңдалды.Сабақ барысында топқа бөлінді.Компютерде оқушылар жұмыстар жасап,есептер шығарды. Сабақ барысында топтық,жұптық,жеке жұмыстар жүргізілді.А деңгейдегі оқушы- тапсырманы орындауда шапшаң, проблемалық сұрақтар қоя білді. В деңгейдегі оқушы- берілген тапсырманы орындауға тырысып, білім алуда аса көп ізденеді,оқулық пен

тақырып көлемінде жақсы жауаптар айтты. С деңгейдегі оқушы- тек мұғалімнің көмегіне сүйенеді немесе тапсырмаларды шешілмеген жауаптармен көшіріп тапсырады. Әр сабақты топ мүшелерімен бірігіп жоспарладық және сабақ аяқталғанда талқыладық

Сонымен, L.S. зерттеу сабағының тиімділігі:

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.
- Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- Мұғалімдер білімның ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.
- Оқушының оқуы жақсарады.
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.
- Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады. Оқу жылы басында кластың білім сапасы -50%

ҚАЗАҚ ТІЛІ	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Тарих	Информатика
72	77	68	72	77

“Lesson Study” жүргізудің Сәтті тұстары

- ✓ Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- ✓ Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- ✓ Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- ✓ Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.
- ✓ Оқушының оқуы жақсарады.
- ✓ Функционалдық сауаттылығы дамиды.

Сәтсіз тұстары

- ✓ Оқушылардың сабақтарды зейін қойып тыңдамауы;
- ✓ Кейбір сабақтарда тапсырмаларды дұрыс орындай алмауы;
- ✓ Тапсырмаға берілген уақытты тиімді пайдалана алмауы;
- ✓ Тапсырма орындау барысында дескрипторларды дұрыс қолдана алмауы.
- ✓ **Қорытынды:**Түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану нәтижесінде оқушылардың дүниетанымдық құзіреттіліктерін жетілдіру үшін білім дайын күйінде беріле салмай, мұғалім шеберлігі арқылы оқушының алдына мақсат қойып, соны іске асыруына жол көрсету арқылы берілсе, оқушылардың өмірге бейімделуіне оң ықпал етеді.

Ұсыныс

- ✓ Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар, тәжірибие алмасу болды. Осыған байланысты, пән мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасалды:
- ✓ - Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- ✓ - Тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- ✓ - Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек;
- ✓ - Оқушылардың берген жауабын мұқият тыңдап, қатесін түзетіп отыру;
- ✓ - Өткізілген зерттеу бойынша педгогикалық отырыста мектеп ұжымымен бөлісу.
- ✓

Төртінші топ жетекшісі: Жапакова Ақтолқын Жолболсынқызының жүргізген Lesson study зерттеу сабақтары

Lesson study зерттеу сабағын оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына әсер ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл. Сол себепті сыныптар арасында төменгі сапа беріп отырған 4 «Б» сыныбына Lesson study зерттеу сабағын жүргізуді ұйғардық. Зерттеуге таңдалып алынған 4«Б» сынып, сыныпта 25 оқушы, оның ішінде 10 қыз, 15 ұл. Білім сапасының көрсеткіші 52 %, Сынып жетекшісі Жолмагамбетова Н.М.

Зерттеу тақырыбы: Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру.

Зерттеу обьектісі	Пәні	Зерттеу тақырыбы	Зерттеуге қатысатын мұғалімдер	Зерттеу тобының жетекшісі
4«б» класс	Математика Әдебиеттік оқу Орыс тілі Ағылшын тілі	Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру	Жолмагамбетова Н.М. Аманбаева А. Бримова У.У. Исатаева П.Р.	Жаппакова А.Ж. III (базалық) деңгей (тренер)

«Менің сыныбым» әдістемесі тақырыбында 4»Б» сыныбынан мектеп психологы Нурмаганбетова Айкенже Скаковнаның сауалнама алды. Мақсаты: Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын және оқуға қызығушылығын зерттеу. Оқушылардың назарына сыныптың суреті салынған парақ көрсетіледі. Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».


НӘТИЖЕСІ:

«Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.

Өзге баллармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде.

Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.

Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді.





Бірінші айналымның бірінші сабағын математика пәнінен Жолмаганбетова Н.М. өткізді. Тақырыбы: Қос теңсіздіктер.Сабақ мақсаты: Қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табады.Сабаққа дайындық психологиялық ахуалды орнатты. «Адасқан әріптер» әдісі арқылы үй тапсырмасы тексерілді. А,В,С деңгейіндегі оқушылар үй жұмысын қатесіз орындаған.Қос теңсіздіктің шешімдер жиынын сан сәулесінде көрсету мен шешімдер жиынын жазу арқылы жаңа сабақты ашты. «Iorning,app» әдісін қолданып жек жұмыстар жасалды. Оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы ынталандырып отырды. «Ортадағы қаламсап» әдісі арқылы топқа тапсырмалар берілді. Оқушылар белсенділік танытып жұмыстар жасады. А деңгейіндегі оқушы тақтаға шықты. Калькулятордың көмегімен есептейді.Қандай сөз шығатынын тапты.«Лабиринттен шық» әдісі арқылы В деңгейдегі оқушы қос теңсіздіктер түрінде жазып шықты. Сан сәулесін сызады. В деңгейіндегі оқушы көп белсендіілік танытпады.Топта қасындағы сыныптасынан көмек күтіп отырды..Сабақ соңында есеп сызбасын оқыды.Есеп шартын құрып, жауабын тапты. Кері байланыс жасалып, «Алма ағашы» әдісі арқылы сабақ жайында ойларын айтып өтті.







№ 2 сабақтың тақырыбы: Теңдеулер. Сабақ мақсаты: Күрделі теңдеулерді шешуді үйренеді. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін «Менің құпия досым» әдісін қолданды. Оқушының, көңіл-күйін көтереді, достығын нығайтады.Оқушыларға өзін-өзі бағалау парақтары таратылды («Қуаттағыш» әдісі). Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға ала отырып,оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады демекші –сабақтың басында оқушылардан «Кір жаю» әдісі арқылы үй тапсырмасы тексерілді..Өткен сабақты пысықтау мақсатында «Дәлелдеп көзде» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қойды. Оқушыларды мадақтау сөздермен ынталандырып отырды. Оқушылар қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын сан сәулесінде белгіледі.А оқушы теңсіздіктерді ажыратып жазып берді.Жұптық топтық жұмыстарға үш деңгейдегі оқушылар қатысып

отырды.»Ойыңды аята» ідісі арқылы сабақ қорытындыланды. Осылайша балалармен бірлесе отырып алға қойған мақсатқа жеттік. Кестені толтырды..«Бағытталған оқу» әдісі арқылы А оқушысы шапшаң оқып, сұрақтарға жауап берді.В оқушысы мәнерлеп оқып,толық жауап бере алмай қалды оқушылар көмектесті.С оқушы шығарманы оқыды,бірақ мазмұнын түсінбеді.Сұрақтарға бірнеше оқушылар жауап бергеннен кейін оқушы түсініп қолын көтерді. Сабақ соңында оқушылардан кері байланыс алынды.Сабақ талқыланып,келесі сабақтың жоспары құрылды.






Екінші айналым бойынша әдебиеттік оқу пәні бойынша №1 зерттеу сабағын бастауыш сынып мұғалімі Аманбаева А.А. өткізді.Сабақтың тақырыбы: М.Дулатов «Наурыз». Сабақтың мақсаты:Суреттерді болжау.Мәтіннен сұрақтың жауабын табу Мұғалім сабақты «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылаумен бастады. Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқуда білім алушылардың танымдық деңгейін анықтадық.Яғни, белгілі бір мәселені шешуі, сөз сөйлеуіне, ойлауына, зейінін,тапқырлық және шығармашылық деңгейлеріне тапсырмалар берілді Оқушыларға мәтін таратылды, тапсырма мәтінге тақырып қою және мәтіннің түсінігін өз сөзімен жазу, суретті пайдаланып, жеке жұмыс Наурыз туралы мәтін жазды. «Мәліметтер сөйлейді» әдісі, «Кластер сызу» әдісі т.б. әстерді қоланды. Нәтижесінде, А оқушы – өз деңгейінде жауап берді, ал В оқушы – түсінгенін жазды, мәтінге тақырып қойды. С оқушысы – өз ойын, түсінігін жаза алмады.






Әдебиеттік оқу пәні бойынша №2 зерттеу сабағының Аманбаева А.А. өткізді. Тақырыбы: Ғарыш жолы жалғасады Мәтіндегі негізгі ойды анықтау.Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, кейіпкердің сөзін болжап айту. Бұл сабақта «Кім жылдам?» әдісін қолданды. Оқушылар 1-ші тапсырма орындады. Осы тапсырманың орындалуын мәтіннен оқыды. Тапсырманың 1-ші орындалуы мәтіннің мағынасын түсінуге үлкен көмегі болды.А оқушысы – жұпта жұмыс жасап, өзіндегі ақпаратпен бөлісуді үйренді. В оқушысында белсенділік пайда болып, ойын қысылмай еркін айтуға үйренді. Ал С оқушысының сабаққа қызығушылығы оянды. Жалпы, осы үш сабақты қорытындыласақ, сабақтардан байқағанымыз оқушыға жай ғана мәтінді оқу тапсырмасын беріп қана қоймай, оқылым дағдысын қалыптастыратын әдістерді таңдай білу қажеттігін түсіндік.Бақылаушы мұғалімдер бағалау парағына әр оқушының іс –әрекеттері түсіріп отырды. Сабақтың әр кезеңінде оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берілді. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті.






Үшінші айналымда орыс тілі пәнінен Бримова У.У. тізбектелген екі сабақ өткізді.Бірінші сабақтың тақырыбы: «Солнечный круг». Сабақтың мақсаты: Умеют определять ключевые моменты в тексте.Оқушылар бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасау үшін сабақты ойын түрінде бастады. Олар жұптасып – топтасып жұмыс жасауға кірісті. Бір – бірлеріне көмектесті.«А» деңгейлі оқушы сабаққа белсенділік көрсетті. Алғашқылардың бірі болып жауап беріп отырды. Сабақта толық көшбасшылық белсенділігі байқалды.Сұрақ – жауапқа толықтай жауап берді. Орташа деңгейдегі белсенділік төмен болмады. Өз ойын еркін жеткізді, өзін – өзі бағалай біледі. «В» деңгейлі оқушы сабаққа жақсы қатысты, топпен жұмыста белсенділік көрсетті. Топтық жұмыста №2 тапсырманы және негізгі бөлім карточкамен жұмыста белсенділігі төмен болмады.Өз ойын нақты , ашық жауап берді.Сабақтағы көңіл күйі тамаша болды.«С» деңгейлі оқушының көңіл күйі жақсы, бірақ ойы шашыраңқы болды, сабаққа қатысқанмен көп алаңдап

отырды, постер қорғағанды ұнатады екен.






Екінші сабағының тақырыбы:Мы летим на Марс..Сабақ мақсаты: Умеют определять значение незнакомых. Жоспарлағанымыздай оқушылар орнында отырып жауап бергендіктен, оқушыларды қобалжу болмады. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасалынды, мазмұндау және мәтіндегі мәліметтерді сәйкестендіру. А оқушысы – жұбымен белсенді жұмыс жасаса, В оқушысында белсенділік байқалды, алайда асығыс жауап беремін деп қателіктер жіберіп отырғанын байқадық. Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстарына мәтіннің мазмұнын айтуда С оқушысы ойын жеткізе алмағанын айтуға болады. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік.






Төртінші айналымның №1 зерттеу сабағын ағылшын тілінен Исатаева П.Р. «Joumey into space» тақырыбында өткізді. Сыныпқа психологиялық ахуал қалыптастырып алды.Оқушыларға жаңа тақырып түсіндіріліп, тақырыпқа байланысты көрнекіліктер көрсетіліп, мәтінмен жұмыс жасалып, тапсырмалар орындатылды.Сабақта алған білімдерін жеке жұмыстар жасап, одан әрі бекітті. Жеке жұмыста оқушыларға жұмбақ жасырылып, жұмбақтың жауабына сөйлем құрастырылу тапсырылды.Оқушылармен топпен жұмыс, өзін-өзі бағалау, мәтінмен жұмыс жүргізілді. Мозайка әдісі, Джиксо әдісін сабаққа қолданды. Сабақ тақырыбының мақсаты анықталды, сабақтан күтілетін нәтиже белгіленді. «А» деңгейлі оқушы топтың мүшелеріне бағыт беріп отырды, бірлесе жұмыс жасай білді. Джигсо әдісімен барлық топқа түсіндірді. Мозайка әдісімен жұмыста қызығушылығы артты. Сергіту сәтінде көңілі көтеріңкі болды. «А» оқушы топпен жұмыстың мағынасын түсінді, себебі тобындағы басқа оқушыға постер қорғауға мүмкіндік берді. «В» деңгейлі оқушы топта «А» деңгейлі оқушымен бірге отырып қалды, бірақ ол оған кедергі болмады.


№2 сабақтың тақырыбы: Weathe. Сабақта мұғалім төрт дағдыға көп көңіл бөлді. «Сөз ойла»
«Жалғастыр» ойынымен бастады. Көру диктанты, диалогтік оқыту жүргізілді. «Бір минут» әдісі арқылы өткен сабақты сұраққа жауап беру арқылы қайталауда жауап беріп отырды. Видеоны мұқият қарап, тыңдады. Мәтінмен жұмыста бірден кірісіп кеткен жоқ, топтың мүшелері оқып болған соң өзі оқыды. Джигсо әдісімен бір бірімен оқытуда «В» оқушы тыңдап отырды, ойы шашыраңқы болғандықтан бірде тыңдап, бірде тыңдамай отырды. Мозайка құрастыруда белсенді қатысты..«С» деңгейлі оқушы сұрақтарға жауап беріп, топтық жұмыс барысында өз идеяларын ашық айта білді. Бірлесе жұмыста «С» оқушының қызығушылығы артты, Мозайка әдісі оған қызықты болды. Сергіту сәтінде өзін көрсете білді, көңіл күйі көтеріңкі болды. Берілген тапсырманы оңайлықпен орындады.

Осының нәтижесінде зерттеудегі А, В, С оқушыларының өзін - өзі реттеу, қалыптастыру, өз бетінше білім алу және математикалық білімін дамыту қабілеттерінің өсуін байқадық. Зерттеу тобындағы мұғалімдердің жүргізген бақылауларына талдау жасай отырып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті артқанын, сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, бір - бірімен диалог жүргізу арқылы өз ойларын негіздей алатындығын байқаймыз.

Зерттеу соңында сыныптан сауалнама алынды. Тақырыбы: «Алма ағашы» әдістемесі. Мақсаты: Бұл қарапайым тест оқушыларға жеке басының барлық субъектісін ашпаса да, психологиялық портретіңіздің элементін көруге және өзін-өзі бағалауын көрсетеді.

№	класы	Жоғары деңгейдегі бағалау	Орташа деңгейдегі бағалау	Төменгі деңгейдегі бағалау
1	4б /25 бала	9/35%	10/ 50%	6/15%





Сауалнама қорытынды:4-класс оқушыларының ортадағы өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу.

Ұсыныс: Оқушылармен түзету-ағартушылық жұмыстарды көбірек ұйымдастыру.

Мектеп психологы: Нурмаганбетова А.С.

1. Оқушылар алдымен өзара сөйлесіп алып, тапсырманың берілісін өзара түсініп алып, сосын орындады:

2. Олар топқа бөлініп, жұптасып - топтасып жұмыс жасау арқылы өзгерді, ынтымақтастықтары артты. Сабақ айтулары өзгерді. Сабақ айтқанда, тек оқулықтағымен шектелмей, сабақты өмірмен байланыстырып, постер қорғаумен айтуға машықтана білді. Тапсырмаларды орындау барысында, жұптық - топтық жұмыстың мағынасын түсінді.

3. Бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға, ортақ бір шешімге келуге үйренді. Топтасып - жұптасып жұмыс жасауда ешкім оқшауланып қалмайтынын, толық бір кісідей қатысу керектігін білді.

Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екенін білдім. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін , сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістіккке жетуге болатынын түсіндік. Демек, оқушылардың мәтінді оқу дағдысының қалыптасуына зерттеу жұмысының ықпал еткендігін көрдік.Сонымен қатар, L.S. зерттеу сабағының тиімді және тиімсіз жақтарында байқадық.

Сонымен, L.S. зерттеу сабағының тиімділігі:

•Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.

•Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.

•Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.

•Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.

•Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.

•Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.

•Мұғалімдер білімның ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.

•Оқушының оқуы жақсарады.

Оқушылардың пән бойынша білім сапасы

Пәндер	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жылдық
Математика	52	52	56	56	56
Әдебиеттік оқу	52	60	60	56	56
Ағылшын	52	52	56	56	56
Орыс тілі	56	52	56	56	56

Сыныптың білім сапасы



Қорыта келе айтарым, әр сабақ соңында назарға алынған A,B,C оқушылардан интервью алынып, сабақтың ұтымды тұстары, жетілдіруді қажет ететін тұстары «оқушы үнімен» айқындалып отырды. Анықталған мәселелер келесі айналым сабақтарында негізге алынып, жетілдіру бағытындағы жұмыстар жоспарға енгізіліп отырды. Ұстаздар

арасында тығыз байланыс пен ынтымақтастықта жұмыс жасау жемісін берді. Дегенмен, орын алған кемшіліктер де болды. 4 б класында 25 оқушы, оның 4-еуі оқу озаттары, ал 11- і оқу екпіндісі, білім сапасы 56% аяқтадық. Оқушылардың бір - бірімен ынтымақтастық жағдайда жұмыс жасай алатынына, бірін - бірі әділ бағалап, ізденіп, білгенін көрсете білетініне, білмегенін мұғалімнен, сыныптастарынан сұрап өзін ынталандыра алатынына, көшбасшы сынып қатарында болатындығына сенімдіміз. Алдағы уақытта зерттеу жұмысы өз жалғасын табады.

Ұсыныс:

- Өзінің және өзгенің жұмысын бағалай білу;
- Сынып оқушыларының сабаққа қатысуын қадағалау;
- Өз бетінше шешім қабылдауға үйрету

Бесінші топ жетекшісі: Бодыкова Жанаргүл Тағыбергенқызының жүргізген Lesson study зерттеу сабақтары

Оқу жылының екінші жарты жылдығында қаңтар айының ортасында топ құрамындағы мұғалімдермен бірлескен кәсіби әңгіме ұйымдастырылды.Ондағы мақсат А,В,С деңгейлі оқушыларды анықтап,жүргізілетін жұмыстарды талқылап,өткізетін төрт пәннің тақырыбын, уақытын және пән мұғалімдерін анықтап белгіленді. Зерттеу сұрағы: «**Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру».** Мектеп психологы Айкенже Скаковна сыныптағы оқушыларға бастапқы сауалнаманы жүргізді..Арнайы жоспар құрылып, А,В,С деңгейлі оқушыларды сынып жетекшісі Маденова Дамехан Базарбаевнамен және топ мүшелерімен отырыс барысында ақылдасып таңдалды. Зерттеу тақырыбын басшылыққа ала отырып, белгіленген жоспар бойынша пән мұғалімдері сыныпқа зерттеу сабақтарын жүйелі түрде уақытылы жүргізіліп отырды.

Бастапқы сауалнама қорытындысы:

АНЫҚТАМА

Күні: 14.02.2024 ж

Класы: 3 «В»

Қатысқаны: 19 оқушы

Тақырыбы: «МЕНІҢ СЫНЫБЫМ» ӘДІСТЕМЕСІ

Мақсаты: Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын және оқуға қызығушылығын зерттеу

Оқушылардың назарына сыныбтың суреті салынған парақ көрсетіледі.



Нұсқау: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».**Талдау нәтежесі:**

1. «Мұғалімнен алыста» позициясында тұрған болса – баланың сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді.
2. Өзге баллармен өзін теңестіру, жұп болып тұруы, ойыншылармен бірге – баланың бейімделуі жақсы деңгейде.
3. Мұғаліммен бірге: бала үшін мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігі.
4. Ойын позициясы: оқу позициясымен сәйкес келмейді

Қорытынды: Сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Басым көпшілігі мұғалімнің маңыздылығын көрсетіп тұр. Серік Нұрсаят және Тлеумағамбетова Мәдинаның ойы мұғалімнің маңыздылығын атап көрсетті.Аймурза Нурсауле өзге балалармен бірге, класпен қарым-қатынасы жақсы деңгейде.

Күтілген нәтиже: сынып ұйымшыл, өзіндік пікірлері жоғарлауына мұғаліммен психолгтың қарым-қатынасын нығайту.

Бірінші зерттеу сабақтарын 06..02.2024ж. күні Алмағагнбетова Ляззат Мырзатаевна математика пәнінен тізбектелген үш сабағын бірінен кейін бірін өткізді. Алғашқы сабағын «Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту» тақырыбында бақылаушы мұғалімдердің қатысуынсыз өзі өткізіп,оқушыларды өзі зерттеп, бақылау парақтарын пән мұғалімі өзі толтырды. Кластағы 20 оқушы сабаққа түгел қатысты. Бақылауға алынған А деңгейлі оқушы- Серік Нұрсаят, В деңгейлі оқушы-Аймурза Нұрсәуле, С деңгейлі оқушы-Тілеумағанбет Мадина анықталды.Екінші-үшінші сабақтарында екі сағатқа берілген «Разрядттан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу» тақырыбында бақылаушы мұғалімдер сыныпты зерттеп отырды. Сыныпты зерттеуге Маденова Д.Б. Г.К.Умарова, А.С.Нұрмағанбетова, Көптлеуова А. қатысты. Сабақ өз деңгейінде жақсы өтті. Пән мұғалімі тақырыпқа қатысты барлық әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлерін қолданды. Бақылаушы мұғалімдер А,В,С деңгейлі оқушылардың іс-әрекетін зерттеп,оң жақтарымен жақсартуы керек тұстарын жазып отырды.Сабақ соңында отырып талданды, пән мұғалімі өзінің сабағының мақсатын және қандай олқылықтар мен жетістіктер барын талдап берді.Сабақта оқушылар өте еркін отырды.

№3 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Л.М. Алмагамбетованың 3 «в» сыныбында өткізген Lesson Study зерттеу сабағының есебі:

Зерттеу сабағы математика оқу пәні болды. Зерттеу аталған сыныпта 3 зерттеу сабағы жүргізілді. **1-ші зерттеу сабағы 2024 жылдың 6 ақпан күні өткізілді.** Сабақтың тақырыбы: «Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту». Оқу мақсаты: 3.1.2.10. – 23х2, 123х2, 46:2, 246:2 жағдайларында екі таңбалы/ үштаңбалы сандарды бір таңбалы санға Сабақ мақсаты: Екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолданады

ЫІнтымақтастық ортаны қалыптастыру мақсатында оқушылар өлең шумағын айтып сабақ басталды.

Өткен тақырыпты пысықтау . Үй тапсырмасын тексеру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар жазба нүктелер суретін салып текше жасап әкелді

«Кім жылдам?» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашып, сабақтың мақсаты айтылды. Екі таңбалы сандарды өсу ретімен , ал үш таңбалы сандарды кему ретімен көшіріп жазды

Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту алгоритмі түсіндірілді. Бекіту мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілді. Тақтада оқушылар түсіндіре отырып баған түрінде көбейту алгоритмдерін айтып жеткізді. Мұғалім оқушылардың жауаптары қорытындыланды.





А оқушы есептеу алгоритмін жақсы және тез түсінді. Барлық тапсырмаларды өте жақсы орындауға тырысты . В оқушысы ауызша есептеуде тапсырмаларды жылдам орындағанмен қателіктер жіберді.

С оқушысы есептеуде қиналды себебі көбейту кестесін шатастырды , көбейту алгоритмін айтуда қиналғаны байқалды. Дегенмен жұптық жұмысты қатесіз орындап , қызығушылық танытты. Бекіту тапсырмаларын орындау барысында көбейту алгоритмін үйренуге тырысты.

2-ші зерттеу сабағы 13 ақпан күні болды. Сабақтың тақырыбы: Разрядтан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу . Оқу мақсаты: 23х2, 123х2, 46:2, 246:2 жағдайларында екі таңбалы / үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. 3.1.2.11. 28х3. 267х2, 84:3, 538:2 жағдайларында екі / үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. Сабақтың мақсаты: Разрядттан аттамай екі таңбалы санды бір таңбалы санға бөліп үйренеді.

Сабақты оқушылар бір біріне жылы тілек сөздер тілеу арқылы басталды. Үй тапсырмасы тексеріліп, көбейту кестесі ойын түрінде тексерілді. Жаңа тақырып Пифагор туралы мағлұмат берілді. Грек әліпбиінің атауларымен танысытырылды . Пифагор кестесіндегі грек әріптеріні орналасуын цифрлармен ауыстырылып, құралған кестеге назар аудару ұсынылды. Разрядтан аттамай бір таңбалы санды екі таңбалы санға бөлу алгоритмі түсіндірілді. Сабақ барысында жұптық жұмыс, өзіндік жұмыс ұйымдастырылды, «Ойлан , тап» , «Кім жылдам?» әдістері бойынша бекіту жұмыстары болды. А оқушысы сабақта белсенді, тапсырмаларды шапшаңдықпен орындады, тақырыпты жақсы түсінді. Бөлу алгоритмін жақсы меңгерді деп айтуға болады. В оқушысы да сабақ барысында барлық тапсырмаларды уақытымен орындап, өз деңгейнде білімін көрсете алды. Кейде бөлуде шатастырып отырды. С оқушысы бастапқыда кө





Зерттеу сабағының 3-ші күні 14.02.2024 күні болды. Сабақтың тақырыбы: Разрядттан аттамай үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу. Оқу мақсаты: 3.1.2.10 23х2, 123х2, 46:2, 246:2 жағдайларында екі таңбалы / үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. 3.1.2.11. 28х3. 267х2, 84:3, 538:2 жағдайларында екі / үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану. Сабақтың мақсаты: Разрядттан аттамай үштаңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолданады.

Сабақты оқушылар бір-бірімен амандасын өлең шумақтарын арнап , жылы сөздер айтып бастады. Оқушылар Үй тапсырмасындағы сөз есептің шешуін екі таңбалы санға көбейту алгоритмін түсіндіріп , шешу жолдарын айтып өтті. Бұл сабақта оқушылар осы уақытқа дейінгі өткен көбейту мен бөлу алгоритмін нақты түсінгендерін көрсетті. Бекіту тапсырмалар, жұптық жұмыстар, өіндік жұмыстар арқылы есептеуге жаттықты, ойларын дұрыс тұжырымдап айтуға тырысты. А оқушысы – ынтымақтаса жұмыс жасады , қорғады. В оқушысында белсенділік пайда болып, үнемі сабаққа қызыға қатысып отырғанын байқадық. Сол сияқты С

оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстары бұл оқу көбейту кестесін жетік білмейтіндігі байқалды. Дегенмен көбейту мен бөлу алгоритмін жақсы түсінді. Осы сәтсіз жақтарын келесі сабақта қарастыру қажеттігін білдік.





L.S. екінші зерттеу сабақтарын 28.02.2024ж күні 3 «в» сыныбына сағ.14.00-де әдебиеттік оқу пәнінен Г.К.Умарова алғашқы сабағын өзі өткізіп талдау жасады.Екінші үшінші сабақтарын «Халық ұстазы. Бала Ахмет » және «Аяулы Жақаң» тақырыптарында екі сабақты бақылаушы мұғалімдермен өткізді. Балалар ауызша сабаққа да өте белсенді қатысып, қол көтеріп жауап айтып өздерін еркін ұстай білді.Пән мұғалімі топтық,жеке жұмыс түрлерін жасап,АКТ қолданып тақырыпты ашып түсіндірді. А,В,С деңгейлі оқушыларды тақтаға шығарып жұмыс жасалды.

№3 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Умарова Гульсум Каримовнаның «Lesson study» зерттеу бойынша 3 «в» сыныбының өткізген зерттеу сабақтарының есебі .

Зерттеу тақырыбы:Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру.

28 ақпан күні 2024 жылы 3 «в» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен сабақ өткізілді. Сабақ өткізудің мақсаты - көркем шығармаларды оқуда көркемдік, шығармашылық және танымдық қабілеттерін, эмоционалды жауаптылығын дамыту, сөз өнеріне эстетикалық көзқарасын қалыптастыру; сөйлеу әрекетінің түрлерін жетілдіру, диалог жүргізе білу, мәнерлеп оқу және әңгімелеу; оқуға және кітапқа деген қызығушылықты тәрбиелеу; жақсылық пен жамандық, әділдік пен адалдық туралы түсініктерін қалыптастыру, адамгершілік сезімдерін дамыту.

Бірінші сабағымның тақырыбы «Халық ұстазы. Бала Ахмет» деген тақырыбында өтті.

Сабағымды психологиялық ақуалмен бастадым. Ынтымықтастық ортаны қалыптастыру мақсатында «Сәлемдесу» әдісі өткізіліп, оқушылардың көңіл күйі, сабаққа деген ынталары мен дайындықтары анықталды.

Жұмыс ережесімен келісу жүргізілді.

Алдыңғы білімді еске түсіру мақсатында «Серпілген сауал» әдісі бойынша оқушылар сұрақтарға жауап берді.

«Миға шабуыл» әдісімен жаңа сабақтың тақырыбы ашылды. Берілген пікірлерді пайдаланып, Ахмет Байтұрсынұлы туралы әңгімеледі. Жаңа сабақтың тақырыбы хабарланып, мақсаты таныстырылды. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде кейбір оқушылар өз ойын жетік білдіріп, жан-жақты ойларын жеткізсе, өз ойларын жинақтап, толық жеткізе алмай жатқан оқушылар да болды. Жеке жұмыс ұйымдастырылды. «Портрет» әдісі арқылы бала Ахметті сипаттады. Кейбір оқушылар белсенділік танытты. Топтық жұмысты жасау арқылы оқушылар шығармашылықтарын әр түрлі бағытта дамытты.

Топтық тапсырмаларын қорғау кезінде кейбір оқушылардың тіл байлықтарының, сөздік қорларының аздығынан өз ойларын толық жеткізе алмайтындығы байқалып жатты. (А) деңгейіндегі оқушы Серік Нұрсаят сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлауы жоғары деңгейде болды. Көшбасшылық танытып, сұрақтарға жауап бере отырып өз ойын еркін салмақты жеткізді. Тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, көмектесіп, дұрыс жауап беруге ықпал етті






(В) деңгейіндегі оқушы Аймурза Нурсауле сабақ барысында нақты жауап беріп отырды. Топтық тапсырмаларда ойлау қабілетінің біршама жоғарылағанын , ұжымдық әрекетте, яғни өзге топқа түсіндіргенде өзінің түсінігін өзгелерге жақсы жеткізе білгенін байқауға болады.

(С) деңгейіндегі оқушы Тлеумағамбетова Мадина жұмыс барысында берілген тапсырмаларды орындауында белсенділігі баяу болғаны байқалды. Бүгінгі сабақта топтық жұмыста өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Бүгінгі сабақта аса қызығушылықпен белсенділік танытқаны байқалды.

Қорыта келгенде, әр деңгейдегі оқушылардан күтілетін нәтижелерге қол жеткізіп, болашақта «А», «В» және «С» деңгейдегі оқушылардан күтілетін нәтиже бұдан да жоғары болады және одан әрі жұмыс жүйелі жалғасын табады деп ойлаймын. Демек мұғалім бағыттаушы болып, ал оқушылар өз бетімен жұмыстанып, өзі білім алғанда сенімділік қалыптасады, қызығушылығы артады, белсенділік танытады, жауапкершілігі артады және жақсы нәтижеге жете алады.




01.03.2024 жылы 3 «в» сыныбында әдебиеттік оқудан «Аяулы Жақан» тақырыбында 2-ші зерттеу сабағы өтті.
Сабақ мақсаты: кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау.
«Білу және түсіну» әдісі арқылы оқушылар оқыған мәтін бойынша Міржақып Дулатов туралы не білесің? деп бір-біріне 3 сұрақтан қойып, ой бөлісті.




Бейнежазбадан М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңі тыңдалды. «Түртіп ал» әдісі арқылы оқушылар ойды аяұтап айтты. «Жұмбақ портрет» ойыны. Аты-жөнін жұмбақтап, сыныптасығныгмпортретін сөзбен сипаттады. Қызығушылығын арттыру мақсатында «Төңкерілген пирамида» әдісін пайдаланып, М.Дулатов туралы әңгімеледі.
Оқушылар бақыланды. Нәтижеде, А оқушысы – өз деңгейінде жауап берді, ал В оқушысы – түсінгенін тек берілген мәліметтерді оқумен шектелді. С оқушысы – сыныптастарының жауабын қайталаумен шектелді.





Оқушылардың бойында қобалжу болмады. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасалынды, мазмұндау және мәтіндегі мәліметтерді сәйкестендіру. А оқушысы – жұбымен белсенді жұмыс жасаса, В оқушысында белсенділік байқалды, алайда асығыс жауап беремін деп қателіктер жіберіп отырғанын байқадық. Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабағымыздың сәтті жағы болса, сәтсіз тұстарына мәтіннің мазмұнын айтуда С оқушысы ойын жеткізе алмағанын айтуға болады.

L.S. үшінші зерттеу сабақтарын 29.02-05.03.24ж аралығында 3 «в» сыныбына қазақ тілі пәнінен А.М.Куптилеуова «Сын есім» тақырыбында зерттеу сабағын, сөз таптарына құрылған тізбектелген үш сабағын бір аптада қатар өткізді.Бұл сабақта оқушылар басқа мұғалімді жатырқамай сабақта еркін отырды.Берілген тапсырмаларды А деңгейлі оқушы өте белсенді орындады.В деңгейлі оқушы жұптық тапсырма орындау барысында сәл қате жіберді, бірақ орнында отырып тапсырмаларды тез орындап ,қол көтеріп жауап беріп

отырды.Сабақ соңында оқушылардан интервью алынып сұрақтар қойылды.Бақылаушы мұғалімдердің пайымдауынша С деңгейлі оқушы сабақ сайын ашылып келе жатқандығын,және сабақ барысында еркін әрі тапсырмаларды орындауда белсенділік танытып отырғанын алға тартты.

2023–2024 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімі А.М. Куптилеуованың «Lesson Study»- іс-әрекетті зерттеу бойынша 3 «в» сыныбында өткізілген 3-зерттеу сабақтарының рефлексивті есебі.

Lesson studyзерттеу сабағы оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді**. Lesson study** – мұғалімнің практикалық білімінің дамуына бағытталған кластағы іс – әрекеттегі зерттеудің жоғары түрі. Зерттеу сабақтарынан кейін мұғалімдер өздерінің педагогикалық әдістерін жаңартады, өзгертеді. Сондықтан мектепте бастауыш сыныптарда **Lesson study з**ерттеу тобының жетекшісі Бодыкова Жанаргуль Тагибергеновна зерттеу тобымен жұмыстар жүргізді. Сынып жетекші Маденова Д.Б.




Зерттелетін пәндерді мұғалімдердің ұсынысы бойынша негізгі пән қазақ тілі сабағы.

№	Пән	Тақырыбы	Күні	Пән мұғалімі
1	Қазақ тілі	Сын есім.45-52 жаттығу	29.02.2024	Куптилеуова А.М.
2	Қазақ тілі	Сын есім.53-55 жаттығу	04.03.2024	Куптилеуова А.М.
3	Қазақ тілі	Сын есім.56-59 жаттығу	05.03.2024	Куптилеуова А.М.

Зерттелетін үш оқушыны топ жетекшісімен пән мұғалімдерімен, сынып жетекші және психологпен бірігіп, отырыс барысында бақыланатын оқушылар анықталды. Мұнда:
А оқушы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді.
В оқушы – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі - тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы.
С оқушы – деңгейі- төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ, сылтау тауып, сабақтан қалатын оқушы.
3 «в»сыныбында III-тоқсанда өткізілген ашық сабақтың рефлексивті есебі.
Бірінші зерттеу сабақ қазақ тілі пәнінен «Сын есім 45-52 жаттығу» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ жоспары алдын – ала бірлесіп, жоспарланды.Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы сөздердің байланысын тұжырымдау. Оқушыларға мәтін таратылды, тапсырма мәтінге тақырып қою және мәтіннің түсінігін өз сөзімен жазып, «Ыстық орындық» әдісі арқылы өз ойымен бөлісу болды. Нәтижесінде,А оқушы – өз деңгейінде жауап берді, мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтап, сөздердің байланысын дәлелдеп айтты. Ал В оқушы – тақтаға шығып, түсінгенін жазғанымен, мәтінге тақырып қоя алмады. С оқушы – өз ойын, түсінігін жаза алмады. Оқушының егжей – тегжей оқытылуы бақыланды. Сабақта жаңашыл әдіс –тәсілдер қолданылды. Постер құру барысында оқушылар өте белсенді қатысады,тапсырманы уақытылы орындағылары келіп әрбір топ мүшесі өз жұмыстарын ұқыптылықпен орындады.Бағалаудың басты мақсаттары төменде қысқаша айтылған. Оқушыларымның бойындағы сабаққа деген құлшыныстары керемет әрине мені бұл қуантып тастады.Әрбір сабақ үстінде оқушыларымның өзгергенің байқаймын.Оқушыларым сабақ үстінде өздерінің үнемі ізденіс үстінде екендіктерін көрсетті.Отбасы туралы өз білгендерін бір-бірімен жарыса отыра талқыға салды. Оқушылар өздерінің екі жұлдыз бір тілектерін жазып сабақта шаршамай көптеген қажетті ақпарат алғандарын айтты. Оқушылар бір сабақ бойы істеген жұмыстарына кері байланыс кезінде де белсенділік танытты Топтық жұмыс барысында оқушылар бағдаршамды жақсы пайдаланды,бағалау кезінде бағалау критерии бойынша бағалап оған талдау жасай білді .Екі жұлдыз бір тілекте оқушылар сабақтар куннен кунге қызықты және үйге тапсырмасын орындау барысында да өздерінің ізденіс үстінде екенін айтты.
Сабақ аяқталған соң, зерттеу сабағының жоспары талқыландық және талқылау барысында бірталай ұсыныстар айтылды. Осы ұсыныстарды ескеріп, келесі зерттеу сабағы жоспарланды. Бұл жоспарда оқылым дағдысын қалыптастыруды басты назарда болды. Сабақтан кейін, бақылаудағы оқушылардың сұхбат алынды. «Ыстық орындық» әдісінде оқушылар қобалжып, өз ойларын білдіре алмағаны байқалды. Келесі сабақта оқушыларды орнында отырып жауап беретіндей әдіс таңдау қажеттілігі ескерілді. Сөйтіп, «Интервью» әдісін қолдану жоспарланды.

Екінші зерттеу сабағым қазақ тілі пәні. Мұғалім Куптилеуова А.М. Сабақтың тақырыбы: «Сын есім 53-55жаттығу». Ұсыныстарды **е**скеріп, сабақ жоспары бірлесіп жасалды. Жоспарды зерттеу тобында тағы да талқылап, қайта жоспарлап, соңғы жоспар бойынша сабақ өткізілді. Оқушылар бақыланды. Жоспарлағандай, оқушылар орнында отырып жауап бергендіктен, оқушыларда қобалжу болмады. Сабақта жұптық жұмыс жүргізілді.Жұмыс жасағанда «Өрмекші торы» әдісінің тиімділігін байқалды. А оқушы – жұптық жұмыста ынтымақтаса жұмыс жасады. В оқушысында белсенділік пайда болып, қолын көтеріп, сабаққа қызығушылықпен қатысты. Сол сияқты С оқушысының да сабаққа қызығушылығы оянып, сабаққа қатыса бастағаны сабақтың сәтті жағы болды. Бірақ С оқушы өз ойын толық жеткізе алмады.




Үшінші зерттеу сабағы сабағым қазақ тілі пәні. Мұғалім Куптилеуова А.М. Сабақтың тақырыбы: ***«Сын есім 56-59жаттығу».***

Әуелі сабақты «Сұрақтар қобдишасы» арқылы оқушылардың білімдерін тексерді. Бұл сабақта «Төңкерілген сабақ» әдісі қолданданылды. Тапсырманың орындалуын мәтіннен оқыды. Тапсырманың 1-ші орындалуы мәтіннің мағынасын түсінуге үлкен көмегі болды. Нәтижесінде оқушылар сабақтың ережесін өздері тұжырымдады. Сабақта термин сөздерді өмірде қолдануға арналған тапсырмалар беріліп, оқушылардың қызығушылығы артты. А оқушы – жұпта жұмыс жасап, өзіндегі ақпаратпен бөлісуді үйренді. В оқушысында белсенділік пайда болып, ойын қысылмай, еркін айтуға үйренді. Ал С оқушы сабаққа қызығушылығы оянды. Сабақта оқушылардың сын тұрғысынан ойлаудың бақылау, талдау, мәтінмен жұмыс дағдылары қалыптасқаны байқалды.






Зерттеу сабағының тиімді жақтары:

- Пәнге деген қызығушылық артты;
- Оқушыларда өз-өзіне сенімділік пайда болды;
- Ізденушілік қабілеттері дамыды;
- Сыныпта ынтымақтастық орта қалыптасты;

Зерттеу сабағының тиімсіз жақтары:

- Оқушының шапшаң ойлауына уақыттың аздығы;
- Кейбір оқушылардың ізденушіліктің аздығы:
- Жауапкершіліктің төмендігі.

А деңгейлі оқушы - сабақ материалын толық көлемде меңгеріп, өзін көшбасшы ретінде таныта білді.
В деңгейлі оқушы - сөздік қоры аздау, бірақ тапсырмаларды толық көлемде меңгеріп, орындады.
С деңгейлі оқушы – сабаққа қызығушылық таныта білді, бірақ өз ойын толық жеткізе алмады;
Топтық жұмыста оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығының артты;
Зерттеу тобының мұғалімдері үшін, тәжірибеде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірлесіп зерттеу, мәселелерді бірігіп шешу кәсіби дамуына жақсы әсер етті. Lesson study тобының мұғалімдері бұл тәсіл мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы тәсілі екеніне көз жеткізді.
L.S. төртінші зерттеу сабақтарыын 23.02-11.03.2024ж аралығында 3 «в» сыныбына дүниетану пәнінен Д.Б.Маденова «Қазақ хандығы қалай құрылды?» , «Қазақ жерінің даңқты хандары», «Батырлар-Отанымыздың қорғаны» тақырыптарында тізбектелген зерттеу сабақтары өткізілді.Дәмехан апайдың сабағында оқушылар дүниетану пәніне деген

қызушылықтарын көрсетті.Оқушылар барлық тапсырмаларды ауызша,жазбаша орындап өте белсенділік танытты.Мұғалімнің қойған түрткі,бағыттаушы сұрақтарына да жамырап қол көтеріп жауап берді.Жалпы бұл сабақта байқағанымыз А,В,С деңгейлі оқушылар қазақ хандары туралы қойылған сұрақтар мен берілген тапсырмаларды толық қанды орындап берді.Сабақ соңындағы сұқбатта бірнеше сұрақтар қойдым, өз ойларын ашық айқын жеткізіп, салмақты жауап алдық.Зерттеуші мұғалімдер бақылау парақтарын толтырып,сабақтағы оң сәттермен жақсартуы керек тұстарды пән мұғаліміне ескертіп талқыланды.

№3 Хромтау орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Маденова Дамехан Базарбаевнаның «Lesson study» зерттеу бойынша 3 «в» сыныбының өткізген 1-2-3-зерттеу сабақтарының есебі .

Зерттеу тақырыбы:Оқушылардың білім сапасын жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу арқылы жетілдіру.

23 ақпан, 1 наурыз, 11 наурыз 2024 жылы 3 «в» сыныбында дүниетану пәнінен сабақ өткізілді.Сабақ өткізудің мақсаты дүниетану пәнін оқытуда тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру, қазақ батырлары, ұлы дала билері туралы ұғындыру,шығармашылық қабілетін арттыру, ақыл-ойын, сөздік қорын дамыту міндеті қойылған. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады.Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жаңартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Сондай-ақ, озат педагогикалық технологияларды қолдану, тәжірибесі мол әдіскер ғалымдардың еңбектерінен үлгі алу сабақтың мәнін жоғарылатады.

Сабақ жоспарын құруда «неге үйретуге болады?», «неге қол жеткізуге болады?» деген болжам жасалынды.

Сабағымды психологиялық ақуалмен бастадым. Ынтымықтастық ортаны қалыптастыру мақсатында оқушылар бір-біріне жылы тілектер сыйлайды.

Жұмыс ережесімен келісу жүргізілді.

Алдыңғы білімді еске түсіру мақсатында бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаландым. «Миға шабуыл», «Серпілген сауал» әдісі арқылы бірнеше сұрақтарғажауап берді. Жауаптардың дұрыстығын дәлелдеп, өз ойларымен бөлісті.

Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында сабақты ары қарай «Еркін әңгіме» әдісімен және әртүрлі батырлар мен билердің суреттері арқылы жалғастырдым. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздері сабақтың тақырыбын тауып, көңілдерін сол тақырыпқа дайындады. Жаңа сабақтың тақырыбы ашылып, сабақтың тақырыбы хабарланып, мақсаты таныстырылды.





Әрі қарай «Болжау» әдісі арқылы оқулықпен жұмыс болды. Оқулықта берілген мәтінді өз беттерінше оқып, нәтижесін топта, сонан соң ортаға салып талқылады, талдады.

Әрі қарай картамен жұмыс жүргізілді. Қазақ хандығының аумағын тауып, қазақ хандығының аумағыт тапты. Салыстырып қорытынды жасады. Оқулықта берілген мәтінге байланысты «Еркін әңгіме» әдісі арқылы сұрақтарға жауап берді. Үш батырдың бойынан ортақ қасиеттерін тапты.

Кейбір оқушылар сыни тұрғысынан ойлауларын жетік білдіріп, жан-жақты ойларын жеткізсе, өз ойларын жинақтап, толық жеткізе алмай жатқан оқушыларда болды.Жұппен жұмыс ұйымдастырылды. Оқушылар бірін бірі бағалауда кейбір оқушылар белсенділік танытты. Топтық жұмысты жасау арқылы оқушылар шығармашылықтарын әр түрлі бағытта дамытты. «Ойын» технологиясы арқылы оқушыларға әрі қарай «Қар кесегі» ойыны ойнатылды. Бұл ойында оқушылардың ойлау дағдылары жинақталып, көңілдері серігіп қалды.

Топтық тапсырмаларын қорғау кезінде кейбір оқушылардың тіл байлықтарының, сөздік қорларының аздығынан өз ойларын толық жеткізе алмайтындығы байқалып жатты.

Ойын ойнау кезінде оқушылар қызығушылықпен ойнап, қызықты өткізді.Шығармашылық жұмыс 5 жолды өлең құрастыруда оқушылар белсенділік танытып, кейбір оқушыларрға қиындықтар туғызды.

(А) деңгейіндегі оқушы Серік Нұрсаят сабақтың барлық кезеңдерінде топты алға жетелеп отырды. Сыни тұрғысынан ойлауы жоғары деңгейде болды. Көшбасшылық танытып, сөйлемдер құрастырып, дәлелдей отырып, өз ойын еркін салмақты жеткізді. Тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, көмектесіп, дұрыс жауап беруге ықпал етті

(В) деңгейіндегі оқушы Аймурза Нурсауле шығармашылық тапсырма орындау барысында, сыни тұрғысынан терең ойлана отырып, нақты жауап беріп отырды. Ауызекі сөйлеу тілінің біршама төселіп қалғандығы байқалды. Топтық, жұптық тапсырмаларда ойлау қабілетінің біршама жоғарылағанын , ұжымдық әрекетте, яғни өзге топқа түсіндіргенде өзінің түсінігін өзгелерге жақсы жеткізе білгенін байқауға болады.

(С) деңгейіндегі оқушы Тлеумағамбетова Мәдина топтық жұмыс орындау барысында берілген сөздермен сөйлем құастырып жазуда қателіктер жібермеуге тырысты. Бүгінгі сабақтарда қосымша сұрақтарға жауап беріп, тақта алдына шығып сөйлегенінің өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Бүгінгі сабақта аса қызығушылықпен белсенділік танытқаны байқалды

Қорыта айтсам, оқушылар бір шешімге келуді, дарындылықты анықтауды, сыни тұрғыдан ойлауды да, шығармашылықпен айналысуды да тереңінен түсінуге бағыт алды. Топтасып жұмыс жасауда ойларын еркін айта алуын, дәлелдемелер арқылы постер қорғап, білімдерін кеңейтетінін ұқты. Бағалауда мұғалімге тәуелді болмайтынын, өз білімдерін өздері бағалауға болатынын көрді.

«Ой тастау.Ойланту.Ойлау» технологиясын ықпалдастырып сабақ өткізудің нәтижелі болатынына көз жеткіздім.





Соңғы сауалнама қорытындысы:

Анықтама


Күні: 12.03.2024ж
Класы :3 «В» класс
Тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларының зейінін тексеру
Мақсаты: Оқушылардың зейінінің даму жолдарын анықтау.



Қатысқандар саны:20

Зерттеу қорытындысының пайыздық мөлшері бойынша:

Өте жоғары ұпай алынған жоқ -0%
Жоғары ұпай алған 0 оқушы-0%
Орташа ұпай алған 11оқушы-55%
Төмен ұпай алған 9оқушы-45%
Өте төмен ұпай алған 0 оқушы-0%
Диаграмма№1



Зерттеу қорытындысы бойынша төмен және өте төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен коррекциялық түзету жұмыстары жүргізілді.

Сыныптың зерттеу қорытындысы бойынша сандық және пайыздық мөлшері №1 кесте мен №1 диаграммада көрсетілген.

Ұсыныс: Зейінді тұрақтандыруға байланысты «Көңілды шеңбер» ойынын ұсынар едім.Себебі, бұл ойын оқушылардың зейінін қалыптастыруға, тез қимылдам зейінін аударуға мүмкіндік береді.